

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
Министерство образования и науки Республики Казахстан
Западно-Казахстанский университет им. М.Утемисова

**«ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН: ТАРИХИ ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫ»**

атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы

11 желтоқсан 2020 жыл

Сборник республиканской научно-практической конференции
**«НЕЗАВИСИМЫЙ КАЗАХСТАН: ИСТОРИЧЕСКИЙ ОПЫТ
И РАЗВИТИЕ НАУКИ»**

11 декабря 2020 год

Орал-Уральск

ӘОЖ/УДК 327(574)
КБЖ / ББК 66.4(5Каз)
Т23

Жалпы редакциясы/Общая редакция:

Сергалиев Н.Х., биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ректоры

Редакциялық алқа / Редакционная коллегия:

Ахмеденов Қ.М. – биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, М.Өтемісов атындағы БҚУ ҒЖ және ХБ жөніндегі проректоры

Нестеренко Г.И. – экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, Тарих, экономика және құқық факультетінің деканы

Байбулсинова А.С. – тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы тарихы кафедрасы меңгерушісі

Ихсанова А.Б. – тарих магистрі, Қазақстан Республикасы тарихы кафедрасының оқытушысы

ISBN 978-601-266-493-5

Т23 Тәуелсіз Қазақстан: тарихи тәжірибе және ғылымның дамуы / Независимый Казахстан: исторический опыт и развитие науки: Респ. ғыл.-прак. конф. мақ. жин. / Сб. ст. респ. науч.-прак. конф. – Орал: М.Өтемісов атындағы БҚУ РБО, 2020. – 131 б.

ӘОЖ/УДК 327(574)
КБЖ / ББК 66.4(5Каз)

ISBN 978-601-266-493-5

©М.Өтемісов атындағы БҚМУ РБО, 2020

ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНДЕ ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК ИДЕЯЛАРЫН НАСИХАТТАУ

Билялова Г.Т

*№1 жалпы орта білім беретін мектебінің тарих пәні мұғалімі
Орал, Батыс Қазақстан облысы*

Тұңғыш Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Ұлы дала Әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, Өз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді», -дей отыра, тарихи сананы жаңғырту үшін, ең алдымен, ұлт қаһармандарын үлгі тұтуға, олардың өнегелі өмірі мен артына қалдырған құнды еңбектерін елге, әсіресе жас ұрпаққа кеңінен насихаттауды тапсырған болатын .

XXI ғасыр – ғылыми-педагогикада оқу әрекетін қалыптастыру негізінде оқытудың дамытушы білім ғасыры, бәсеке ғасыры, еліміздің өркениетке ұмтылған өрлеу ғасыры. Осыған орай қазіргі және тәрбиелеуші ықпалының пәрменділігін арттыру көзделеді, яғни оқудағы басымдылық жеке тұлғаны дамыту мен тәрбиелеуге берілді. Ұлт тағдыры, ұлттық мектеп, ұлттық тарих, ұлттық рухани қазына жөнінде жаңаша түсініп, гуманистік сана қалыптасып жатқан бүгінгі кезеңде сонау IX- X ғасырларда өмір сүрген ұлы ғұлама Әл-Фарабидің тәлім-тәрбиелік идеялары, пайымдаулары дәлме-дел келіп, қазіргі педагогика саласында әлі маңыздылығын жоймай отыр.

Әл-Фараби өзінің педагогикалық жүйесінің белгілі құрамды бөлігі ретінде бала тәрбиесі мен оқыту мәселесін алып, баланың жеке және жас ерекшелігіне мән беріп, балаға қамқорлықпен қарап, қарым-қатынас жасауға баса көңіл бөледі. Ежелгі грек ойшылдарына сілтеме жасай отырып ғұлама балаларды белсенді түрде оқытуды 7-8 жасынан бастауды ұсынады [1, 156.].

Фараби оқыту, білім беру мәселелеріне үлкен назар аударып, бұл тұрғыда көптеген түбегейлі, терең пікірлер айтқан. Ол «Философтардың қойған сауалдарына жауаптар» деп аталатын еңбегінде педагогика, оқу, оқыту мәселелеріне қатысты жайларға тоқталады. Мәселен, оқып-үйренуге жаттап алу дұрыс па?, жоқ түсініп алу дұрыс бола ма?- деген сұраққа Фараби: «түсініп алған дұрыс, өйткені барлығын жаттап алу мүмкін емес, оларды белгілі бір байланыстары арқылы ойда топтастыру пайдалы», - деп жауап береді [2].

Қазіргі таңда орта білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты бойынша үздік білім иесі, энциклопедист ғалым Әл-Фарабидің шығармашылығы, тұжырымдамалары ұлттық құндылық ретінде орта мектепте жан-жақты, бастауыш сатыдан орта буынға дейінгі аралықта тиімді байланыс жасай отыра оқытылып жатыр.

Бастауыш сыныптарды Әл-Фараби шығармашылығын оқыту, оның өмірінен қысқаша мәлімет беруден басталып, оның туындыларының негізгі сарынынан хабардар етуден басталған жөн. Әл-Фараби шығармашылығы басқа ғылым салаларымен тығыз байланыста болып келеді. Сол себепті сабақ барысында пәнаралық байланысқа аса көңіл бөлінеді.

Орта буында 6 сынып оқушылары «Қазақ әдебиеті» пәнінен ұлы ғұламаның «Қашықтасың туған жер» өлеңі және «Тіршілікте құрыштай бол төзімді, сан мәрте ел алдаса өзінді» шығармасымен танысады. «Қашықтасың туған жер» өлеңінің өң бойында асқан ұлтжандылық рух пен сезім, туған жерге деген шексіз сағыныш тамаша көркемдікпен өріліп жатады. Өзі туып өскен жері, бүгінгі қазақ даласының табиғи әдемі көріністерін, кең даласын, күз-қияларының айбарлы бейнелерін бедерлі мүсіндейді. Туындымен танысу барысында оқушылар әдеби шығарманың жанр, фабуласын, сюжетін анықтайды. Әл-Фарабидің туған қаласы-Отырар туралы «Отырарда туған ұл» атты әдеби эссе жазып, оқушылар ізденіске баулып, үлкен әсер мен шабыт алары сөзсіз.

Фарабидің пікірінше математика адамның білімін тереңдете түседі, әрі басқа ғылым салаларының дамуына тікелей әсерін тигізеді. Оның математикалық трактаттары осы замандағы математика ілімінің негізі болып табылады. Қазіргі таңда Қазақстан мектептерінде Әл-Фарабидің «Математикалық трактаттары» насихатталып, тригонометрияны оқыту барысында математикалық трактаттарына сілтеме жасалады.

Әл-Фарабидің заманында санасы ашық әрбір мұсылман ислам ғылымымен шұғылдануды парыз еткен. Ұлы ғұламаның діни-философиялық және моральдік көзқарастары туралы 9-сыныптың мектеп бағдарламасында «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінде қарастырылады. Оқушылар жалпы әл-Фараби идеяларының исламмен байланысы тамыры тереңде жатырғандығын, әлемді басқару, мінез-құлық белсенділігі, «бақыт» дәрежесін айқындау сияқты негіздерді түсінуде ислам ілімі мен Фараби мұралары төркіндес екендігін ұғынады.

Тәрбие мәселесі әрбір кезеңде озық ойлы ойшылдар мен тәлімгерлердің еңбектері мен пайымдық ой-пікірлерінен де көрініс тауып отырған. Солардың қатарынан, өз заманында «Екінші Аристотель» атанған Әбу Насыр Әл-Фараби де тыс қалмайды.

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың – қас жауы» деген Әл-Фарабидің атақты қағидасына ХХІ ғасырда өз маңызын жойған жоқ [2, 193б.].

Мектеп қабырғасында ұлы данышпан-ойшыл Әл-Фарабидің нақыл сөздері, олардың негізгі идеялары, яғни, адамгершілік, ізгілік пен қайырымдылық мәселелері жөніндегі фәлсафалық көзқарастарын жас ұрпаққа насихаттау мақсатында тәлім-тәрбиелік шаралар кеңінен ұйымдастырылуда.

Әбу Насыр әл-Фараби өз заманындағы өнер-білімнің ең асылын таңдап ала білді. Өз дәуірінің шынайы энциклопедиясын жасап берді, - дей келе, оның терең мағыналы пікір айтпаған, жете зер салмаған, данышпандық болжам жасамаған бірден-бір саласы жоқ десек артық айтқанымыз емес.

Қорыта келгенде, әл-Фарабидің тәлім-тәрбиелік ойлары мен өнегелі өмірі еліміздің жас өркенін тәрбиелеуде биікке жетелейтін ұлы мұра,баға жетпес құрал дегім келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Әбсаттар Дербісалиев. Қазақ даласының жұлдыздары. – А., 1995.
2. [https:// baribar.kz](https://baribar.kz): Әл-Фарабидің еңбектеріндегі тәлім-тәрбиелік идеялары.
3. Ф.Абдихаева, Е.Балабеков. Тәрбие жүйесіндегі Әл-Фарабидің ой-пікірлері. // Ғұлама. Ойшыл. Ұстаз. (Әл-Фарабидің 1130 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары). –А., 2001.

ӘОЖ / УДК 94 (574)

БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МӘДЕНИ-АҒАРТУ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТАРИХЫ (1965 – 1980 ЖЖ.)

Сұлтан А.Б.

*№1 жалпы орта білім беретін
мектебінің тарих пәні мұғалімі
Орал, Батыс Қазақстан облысы*

Түрі ұлттық мәдениет, оқу мен тәрбие іс жүзінде аударма болды. Соғыстан кейінгі жылдары бірқатар партия және кеңес ұйымдарында мәдениет-тәрбие жұмысын жете бағалатаушылық, бірыңғай шаруашылық істермен шұғылдану фактілері орын алды. Көп жерлерде мәдениет мекемелеріне тек ағартушы ұйымдар ретінде қараушылық кездесіп жүрді.

70-80 жж. ұлттық салт-санадан гөрі кеңестік салт-сана көбірек дәріптелді. Қоғамдық-саяси өмірде европоцентризм басым еді. КСРО халықтары мен ұлттарының дамуындағы орыс мәдениетінің рөлін асыра бағалау етек алды. Біздің тарихымыздың бөліп алуға болмайтын бөлігі болып табылатын көшпелілік өркениеті мен шығыс мәдениетінің бүкіл қабаты жауып тасталды, адамдардың тарихи санасын жою процесі жүрді. Партияның орталық комитеті үнемі жұмысшыларға, әсіресе, жастарға идеологиялық тұрғыда коммунистік тәрбие беруге ерекше мән беріп отыр. Осы міндетті орындауда басты көмекші ретінде мәдени – ағарту мекемелері таңдап алынған.

Осынау мәдени – ағарту мекемелерінің тарихына зер салып қарайтын болсақ, әсіресе зерттеп отырған тақырыбымыз батыс өңіріндегі мекемелерді

кеңінен атап өтер болсақ. 1965 жылы Ақтөбе облысында 165 клубтық мекемелер қызмет жасады. Атап айтсақ 1 облыстық мәдениет үйі, 11 аудандық мәдениет үйі, 28 автоклуб, 115 ауылдық клуб, 5 қызыл отау, 4 қызыл бұрыш және халық шығармашылық үйі. Осы мәдени – ағарту мекемелерінде 667 үйірмелері жұмыс жасап, 8000 адамға қызмет көрсетті. Осы жылы 1409 әртүрлі тақырыпта концерт қойды. Сонымен қатар, 429 тақырыптық кештер және 93 кездесулер ұйымдастырып 1520 дәрістер оқылған[3, 25-п.]. Осы жылдардағы Атырау (Гурьев) облысына тоқталсақ, онда 175 кітапхана, 41 ауылдық мәдениет үйі, 67 автоклуб, 5 қызыл отау, 11 мәдениет үйі, 3 халық театры, 1 облыстық драма театр және 1 облыстық мұражайы жұмыс істеп тұрған[4, 86 п.]. Орал облысында 1965 жылдың бірінші жартысында 145 клуб мекемесі жұмыс жасаған болатын. Ал жоспар бойынша жылдың екінші жартысынан бастап 22 клуб мекемесі қайта ашылуы тиіс, оның ішінде: ауылдық клубтар - 13. автоклубтар - 9. Осы тұрғыда 1965.01.03. облыста мәдениет министірлігіне қарасты 166 клубтық мекеме жұмыс жасады. Атап айтсақ: Облыстық халықтық шығармашылық үйі - 1, аудандық мәдениет үйі - 14, автоклуб - 37, ауылдық клуб - 96, қызыл уй – 16. Сонымен қатар Драма театр – 1, Халықтық театр - 1 (Жалпақтал ауылы), Музей – 2. Осы жылдары Орал облысында 82 елді мекен болса, соның 50-ден астам елді мекенінде мұнда клуб немесе кітапхана болмады, осы нүктелерді реттеу үшін клуб немесе кітапхана орнына қызыл бұрыштар қызмет етті. Клубтардың жетіспеушілігінен бір клуб ғимаратына 3350 адам сиымдылығын құрады [5, 33-п.].

Өңіріміздегі мәдени – ағарту мекемелері сол уақытта елдің саяси өміріне де белсене араласып отырды. Мысалы, 1965 жылы қабылданған социалистік міндеттерді орындау барысында мәдениет мекемелер қызметкерлеріне құрамында 4730 адам бар 355 әуесқой өнер үйірмелеріне 1305 концерттер мен спектакльдер қою тапсырылды. Сонымен қатар, ауылдық клубтар, кітапханалар, мәдениет үйлері партиялық және кеңестік ұйымдардың саяси жұмыстарын өткізетін бірден бір орындары болды. Ауылдық клубтар, кітапхана кітапханалары, мәдениет үйлері ауылдық жерлерде жаппай саяси жұмыс жүргізуде партиялық және кеңестік ұйымдардың тіректері болды.

КОКП Орталық Комитетінің, әсіресе Наурыз Пленарлық отырыстарының шешімдерін ілгерілетуде өте үлкен және маңызды жұмыстар жүргізді. Мысалы, Чапаев, Бөрлі, Орал өңірі, Фурманов және Зеленов аудандарының барлық клубтарында «Наурыз Пленумның шешімдері - өмірде», «1965 жылы біздің колхозымыз не үшін күресеміз» деп безендіріліп плакаттар ілініп, ұрандатылды. Сонымен қатар, «Партиялық жоспарлар – өмірде», «Еңбегі үшін даңқ», «Коммунизм мен еңбек бір-біріне тән», «Ауыл шаруашылығындағы химия», «Коммунизмге жол ашады», «Біздің колхозымыз» деген тақырыптарда тақырыптық кештер өткізілді.

Көктемгі егін егуді дайындау мен өткізу кезінде клубтық мекемелердің жүргізілген жұмыстары аз болмады. Егіншілеріміздің «Біз 7 жұмыс күні ішінде егіс жұмыстарын аяқтаймыз» , «Біз жоғары агротехникалық деңгейде егін егуді жүзеге асырамыз» деген ұрандарға демеу ретінде «Әнге лайық азаматтар » атты концерттік бағдарламалырымен егістік басына барып егіншілерге концерттер қойды. Егін егу кезінде 35 еріктілер командалары жұмыс істеп, олар 7200 көрерменге 110 концерт пен спектакльдер қойып жұмысшылардың жұмыс жасауына қосымша дем беріп кешілік уақытты тиімді өткізуге аса зор үлес қосты. Орақ кезіндегі облыстың барлық мәдени – ағарту мекемелерінің қызметкерлерімен қатар өнерге бейімі бар басқа мамандық жұмысшыларыда өз үлестерін қосты. Оларда мәдениет қызметкерлерімен қатар егіс алқаптарында болды. Мысалы, Бөрлі ауданында кассир – Валентина Попова, дене тәрбиесі пәні мұғалімі – Владимир Пасконов, мұғалім – Ветров т.б. сияқтыларды атауға болады [5, 34 – 35 п.].

1965 жылы ауыл совхоздарының әлеуметтік жағдайын көтеру мақсатында республикамызда 196 миллион қаржы мектеп, клуб, аурухана, балабақша т.б. мекемелер салу мақсатында бөлінді. Алайда бөлінген қаржының 50 миллионы немесе 30 проценті игерілмей қалды. Осының ішінде клуб салуға бөлінген қаржының 78 проценті игерілген болатын. Гурьев және Ақтөбе облыстары берілген қаржыны дұрыс игере алмады [6, 52 -п.]. Осындай олқылықтар нәтижелерінде өңірімізде мәдени – ағарту мекемелерінің жетіспеушілігі кеңінен байқалды. Оған дәлел ретінде Орал облысында бір клубқа 3500 адамнан келсе, ал бір кітапханаға 1900 адамнан келді. Бұған басты себептердің бірі осы уақытқа дейінгі клубтар санының қысқартулары. Өйткені осы уақыттағы ауылдық жерлердегі мәдениет үйлерінің сапасы сын көтермеді және сыйымдылығы да өте аз болды [5, 54 -п.]. Ақтөбе облысында мәдени – ағарту мекемелеріне бюджеттен қаражат бөлінбегендіктен материалдық жағдай нашар болды. Көптеген мекемелер күрделі жөндеуді қажет етіп, апатты жағдай да тұрды. Тек 1965 жылы Қарабұтақ ауданы мен Қобда ауданында мәдениет үйі салынуы жоспарланды [3, 25-п.]. Мысалы Орал облысында ауылдық 96 мәдениет үйі болса оның 14-і ғана 200 – 250 адамға қызмет көрсете алатын болды. Қалған мәдениет үйлерінде 100, кейбіреулерінде тіпті 50 адам ғана қызмет көрсетті. Тіпті кейбір аудан орталықтарында мәдениет үйлері болмады. Олар Казталов, Дарьинск, Чапай, Бөрлі ауылдарын атауға болады. Ал Шілік ауылында мәдениет үйі бұрынғы шіркеу болса, Жалпақтал ауылында бұрынғы мешіт орнында болған. Апатты жағдайдағы мәдениет үйлері Қалмыков, Жәнібек, Жымпиты ауылдарында болды. Осы уақыттағы мәдениет үйлері 1930 жылдары тұрғызылған болатын. Тұрғызылуының өзі де қарабайыр болды. ешқандай іргетассыз тек кірпішпен тұрғызылды, сондықтан да қазіргі уақытта жарамсыз апатты жағдай да жұмыс істеп жатты. Сонымен қатар өте кішігірм және қараңғылау етіп салынған. Қабырғалары тұзды батпақты ылғалды болды. Тек 5 мәдениет үйінде ғана

қосымша үйірмелерге бір бөлмеден болса, екі мәдениет үйі 300 адамды қамти алды. Алайда осы жағдайларға байланысты өңірімізде мәдени ағарту мекемелеріне жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатты. Тек олардың өзінде де тоқтаулар көп болып келісілген мерзімде емес кешіктіріліп жасалып жатты. Мысалға Орал облысының ауылдық жерлердегі 112 мәдениет үйлері мен қызыл отаулар болса соның 32 күрделі, 65 жөндеу жұмыстарын қажет етті. Осы жылы солардың 8-іне күрделі, 30-на жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ал ауылдық жерлердегі 214 кітапхананың 151-і жөндеу жұмыстарын қажет етсе, соның 105-іне жөндеу жұмыстары жүргізілді [5, 54-п.].

Осындай жағдайлардың шешімдерін табу жолында көптеген шараларды іске асырылып, жаңа ғимараттар бой көтерді. Мысалға, Бөрлі ауданы Березовка ауылында 400 орындық, Жалпақтал ауданы Ақкөл ауылында 250 орындық және т.б. Орал қаласы маңындағы ауылдарда мәдениет үйлерін осы жылы аяқтау жоспарланды. Сонымен қатар 1965 – 1966 жылдары облыстың шаруа қожалықтарының «экономиканы нығайту және кеңейту» қоры арқылы мәдениет үйлері салу көзделді [5, 55-п.].

Республикадағы мәдени-ағарту мекемелердің жағдайының нашарлығына байланысты, жұмыстың жай-күйін жақсартуда көптеген қаулылар қабылданып отырды. Солардың бірі, 1966 жылғы 4 маусымдағы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің «Қазақ КСР Мәдениет министрлігінің жұмысы туралы» және КСРО Мәдениет министрлігінің 1966 жылғы 25 наурыздағы «Қазақ КСР мәдениет министрлігінің басшылығымен ауылдағы мәдени-ағарту мекемелер туралы» қаулылар қабылданды.

Қаулылар бойынша:

1. 1967 жылы ауылдық жерлерде мәдени-ағартушылық жұмыстың жоғары деңгейіне жету мақсаты қойылды.

2. 50 жылдыққа дайындық

3. Көркемөнерпаздар фестивальне дайындық.

4. Аудан орталықтарындағы мәдениет – ағарту мекемелерінің мәртебесін өсіру.

Өткен жылы облыстарда дене шынықтыру және мәдениет мекемелері осы қарарларды ескере отырып, Ұлы Октябрь революциясының 50 жылдығына арналған бірқатар маңызды іс-шаралар өткізілді: мәдениет және ағарту қызметкерлерінің съездері мен кездесулері, мәдени және білім беру мекемелерінің қоғамдық шолулары, мерейтойлық мәдениет жарыстары, көркемөнерпаздар фестивалі және де т.б. оздырылды [7, 2-п.].

ҚазКСР Министрлер Кеңесінің 1966 жылғы 4 маусымдағы № 391 қаулысына сәйкес жабдықтарды сатып алуға және клубтық құралдарды жөндеуге бөлінген қаражат өңірлерде толықтай пайдаланылмаған. Мысалы, Гурьев, Орал өңірлік атқарушы комитеттеріне бөлінген 421,7 мың рубльден мәдениет мекемелерінің ғимараттарын күрделі жөндеуіне 241 мың рубль ғана пайдаланылған [7, 3-п.]. Бірақта қаражатты дұрыс игеріп, пайдаланып жатқан облысқа Ақтөбе облысын атауға болады.

Мысалы 1966 жылы Ақтөбе облысындағы Шалқар ауданын да 37,2 мың руб. қаражатқа жаңа мәдениет үйі бой көтерді. Айта кететін жайт, осы уақытқа дейін Шалқар аудан орталығында бірде-бір мәдениет үйі болмаған. 1966 жылы Ақтөбе облысында 134 ауылдық клуб оның ішінде 19-ы колхоздарда болса, 115-ы совхоздарда жұмыс жасады [3, 25-п.].

Партияның XXIII съезі совет адамдарының әл – ауқатын бұрынғыдан да жақсартып отырып, оларға мәдени қызмет етудің дәрежесін арттыра түсу міндетін алға қойды. Съездің бұл талабын жүзеге асыру мақсатында өңіріміздің колхоздары мен совхоздарында, ауыл – селоларында едәуір жұмыс істелді. Еңбек адамдарын мәдени жағынан қамту, мәдени- ағарту мекемелері жұмыстарының дәрежесін олардың өскелең талабына сай ұйымдастыру жөнінде қол жеткен табыстары да аз емес.

Мәдениет мекемелерінің қазіргі таңдағы басты парызы – мәдени ағарту жұмыстарын әр колхоз бен совхоздың алдында тұрған саяси – шаруашылық міндеттерімен ұштастыра жүргізу болып табылады. Демек, селодағы мәдениет орталығы клубтың да, білім ордасы болып саналатын кітапхананың да жұмысы еңбек адамдарының ортасында.

1967 жылы Орал облысында бір драма театр, үш халық театры, облыстық филармония, 250 мәдениет үйі мен клуб, 408 кітапхана 81 автоклуб, 440 киноқондырғы құрамында он мыңға жуық адамы бар көркемөнерпаз үйірмелері қызмет көрсетуде. Үкімет мәдениет мекемелерінің желісін одан әрі ұлғайтып, жақсартуда үздіксіз қамқорлықтар танытуда [8, 1-б.].

Совет үкіметінің алғашқы жылдарында сауатсыздықты жоюда оқу үйлері мектептермен бірдей жұмыс атқарды. Күн сайын кешкілікте оқу үйіне, кітапханаға барып, әдебиет оқу біздің адамдарымыздың өміріне берік енді. Қазір облысымызда әрбір екінші тұрғын – кітапхананың тұрақты оқырманы. Тіпті кейбір ауылдарда тұрғындардың бірде – біреуі қалмай кітапханаға қатынайды. Бесжылдықтың аяғында облыста кітапханалардың саны 250-ден 350 ге дейін өсті. Бұл мерзім ішінде облысымызда 108 жаңа клуб пен кітапхана үйі салынып, пайдалануға берілді. 26 клуб және 17 кітапхана жаңа үйлерге орналастырылды. Биылғы жылыда жиырма үш клубпен он бес кітапханаға арналған құрылыс объектісі пайдалануға берілмек.

Қорыта айтатын болсақ өңіріміздегі мәдени – ағарту мекемелері көптеген кемшіліктері болса да саны мен сапасы жағынан алға жылжуы болды. Оған дәлел ретінде жылма – жыл саны артып жатқан мекемелерді атауға болады. Алайда одан басқа шешімі таппаған әлі біраз мәселелер болды. Атап айтсақ, әліде жаңа ғимараттардың бой көтерілуі қажет. Сонымен қатар, кадр мәселесінде көптеген жұмыстар атқарылуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – А., «Атамұра». 1999.-296 бет.

2. Қазақстан тарихы бес томдық – 4 том.- Алматы: «Атамұра» -2010. – 751 б.
3. Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Мұрағаты, (бұдан әрі қарай ҚРОММ) 1890 қор. 01 тізбе. 2255 іс.
4. ҚРОММ 1890 қор. 01 тізбе. 2248 іс.
5. ҚРОММ 1890 қор. 01 тізбе. 2256 іс.
6. Қазақстан Республикасының Президенті Архиві, (бұдан әрі қарай ҚРПА), 708 қор. 40 тізбе. 241 іс.
7. ҚРОММ 1890 қор. 01 тізбе. 2345 іс.
8. Мәдени – ағарту жұмысының дәрежесі жоғары болсын.// Орал өңірі. – 1967, - 27 қыркүйек

ӘОЖ / УДК 94 (574) (XVIII-XIX ғғ.)

БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОҚУ-АҒARTY САЛАСЫНДАҒЫ ОТАРШЫЛДЫҚ САЯСАТ

Амангелдиев М.Б.

*№1 жалпы орта білім беретін
мектебінің тарих пәні мұғалімі
Орал, Батыс Қазақстан облысы*

XIX ғасырдың аяғы - XX ғасырдың басындағы Батыс Қазақстан аумағындағы тұрғындар жергілікті халықтар, әскери-шаруа сословиесі - казактардан және қоныстанушы орыс - украин шаруалары және басқа аздаған ұлт өкілдерінен тұрды. Батыс Қазақстан аумағының басым бөлігі 1867–1868 жылдардағы әкімшілік-территориялық бөліністер негізінде Орал, Торғай облыстарының құрамында болды.

1891 жылы 25 наурызда “Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы ереже” қабылданды. Жетісу мен Сырдария облыстары Түркістан генерал - губернаторлығына бағынса, Ақмола және Семей облыстары Батыс Сібір генерал - губернаторлығына, Орал және Торғай облыстары Орынбор генерал-губернаторлығына бағынды. Бұл кезеңде облыстардың шекаралары тұрақталып, уездер қайта құрылды. Орал облысында Ембі және Калмыков уездерінің негізінде жаңа Темір және Калмыков уездері құрылды. Торғай облысында 1891 жылы Елек уезі Ақтөбе, ал Николаевск уезі 1895 жылы Қостанай уезі болып қайта аталды.

Міне, отарлықтың қамытын киюдің үстіне қоса, түрлі реформаларды басынан кешірген отарлық өлкеге осылай айналды.

1897 жылғы мәлімет бойынша Орал облысы басқа аймақтармен салыстырғанда әр түрлі оқу орындарының көптігімен ерекшеленеді. Облыста жеке мектептер мен мешіт, медреселер жанындағыларды есептемегенде 166 оқу орны болды. Онда 5 432 ер, 1 703 қыз бала оқыды.

Оның ішінде уездерде 129 оқу орны, онда 3 340 ер, 747 қыз бала оқыды. Ерлерге қарағанда әйелдердің сауаттылық деңгейінің төмендігін осыдан көруге болады.

1897 жылғы Батыс Қазақстан аймағы тұрғындарының әлеуметтік-демографиялық жағдайы I Бүкілресейлік халық санағында көрініс тапты.

Маңғышлақ уезі бойынша алғашқы мектеп 1868 жылы форт - Александровскіде ашылған болатын. Оны бір класты уездік училище деп атады. Сонымен қатар Маңғышлақта мектеп - медреселер жұмыс жасап, 1886 жылы мұнда 21 мұсылман мектеп - медресесі болды. 1873 жылы Николаевск станицасында мектеп ашылып, 1896 жылы мұнда бір класты әйелдер училищесі, ал Долгое мекенінде екі класты училище ашылды [1, 4-5 б.].

Білім беру арқылы орыстандыру патшалық Ресейдің ұлттық саясатының басты мақсаты болды. XIX ғасырдың 60-70 жылдарындағы Қазақстандағы орыс отарлық-әкімшілік басқару жүйесі орыстандыру саясатын жүргізу үшін қазақ жеріне дендеп ерудің айла-тәсілін іздестіріп, «орыс-түзем», «орыс-қазақ» деген аралас мектептер мен «сауат ашу мектебі» деген білім ордасын ашу арқылы орыстандыру саясатына кірісіп кетті. Бұл мектептердің алғашында, өкіметке пайдалы тілмаш дайындау, сауат ашу мақсатында ашылғанын мәлімдесе, уақыт өте келе отаршыл өкімет бұл оқу ордаларының қазақ халқын орыстандыру мен шоқындыруда таптырмас құрал екендігіне көздері жетті.

Қазақ даласында XIX ғасырдың ортасына дейін тек Жәңгірдің мектебінен басқа, аралас мектептер болған емес. 1867-1868 жылғы әкімшілік басқару реформасынан кейін Қазақстанда орысша білім беретін орыс-қазақ мектептері көптеп ашыла бастады.

1870 жылдары қазақ қоғамына миссионерлердің легі келе бастады. Олар қазақ топырағына христиандықтың ұрығын сеуіп, орыстандыру атты рухани майдан ашты. Орысша білім берудегі миссионерлердің қызметі туралы Ресейдің ағарту министрлігінің нұсқауында «Ресей империясының шет аймақтардағы халықтарға білім беру миссионерлік қызмет. Ал, бұл - осы қызметті атқарушы миссионерлердің жергілікті халықтармен рухани соғысының басталуы. Соғыста жаулар өздерінің түпкі мақсатын еш уақытта ашық айтпайды», - деп отаршылдардың ойын құпия ретінде миссионерлерге арнайы нұсқау арқылы жеткізіп отырды. Бұл белгісіз соғыс саясаты - орыстандыру мен шоқындыру болды [2, 59-б.].

XIX ғасырдың 80-жылдарында қазақтарды орыстандыру саясатын іс жүзіне асыру үшін орыс-қазақ мектептерінде білім беру отаршыл миссионер Ильминскийдің жана әдістемесі бойынша іске асты.

Қазақ балаларына арналып ашылған орыс-қазақ мектептерінің міндеттері туралы отаршыл миссионер Алекторов былай деп анықтама береді:

«... Орыс емес халықтардың балаларын бастауыш мектептерінде орысша оқытуды батыл енгізу арқылы орыстандырып, орыс тілін жетік

білгізіп, оларды орыс халқымен жақындастырып, Ресей империясына адал болатын азаматқа айналдыру керек» [2, 61-б.].

XIX ғасырдың соңында қазақ даласында орысша оқытатын білім берудің үш жүйесі болды. Бірінші, екі жылдық ауыл мектебі; екінші, болыстық 4 жылдық орыс-қазақ бастауыш мектебі; үшіншісі, екі сыныптық 6 жылдық мектептер.

Орал облысындағы мектептер тұрақты түрде ауылдарда жұмыс істеді. Ауылдардың арақашықтықтары алпыс-жетпіс шақырым болды. Ауыл мектептеріндегі мұғалімдердің білім беру деңгейін бақылау қиындық тудырды. Мектептерде оқулықтардың жетіспеуі білім сапасының төмендеуіне әсер етті. Қазақтардың ауыл мектептеріне балаларын оқытуға мүмкіндіктері жоқ болды.

XX ғасырдың алғашқы онжылдығында Орал облысында кей болыс мектептерінің жағдайы жақсырақ болды. Өйткені, орыс-қазақ мектептерінің кейбіреуінде интернат үйі болды. Орал облысында уез мектептеріне жылдық мөлшерде 5273 сом бөліп отырды. Бір жылдық орыс-қазақ мектебін ұстауға жылына 2817 сом бөлінді [2, 62-б.].

Орыс-қазақ аралас мектептері мен ауыл мектептерінде орыстандыру саясаты айтарлықтай оң нәтиже бермеді. Ильминскийдің білім беру жүйесін жаңаша жүргізуді ұсынғанымен, ауыл мектептерінде қазақ тілінде сабақ беретін мұғалімдер жетіспеді. Олар татар молдаларынан бас тартты. Сөйтіп ауыл мектептерінде білім беру орыс тілінде жүргізілді. Бұл мәселе 1912 жылы Орынбор білім беру округінде өткен мұғалімдер мен инспекторлар съезінде арнайы мәселе болып қаралды. Съезде ауыл мектептері қазақтардың білім алуға деген мұқтажын қанағаттандыра алмады. Сондықтан қазақтарға орыс тілін оқыту үшін жалпы білім беретін интернаттар ашу қажет деп шешті. Ауыл мектептері орыстандыру саясатына кедергі болады деген ой-пікір съезд шешімдерінде былай айтылды: «преобразовать аульные школы грамоты в одноклассные русско-иностранческие училище с устройством на местах, где это потребуется, интернатов и общежитий для учащихся на местные средства...» [2, 62-б.].

Деректер бізге қазақ топырағына арнайы жіберілген «ағартушылардың» іс-әрекеттері іс жүзінде халықты сауаттандыру емес, халықты рухани отарлау мақсатын көздегендігін айқындай түседі.

XIX ғасырдың 60-90 жылдарында орыс-қазақ мектептері көбейіп, қазақ даласындағы мұсылман халықтарының білім алып отырған мектептері мен медреселері үкіметтің мүддесіне сәйкес бейімделіп, қазақ даласының ерекшелігіне қарай мамандар дайындайтын біраз оқу орындары көптеп іске қосыла бастады. Мысалы, 1868-1896 жылдарда Орал облысында 24 орыс-қазақ мектебі, казак станицаларында 47 және 37 шіркеу мектептерімен қоса 10 болыстық орыс-қазақ мектебі, ал 1901 жылы Орал облысында 416 орыс-қазақ мектептері жұмыс істеді [2, 70-б.].

Орал облысында 1903 жылы мектеп жасындағы 41268 баланың 39633 баласы, яғни, 95,6 пайызы мектепке бармады. [2, 70-б.]. Бұл мәліметтер

патшалық Ресейдің әкімшілік басқару жүйесінің қазақтарға білім беру ісінде жандары ашымағандығын көрсетеді. Сол замандарда қазақтар балаларына білім беруге ынталы болғандығын көреміз. 1902 жылы Орал облысында ашылған орыс-қазақ мектептеріне балаларын оқытуға кезекке тұрып, балаларын орналастыра алмаған ата-аналардың наразылығы болғандығын жазады [3, 31-б.].

Патшалық Ресейдің рухани-мәдени отарлау саясаты - қазақ халқын белгілі бір дәрежеде білім беруде өздеріне мәңгі тәуелді ету, қазақтарды орыстандыру мен шоқындыру арқылы Ресейлік бір халыққа айналдыру болса, қазақтар үшін білім алу, ұлттық сананы ояту, өркениетті халықтарға тән тәсілдерін меңгеру халықтың тілін, дінін сақтап қалу үшін қажет еді. Осылай қарама-қарсы күштердің мақсат-мүдделері бір мәселенің, дәлірек айтқанда, оқыту, білім беру мәселелері төңірегінде түйісті. Бұл жағдай ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы Қазақстанда айқын көрініс тапты. Патшалық Ресейдің Қазақстанда орысша білім беру арқылы өз отарлық саясатын батыл жүргізуі, қазақтардың қолымен өздеріне жағымды шенеуніктерді билік жүргізу үшін пайдалана білуі қазақ елінде көптеген өзгерістерді дүниеге әкелді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Культурное строительство на Мангышлаке (1918-1940 гг.) // Сборник документов. – Актау, 1996. – 393 с.
2. Мәшімбаев С.М. Мәшімбаева Г.С. Патшалық Ресей және Кеңес империяларының Қазақстандағы рухани отарлау саясатының зардаптары (ХІХ ғасырдың 70-80 жылдары – ХХІ ғасырдың басы). – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 268 б.
3. Обзор Уральской области за 1902 // <http://elib.shpl.ru>.

ӘОЖ / УДК 930 (092)

ІЗГІЛІКТІ МҰРАТ ЕТКЕН ӘЛ-ФАРАБИ

Жайланов А.С.

*№27 физика-математика бағытындағы
мектеп-лицейінің тарих пәні мұғалімі, Орал*

Есімі дүние жүзіне мәлім болып, ғылыми және мәдени мұралары ғасырлар бойы ардақталып, ұрпақтан-ұрпаққа сақталып келе жатқан ғалымдар тарихта аса көп емес. Қазақ топырағының көкірегі ояу, көзі ашық, ойшыл азаматтары бүкіл араб-парсы мәдениетін меңгеріп, өз шығармаларын көпке ортақ тілде жаза біліп, кейінгі ұрпақтарына мұра етіп қалдыра білді. Олардың ішінде аты әлемге жайылғандары да аз емес. Солардың бірі – бәрімізге танымал ұлы ғалым, Батыс пен Шығысты терең

білімімен бас идірген Әбу Насыр әл-Фараби. Ол 870-950 жылдары Сырдария бойындағы Отырар қаласында туып өскен. Әл-Фараби бабамыз бала кезінен сол дәуірдегі өркениет пен мәдениеттің ірі орталықтары саналған Бұхара, Самарқан, Мерф, Бағдат, Харран, Рей, Каир, Алеппа, Шам қалаларында болып, үнемі білімін жетілдіріп тұрды. Жасөспірім шағында елге келген керуенмен ілесіп, Бағдатқа барады. Әл-Фараби сауатын түркі тілінде ашып, өзін ақын-күйші, әнші ретінде танытқан. Ғұламаның өлеңдерінен үзінділер де сақталған және күйшілігі туралы деректер де кездеседі. Әл-Фараби өмір сүрген заманда бүкіл Орта Азия мен Түркістан Араб халифатының ықпалында болғандықтан, халық қарым-қатынас жасау үшін араб, парсы, түркі тілдерін қатар қолданған. Солар секілді Әл-Фараби де бірнеше тілдерді жетік меңгерген.

Әлемге әйгілі ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің ең танымал еңбектерінің бірі – «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат». Қоғамтану теориясы мен практикасы саласындағы құнды еңбек болған бұл кітаптың түпнұсқасы араб тілінде жазылған. Араб тіліндегі атауы – «Китаб ‘ара’ ‘ахл ал-мадйна ал-фадила».

Әбу Насыр әл-Фараби бұл кітаптың алғашқы нұсқасын «Китаб ас-сийаса ал-маданиййа» деген атпен 942 жылы жазған. Ал толық нұсқасын 948 жылы Мысырда аяқтаған.

Кітаптың көшірілген нұсқалары әлемнің бірнеше музейлерінде, мұрағаттары мен кітапханасында сақталған. Атап айтқанда Британия музейінде және Оксфорд университетінің Бодлиан кітапханасы қорында бұл еңбектің бірегей нұсқалары бар.

Бұл кітаптың маңыздылығы – автордың өз еңбегінде қала болып қауымдасып өмір сүретін адамзат баласының өзара ешбір қайшылықсыз, мінсіз идеал қоғамы қандай болуы керектігін жан-жақты сипаттауында десе де болады.

«Әлемнің екінші ұстазы» атанған ойшыл ғалым Әбу Насыр әл-Фараби өзіне дейінгі грек философтарының мінсіз мемлекет туралы идеяларын дамыта отырып, өзіндік тұжырым-қорытындыларын ұсынады. Ғалым ізгі қала тұрғындары қалай болуы керек, оның жағымды-жағымсыз, дарынды-дарынсыз басшысына тән сипат-белгілер қандай болуы керек жайлы жан-жақты талдау жасайды. Әбу Насыр әл-Фарабидің қайырымды қоғам құрудың қолайлы жолдарын іздейтін алты бөлімді шығармасына қысқаша шолып өтсек.

• Бірінші бөлімде Алла-Тағаланың болмысы және оның сипаттары, есімдері туралы қарастырылады.

• Екінші бөлімде рухани жандар мен періштелер болмысы және аспан денелері туралы қарастырылған.

• Үшінші бөлімде аспан денелері мен ғаламшарлық материалдық денелердің өзара байланысы туралы айтылады.

- Төртінші бөлімде адам және оның жан, тән қуаттары, еркек пен әйел және олардан жаратылатын баланың морфологиялық, физиологиялық, психологиялық даму ерекшеліктері туралы қарастырылады.

- Бесінші бөлімде адамның өз қалауы арқылы бар болған нәрселер мен адам қоғамы және оған не қажет, осы қоғамның жіктелуі сияқты жағдайларға сипаттама беріледі. «Қайырымды қала тұрғындары» кімдер, бұл қаланы құрайтын адамдардың ерекшелігі туралы айтылған.

- Алтыншы, соңғы бөлімде надан көзқарастар мен қоғамдар, надан қалалар мен надан басшылықтар, олардың іс-әрекетінің салдарлары туралы баяндалады.

Кез келген мемлекеттің күш-қуаты мығым, бірлігі бекем, тірлігі түзу болуы үшін қажет жағдайдың бірі – биліктің мығым болуы екендігін сонау грек ойшылдарынан бастап, қазақ даласында туған ұлы ұстаз Әбу Насыр әл-Фараби мен Еуропадан шыққан билік теоретигі Никколо Маккиавелийге дейін көптеген ғалымдар өз тұжырымдарын қалдырған. Бұл ой-пікірлердің бәрі қай заманда болмасын, өзекті болып келген және біздің жас мемлекетіміз үшін де ерекше маңызды. Фарабтық Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз мемлекет басшысының бойынан табылуы тиіс он екі ізгі қасиетті атап көрсете отырып, «Қайырымды қаланы» (біздің қазіргі ұғымымыздағы мемлекетті) дәл осындай адам билеуі керек деген ойды айтады.

Әл-Фарабидің ізгі қоғам туралы ойларына қарап, «ізгі қаланың» яғни мемлекеттің лайықты гүлденіп, өмір сүруі үшін жеке тұлғаның қаншалықты маңызды екендігіне баса мән бергендігін аңғарамыз. Жеке тұлғаның немесе ел басшысының мемлекет дамуындағы рөлі қашан да жоғары болып келген және қазір де солай десек қателеспесіміз. Әбу Насыр әл-Фараби «Қайырымды қала» туралы еңбегінде қала тұрғындарының бақытты болуының үлкен кілті – бірінші басшыға байланысты екендігіне баса назар аудартады. Қайырымды қаланың бірінші басшысы – ол қайырымды халықтың, тіпті жер жүзін мекендейтін барша жұрттың басшысы да бола алатындығын айтады.

Әбу Насыр әл-Фарабидің пікірінше «қайырымды қала» басшысы болу үшін жақсы қасиеттермен қоса, билеуші болуға деген бейімділік, дарын тіпті ұмтылыс болуы керек екен. «Қайырымды қаланы әрбір кез-келген адам билей бермекші емес, өйткені, ел билеу – екі бірдей нәрсеге байланысты: біріншіден, билемек адамның өз жаратылысында ел билеуге қаншалықты әзір екеніне байланысты, екіншіден, билеуші адамның еріктен қуат алып отыратын жағдайы мен қабілетіне байланысты. Жаратылысында ел билеуге кім бейім болса, билік соның үлесіне тимек.»

Әл-Фараби өз туындысында феномен басшының даналық, көрегендік қасиетін әрдайым жоғарыға қояды. Басшының қабілетсіздігінен, біліксіздігінен қала құлдырап, құрыпта кетуі мүмкін екендігін айтып отыр.

Сонымен қатар Әл-Фараби жазып қалдырған трактаттар жинағында «қайырымды қаламен» қатар, «қайырымсыз қалалар да бар. «Ол қаланың

тұрғындары ешқашан бақыт дегенді білмеген, оған жету олардың ойына да кірмеген», - деп «бақытсыз», «қайырымсыз» қалаға сипаттама береді. Бұлардың ең үлкен қателігі – бақыт жолына бірге жұмылып ұмтылмауында: «Бақыт – әрбір адам ұмтылатын ұлы мақсат», - деген тұжырым жасаған Әбу Насыр әл-Фарабидің бұл идеялары орта ғасырлық Еуропадағы мемлекетті басқаруға қатысты гуманистік ілімдердің туып-қалыптасуына зор ықпал етті. Ағылшын ғалымы Томас Мор «Утопия» атты өз еңбегінде жеке меншікке негізделген қоғамды, өз заманының әлеуметтік-саяси қатынастарын негізге ала отырып, қоғамдық меншікке негізделген қоғамдық құрылысты бейнеледі. Томас Мордың қиялдағы қоғам адамдары демократиялық басқару, еңбек теңдігі жағдайында өмір сүріп, күніне алты сағат жұмыс істеп, қалған уақытында ғылым мен өнермен айналысып, үнемі өзін өзі рухани жетілдірумен шұғылданбақ.

Әл-Фарабидің «Қайырымды қаласы» Томас Мордың утопиялық туындысына әсер етсе, өз кезегінде бұл туынды да өзге еуропалық философтарға үлкен әсер еткені анық. «Адамдар бірлестігі шынайы бақытқа жеткізетін істерде өзара көмектесу мақсатын қойған қала қайырымды қала болып табылады, ал адамдары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын қоғам – қайырымды қоғам», - деген Әл-Фарабидің тұжырымы италияндық социал-утопист Томазо Кампанелланың (1568-1639) ұжым туралы ой-пікірлеріне негіз болды. Томас Мордан кейінгі еуропалық ең көрнекті утопист-социалист Кампанелла өзінің «Күн қаласы» атты еңбегінде осындай тұжырымдарды көтерді. Томас Мордың «Утопиясынан» «Күн қаласының өзіндік ерекшелігі – өндіріс ұясы отбасы емес, бригада немесе ұстахана болады. Кампанелланың бұлай деуі бүгінгі еңбек ұжымының құрылымын дәл бағамдаған еді. Күн қаласындағы билік пен басқару азаматтарды тәрбие арқылы бағындыруға; ғалымдардың ролін арттыруға; мемлекетті басқарудағы халықтың қатысымдылығын жоғары ұстауға негізделеді деп санаған Кампанелла құлдықты, құл иеленушілікті сынады. Мемлекет құқық, әділ сот және жазаға негізделеді деп көрсетіп, тирандыққа ешбір жол жоқ деп нақты белгіледі. Кампанелла ұсынған бұл ой-тұжырымдардың да бүгінгі демократиялық қоғамда көрініс тауып отырғанын анық сезінуге болады.

Қорыта айтқанда, ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың «Қайырымды қала туралы» трактаттар жинағы – әлемдік ақыл-ой қазынасының қымбат жауқарының бірі ретінде адамзат баласының игілігіне қызмет ете бермек. Сонау орта ғасырларда аталған еңбекке қандай қызығушылық танытылса, қазіргі адамзат қоғамы да бұл еңбекті кәдеге жаратып, ондағы ой-тұжырымдардан сабақ ала берері сөзсіз. Әл-Фарабидің «қайырымды қала тұрғындары» мен қазақтың кешегі көшпелі қоғам өкілдерінің халыққа ұнамды мемлекет ұғымы турасындағы ой-пікірлерінің ұқсастығына да тоқталдық. Мұны адамзат қоғамына жайлы да мінсіз мемлекет құруға деген мәңгілік ұмтылыс шығарма деп санасақ қателеспейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбу Насыр әл-Фараби. «Қайырымды қала» - Алматы, RS: Халықаралық Абай клубы, 2015. – 284 б.
2. Әбу Насыр әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары / Құраст.: Ә. Нысанбаев, Ғ. Құрманғалиева, Ж. Сандыбаев. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 656 б.

ӘОЖ / УДК 94 (574) 930

БӨРЛІ АУЫЛЫНЫҢ ТАРИХЫ МЕН БАЙМҰХАМЕД СҮЛТАНДЫ БАЙЛАНЫСТЫРАТЫН НЕ?

Курумбаев А.Ш.

*«Ғылыми зерттеулерді қолдау қоры»
жеке қорының директоры,
тарих магистрі, Орал қаласы.*

Бөрлі ауданы – еліміздің ең серпінді дамып келе жатқан, бай тарихында із қалдырған даңқты оқиғаларға толы қасиетті өлке. Бөрлі өңірінің әкімшілік-аумақтық құрылымы, экономикалық – шаруашылық әлеуеті, табиғи және қазба байлықтары, көне заманнан қазіргі кезге дейінгі тарихи жан-жақты дамыған. Қасиеті ерекше, тарихы терең, қазынаға бай өлке екендігі сөзсіз.

Бөрлі ауданы, XVIII ғасырдың басынан өзінің апта сайынғы базарлары мен танымал қазіргі Бөрлі селосының маңындағы бор қыртыстары бар жерге байланысты өз атауын қазақтың «Борлы» деген сөзінен алған. Қазақтар мал, жүн және олардан жасалған өнімдерді, былғарылар сатқан. Орыс, татар, башқұрт саудагерлері қағаз, метал бұйымдарын, киімдерді, үй жабдықтарын әкеліп сатқан. Кеңес үкіметі жылдары Бөрлі ауданының аумағы өзінің әкімшілік бағыныштылығын бірнеше рет өзгертті.

1920 жылдан 1927 жылға дейін Бөрлі болысы Орынбор облысының Илек уезінің құрамына кірді. 1927 жылдың наурыз айынан 1928 жылғы қаңтар айына дейін Орал облысының, Орал уезінің, 1928 жылдан осы облыстың Зауральный ауданының құрамында болды 1936 жылы теміржол құрылысының аяқталуына және Бөрлі ауданының құрылуына байланысты Қазақстан стансасына астық қабылдау пункті ауыстырылды. 1940 жылы Қазақстан стансасы қала үлгісіндегі (типтес) поселке болып қайта құрылды. Аудан аумағы ішінара өзгерістерге ұшырап, алайда тұтастай алғанда әкімшілік-аумақтық негіздеу үрдісі аяқталды. Қарашығанақ мұнай-газ кеніші орнын игерудің басталуымен ауданның маңызы облыс өмірінде ғана емес, бүкіл Қазақстанда күрт шарықтады [1].

Бұл өлке тарихи тұлғаларға кенде емес және көптеген тарихи құжаттардан өлкеге қатысты мәліметтер көптеп кездеседі. Мысалға іс РФ Орынбор орталық мемлекеттік мұрағатынан табылған сұлтан Баймұхамбет Айшуақұлы туралы құжат зер саларлық. Істің аты: «Утва өзені сағасына Орданың бастыс бөлігінің билеуші сұлтанына ағаш үй салуға рұқсат беру туралы іс». Алдымен, сұлтан Баймұхамбет Айшуақұлы кім деген сұрақ келеді? Баймұхамед Айшуақов (Баймағамбет) (1790 — 30.3.1847) — сұлтан, генерал-майор. Кіші жүзді билеген Айшуақ ханның баласы, Әбілқайыр ханның немересі. Сауатын ауылда ашып, араб, орыс тілдерін меңгерген. 1815 жылы Жетіру билеушісі болып тағайындалды. Айшуақов Қазақстандағы патша үкіметінің саясатына қолдау көрсеткені үшін әскери старшина (1836 жылдан), подполковник (1839), полковник (1840) шендерін алған [2, 80-б.]. Баймағамбет сұлтан мен Махамбеттің кездесуінде Махамбет батырдың жыры әлі күнге дейін сақталған [3, 6-б.]. Баймағамбет сұлтан – тарихи тұлға. Ол өз заманында, өзіне тиесілі бағасын алып қойғаны белгілі. Бірақта, жоғарыда көрсетілген тарихи құжатта:

Орынбор шекара комиссиясының төрағасы Г. Орданың батыс бөлігінің билеушісі Сұлтан Баймұхамбет Айчувақовқа Утва өзенінің сағасында үй салуға рұқсат беру туралы іс.

1836 жылдың 18 мамырында басталды.

Орынбор әскери губернаторы генерал-адъютант мырзаға және Перовский кавалеріне.

Төрағасының Орынбор шекара комиссиясы.

Баянат.

Орданың батыс бөлігінің билеушісі әскери старшинасы Сұлтан Баймұхамед Айчувақов өз қызметін ыңғайлы атқару үшін Иртең форпостына қарсы сызықта Утва өзенінің сағасында ағаш үй салуды сұрайды. Оның айтуынша, Орал казактарының атаманы Г. Покатилов өз тарапынан үйді тұрғызу үшін талассыз және ыңғайлы жер үшін және шөп шабындықтардың малын азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін көмек көрсетуге уәде берген. Жоғары мәртебеңізді құрметтей отырып, мені өз ұйғарымымен рұқсатта құрметпен өтінішіңізді қарауыңызды өте зор мәртебе санаймын. Генерал-майор 15 мамыр 1836 жыл. № 27 Орынбор [4, 2-п.]. Осылайша Баймағамбет сұлтан Орынбор әскери губернаторынан өзіне ағаш үй салу үшін жер сұрайды. Бұл баянат бірнеше рет қаралып, соңында мынандай баянат (рапорт) жазылады.

9 маусым 1836 №2044

Орынбор әскери губернаторы Генерал-адъютант мырзаға және Перовский кавалеріне.

Орынбор шекара комиссиясының төрағасы

Баянат

Жоғары Мәртебелі Сіздің осы жылғы 5 маусымдағы № 852 ұйғарымы бойынша, Орданың батыс бөлігінің билеушісі Сұлтан Ғ. әскери старшинасы Бай – Мұхаммед Айчуваковқа оның өтініші бойынша Утва өзенінің сағасынан он верста оңтүстікке қарай, мен жоғары мәртебелі Сұлтан Бай-Мұхаммед пен Орал казак әскерінің жазалау атаманы Ғ. Покатиловқа, оларды орындау жағынан жататын адамдар үшін осындай рұқсат беру туралы мәлімдеймін.

Жоғары Мәртебелі Сізге құрметпен жеткізу құрметіне ие.


Генерал Майор... 9 маусым 1836 №41, Орынбор [4, 5-п.].


Қазіргі Бөрлі ауданының Бөрлі ауылында халық арасында кең таралған белгісіз сұлтанның ағаш үйі сақталғаныда мәлім. Ендігі кезекте қазіргі Бөрлі ауылының және жоғарыдағы құжатта көрсетілген Баймағанбет сұлтанға берілген Утва өзенінің сағасынан оңтүстікке қарай он верст қашықтықтағы жерді, Ресей Үкіметінің ХІХ ғасырлардағы карталарды компьютерлік программалармен беттестірсек, сәйкес келетінін көреміз. Карталардың беттестірілген суреттері төменде:

Сурет А.









Бөрлі ауылының іргетасы жоғарыдағы карталардың сәйкес келуімен, тарихи құжатта Баймағанбет сұлтанға Орынбор шекара комиссиясының 9 маусым 1836 жылы үй тұрғызуға рұқсат беруімен негізі қаланды деп айтуға толықтай негіз бар.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Бөрлі ауданының тарихы» <http://www.turizmzko.kz/kz/oblastnoi-centr-turizma-v-uralske/2250> Пайданылған уақыты: 29.03.2019 ж., сағ.:19:00
2. Нысанбаев Ә. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия //– Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998, - 720 б.
3. Бисенғалиева А. «Махамбеттің Баймағанбетпен кездесуі» // Орал өңірі, №28(256) 16 тамыз 2013 жыл, - 18 бет.
4. РФ Орынбор орталық мемлекеттік мұрағаты 6-қор, 10-тізбе, 4493-іс.

АЙБЫНДЫ ҰЛЫҚ ҰЛЫС-АЛТЫН ОРДА-ҚАЗАҚ ҰЛТЫ ТАРИХЫНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ ҒӘМ ДӘУІРЛЕР ТОҒЫСЫНДАҒЫ АСАН ҚАЙҒЫ СӘБИТҰЛЫ

Ильясов А.Ж.


*Ақсай қаласының №3 жалпы
орта білім беретін мектебі,
тарих пәнінің мұғалімі*

Алтын Орда дәуірінде Қазақстан аумағы үш моңғол ұлысының құрамына енді: үлкен (далалық) бөлігі Жошы ұлысына, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан Шағатай ұлысына, Жетісудың солтүстік-шығыс бөлігі Үгедей ұлысына қарады. Жошы ұлысы Ертістен батысқа қарайғы ұлан-ғайыр жерді, Жетісудың солтүстік бөлігі мен бүкіл Дешті-Қыпшақты, Еділдің төменгі бойын қоса алып жатты. Шағатай ұлысы жоғарыда аталған жерге қоса, Шығыс Түркістан мен Мәуереннахрды қамтыды. Үгедей Батыс Моңғолияны, Жоғарғы Ертіс пен Тарбағатайды биледі. Шыңғыс ұлдары өз ұлыстарын тәуелсіз иеліктерге айналдыруға тырысты. 1227 ж. Шыңғыс хан өлгеннен кейін бұл ұмтылыс күшейе түсіп, империя бірнеше тәуелсіз мемлекеттерге ыдырап кетті.

1227 ж. Жошы өлген соң орнына ұлы Батый отырды. Ол Батыс Дешті-Қыпшақ даласына, Еділ бұлғарлары жеріне, одан әрі батысқа шапқыншылық жорықтар ұйымдастырды. Ірі орыс князьдіктері талқандалды, Польша, Венгрия, Чехия және басқа көптеген елдер тонауға ұшырады. Жеті жылға созылған жорықтарынан кейін Батыйдың қол астына Қырымды қоса, Еділден Дунайға дейінгі жер, Солтүстік Кавказ, Батыс қыпшақ (половецтер) даласы қосылды. Осыдан кейін Батый Еділдің төменгі аясында Алтын Орда атты жаңа моңғол мемлекетін құрды. Оған Жошы ұлысының жері — Шығыс Дешті-Қыпшақ, Хорезм мен Батыс Сібірдің бір бөлігі және батыстағы жаңадан жаулап алынған жерлер қарады. Батый әскерінен жеңілген орыс князьдіктері бағынышты тәуелділікте болды. Орыс князьдері Алтын Ордаға тәуелділіктерін мойындап, ұлы ханның қолынан князь атағын алып, алым-салық төлеп тұрды. Батый құрған мемлекет шығыс деректерінде Жошы ұлысы деп, сондай-ақ Жошы ұрпақтары — хандардың атымен (Батый ұлысы, Берке ұлысы, т. б.) аталды. Астанасы Сарай-Бату (Астрахань маңында), кейіннен Сарай-Берке қаласында болды.

Оның құрамына бір-бірінен қоғамдық-экономикалық даму деңгейі жағынан айырмашылығы бар, өзіндік мәдениеті мен салт-дәстүрлері сақталған көптеген ұлттар мен халықтар кірді. Көшпелілер негізінен түркі халықтары — ең көбі қыпшақтар, сондай-ақ қаңлылар, наймандар және т. б. болды. Отырықшылардан бұлғарлар, мордвалар, орыстар, черкестер, хорезмдіктер, т. б. кірді. Мұнда моңғолдар аз болды. XIII ғ. аяғы мен XIV

ғасырда моңғолдар толығымен түркіленіп, Алтын Орданың халқы «татарлар» деген атау алды.



Алтын Орда мемлекетінің құрылысы толығымен Шыңғыс хан енгізген мемлекет үлгісін қайталады. Мемлекет Жошы хан әулетінің меншігі болып саналды. Маңызды мемлекеттік істі шешу үшін билік басындағы әулет мүшелері бастаған ақсүйектер жиналысы — құрылтай шақырылды. Армияны және өзге мемлекеттермен дипломатиялық қатынастарды бешербек басқарды. Қаржы, алым-салық мәселесін, мемлекеттің ішкі істерін жүргізетін орталық атқарушы орган — диванның басында уәзір тұрды. Қалалар мен бағынышты ұлыстардан алым-салық, сыбаға жинау міндетін атқаратын даругтер, басқақтар тағайындалды. Хан отбасының мүшелері маңызды қызметтер атқарды. Ірі нояндар, бектер, әмірлер, баһадурлер түмендерді, мындық, жүздіктерді басқаратын әскербасылары болып сайланды.

Алтын Ордада жаулап алынған жер мен халықтарды басқару үшін ұлыс жүйесі енгізілді. Батый хан тұсында Жошы ұлысында екіге — оң және сол қанатқа, негізінен екі мемлекетке бөліну процесі жүргізілді. Оң қанат (ұлыстың) басында Батый ханның өзі мен ізбасарлары тұрды. Ал сол қанатты Жошының үлкен ұлы Орда Ежен биледі. Қазақстан жерінің көп бөлігі сол қанат құрамына кірді. Батый мен Орда Еженнің ұлыстары өз ішінде тағы да кіші ұлыстарға бөлініп, олардың басында Жошының өзге ұлдары отырды.

Ұлысты (үлесті жер) билеуге өкімет басындағы әулет мүшелерінің барлығы құқықты болды. Ал өзге моңғол ақсүйектеріне үлесті жер ханға еткен еңбегіне қарай бөлініп берілді. Біртіндеп ақсүйектер құқығы арта түсіп, олар қарамағындағы жерді ұрпағына мұра етіп қалдыра алатын дәрежеге жетті. Екінші жағынан Алтын Ордада көшпелілердің ру-тайпалық ұйымдары да сақталды. Алғашында Алтын Орда Моңғолиядағы

ұлы ханға тәуелді болды. Алайда 1260 ж. Моңғол империясы бірнеше тәуелсіз ұлыстарға ыдырап кетті. Алтын Орда Батыйдың інісі Берке ханның (1256 — 1266 жж.) тұсында-ақ тәуелсіздікке қол жеткізген. Одан кейінгі Мөңке хан (1266 — 1280 жж.) өз атынан теңге шығара бастады. Алтын Орданың тарихы ішкі қайшылықтарына қоса, орыс князьдіктерімен, Ирандағы Құлағу ханның әулетімен, Ақ Орданың және Хорезмнің билеушілерімен үздіксіз соғыстарға толы болды. Алтын Орданың XIV ғ. алғашқы жартысында, әсіресе Өзбекхан (1312 — 1342 жж.) мен одан кейінгі Жәнібек ханның (1342 — 1357 жж.) тұсында күдіреттілігі арта түсті. Ханның дара үстемдігі орнап, құрылтай шақыру аяқсыз қалды, билік бір адамның қолына жинақталды.

1312 ж. Өзбек хан исламды Алтын Ордадағы мемлекеттік дін деп жариялады. Далалық, түркі-моңғолдық мәдениет Еділ бойы (бұлғарлар) және Орта Азия (Хорезм) мұсылмандық, салт-дәстүрлерінің әсерімен исламды қабылдай бастады. XIV ғ. екінші жартысында Алтын Орда алауыздықтан әлсірей бастады. 1357 жылдан 1380 жылға дейін таққа 20-дан астам хандар отырып, бірін-бірі өлтіріп, орнын тартып алып жатты. 1380 ж. Алтын Орданың билеушісі, түменбасы Мамай Дмитрий Донской бастаған орыс әскерінен Куликово даласында тас-талқан болып жеңілді. Жошы ұрпағы Тоқтамыс хан осы жағдайды пайдаланып, Алтын Орданың билігін тартып алды. Өз билігін соғыс жеңістерімен бекіте түспек болған ол 1382 ж. Мәскеуді өртеп жіберді, Мәуереннахр мен Закавказьеге бірнеше рет жорық жасады. Тоқтамыстың соңына түскен Әмір Темір Алтын Ордаға қайта-қайта шабуыл жасап, халқын қырып, байлығын тонап, енді қайта көтеріле алмастай етіп тұралатты. 1269 ж. ұлы ханнан тәуелсіз Хайду мемлекетінің құрылуы жергілікті халықтан шыққан феодал билеушілердің бас көтере бастағанының куәсі еді. Осы жылы Талас бойында шақырылған құрылтайда олар отырықшы-егінші аудандарды құрып кетуден қорғау әрекеттерін жасады. Алайда Шыңғыс әулетінің арасындағы толассыз талас-тартыс пен Хайдудың ұлы хан армиясымен ұзаққа созылған соғысы құрылтай шешімін жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді. Хайду ізбасарлары арасында басталған өзара тартыстар XV ғасырдың алғашқы жартысында Жетісудың экономикалық құлдырауын шегіне жеткізді. Махмуд ибн Уәли Хайду ұлдары мен Шағатайдың шөбересі Доба арасындағы қақтығыстар туралы былай деп жазды: «Біздің аталарымыз өзара соғысып жатқан кезде көптеген адамдар жазықсыз қырылды, аудандар қаңырап қалды, иелігіндегі жерлер сағымға айналды, егістік қурап қалды... қалалар мен құрылыстар адамдар жылы орнын тастап, кезбе қайыршыға айналды». Моңғолдар келгенге дейін дамудың жоғарғы сатысында тұрған Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы — Баласағұн, Тараз, Алмалық, Алматы, Қаялық, Ілебалық, Екіоғыз, т. б. үлкенді-кішілі қалалар мен елді мекендер жер бетінен жоғалып кетті. Көшпелі мал шаруашылығы мен отырықшы егін шаруашылығы Алтын Орда халықтарының басты шаруашылығы болды. Алтын Орда халықтары — мұсылмандар. Алтын

Орда мемлекетінің алғашқыда көне ұйғыр жазуы негізгі жазу болып қалыптасса, кейіннен ислам діні ықпалының күшеюіне байланысты араб жазуы да қатар қолданылады. Алтын Орда дәуірі ортағасырлық түрік әдебиетінің дамыған кезеңі болды. Бұл кезеңдегі әдеби шығармалар: 1233 жылы «Қисса Жүсіп» (Әли), 1303 жылы «Кодекс-Куманикус», 1303 жылы «Қыпшақ тілі сөздігі», 1359 жылы «Махаббатнама» (Ахмет Хорезми дастаны), 1391 жылы «Гүлстан бит-түрки» (қыпшақ ақыны Сарай), 1409 жылы «Жүсіп-Зылиқа» (Дүрбек ақын). Осы дәуірде «Қырық батыр» жыры дүниеге келеді. Бұл туындыда қырық қыпшақ батырларының ерлігі туралы баяндалады.

Дәуірлер тоғысындағы Асан Қайғы Сәбитұлы

Дәуірлер тоғысындағы Асан Қайғы Сәбитұлы бабамызға тоқталар болсақ, ХІҮ ғасырмен ХҮ ғасырда өмір сүрген жырау, ақын, ұлтымызға шұрайлы жер іздеп желмаясына мініп, жаһанда сайын дала төсіне саяхаттап, құтты қоныс мекен «Жерұйықты» іздеген тарихымыздағы тұңғыш бабамыз. Асан шақырып қойған шын есімі-Қасенхан. Ол өмірінде аңызға сүйенсек бір сөйлей алмайын мылқау, бірақ сұлу әйелге қатты ғашық болып үйленеді. Сөйтіп, әлгі әйелі оған 3 шарт қояды. Егер осы шарттарымды толық орындасаң екеуміз мәңгілік боламыз деп екеуі уәделеседі. Алайда, ақыр аяғы Асан жарының шарттарын бұзып алады. Үйіне келсе әйелі құсқа айналып, шаңырақтан ұшар алдында Асанға мына бір сөзін айтады: «Сен менің қойған шарттарымды орындамадың, енді мен сен үшін жоқпын, сенде мен үшін жоқсың, құрсағымда сенің балаң бар, баланды Мысыр елінен тауып аларсың деп шаңырақтан ұшып кетеді».

Асан Қайғы ХІҮ ғасырдың соңы мен ХҮ ғасырдың басында өмір сүрген жырау. Асан Қайғының құрметіне ХҮІ ғасырда Қызылорда облысының қазіргі Шиелі ауданының аумағында Асан ата кесенесі тұрғызылды. Асан Қайғы Алтын Орданың ханы, кейіннен Қазан хандығының негізін қалаушы Ұлы Мұхаммедтің ең ықпалды тұлғаларының бірі болған. ХV ғасырдың 50-ші жылдары ол Шығыс Дешті Қыпшақ даласындағы саяси күресте Әбілқайыр ханның қарсыластары, 1456 жылы Жетісудың батысында Қазақ хандығын құрған Керей мен Жәнібек сұлтандардың жақтасы болды. Ол жаңа хандықтың идеологы және барлық қазақ тайпалары мен руларын біріктірудің жақтаушысы болды.

Асан Қайғы тұрмыс мәселеріне тереңінен үңіле жырлаған данышпан әнші-жырау. Осыған орай, оның шығармашылығында: толғау, терме, нақыл сөздер мен афоризмдер секілді философиялық және дидактикалық жанрлар басты орын алды. Оның шығармаларын Шоқан Уәлиханов, Потанин секілді шығыстанушы-ғалымдар және белгілі ақын Мәшһүр Жүсіп Көпеев және тағы басқа ғалымдар жинаумен айналысқан. Асан Қайғы желмаямен елге қоныс қарап келгеннен кейін Жәнібек хан мен жыраудың арақатынасы қатты ушығады. Оны кезінде С. Сейфуллин жариялаған. «Қазақтың Ата заңдары» атты мақаласында келтірілген Асан Қайғының Жәнібек ханға (кейде Әз-Жәнібек хан деп атайды) айтқандарынан көруге болады [20; 54, 55].

Жәнібек (Әз-Жәнібек) хан үш қайтара той қылыпты:

1) Астрахан қаласын салдырып, той қылыпты.

2) Даладағы көлге шекер төккізіп, аққуды мая қылып, құладыңға ілдіріп, той қылыпты.

3) Қарындасы Қаныбет сұлуды Мығалы байдың ұлы Би-Темірге бермек болып той қылыпты. Тойдың үшеуіне де шақырылған Асан Қайғы би келмеді. Өз-Жәнібек төртінші рет кісі жіберген соң келіпті.

Өз-Жәнібек: «Е, Асан үш қабат жұрт жиып, той қылдым.

Тойыма сені шақырдым, келмегенің қалай? — депті.

Сонда **Асан би:** Алты атанға арттырып,

Алты жыл қоныс қарадым.

Қырында деп қызығы, Суында деп балығы.

Бұл жерді өзім қаладым. Астрахандай қаланы,

Жат жұрттыққа салдырдың. Көлге шекер төктірдің,

Шекерге аққу бүктірдің Көлдегі сұлу ерке еді.

Құладың құстың қары еді. Аққу құс ару – төре еді.

Құладыңға аққуды ілдірдің. Ақ мамығын жұлдырдың.

Құладыңға аққуды жем қылдың.

Жәнібек хан: Түбінде өз басыңа келер деп, Құладыңдай бір жаманнан өлер деп. Соған өкпелеп келмедім, — депті.

- Жә, ол солай екен. Мына қарындасым Қаныбетті Мығалы байдың ұлы Тастемір мырзаға беруге той жасап, шақырдым, соған неге келмедің? — депті.

Сонда **Асан би:**

Ұсарма, билер, ұсарма!

Арғымақтыңағын,

Алтынменен тағалап,

Күміспенен шегелеп.

Шайы жібек тұрғанда.

Арқанменен тұсар ма?

Ханда өтірік айтар ма?



Хан жарлығы қайтар ма?

Өз Жәнібек дейтін хан ием.

Әуелгі сөзін ұмытып,

Айсылдың ұлы Әмет тұрғанда
Мығалы байдың ұлына,
Бұқасын баққан құлына,
Тастемірдей жаманға,
Қарындасын беруге ұсар ма? –депті.

Асан Қайғының Жәнібек ханға осы келуі екі тұлғаның арасындағы соңғы кездесу болғандығын аңғару қиын емес.

Асан Қайғы бабамыз Шыңғырлау өңірін көргенде түсе қалып, Желмаясын оттатып «Жылқының өзі өскен жоқ, Шыңғырлау, сен өсірген екенсің!» деп бір қонып кетіпті дейді аңыз. Шыңғырлау ауданында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша да көп жұмыс атқарылып жатыр. Дәл осы күні аудан орталығында күллі қазаққа ортақ абыз – Асан Қайғыға арналған «Дала аңызы» атты ескерткіш орнатылды. Шыңғырлаулықтардың Асан Қайғыны өздеріне жақын тартуының себебі бар – «**Қарғабойлы Қазтуған**» жырында:

Асан Қайғы көшкен жер,
Шыңғырлау, Торыатбасы еді,
Қыземшекті Сарышоқы,
Осы судың қасы еді.
Асан Қайғы туғанның

Бөлінген жері осы еді...» - деп келеді. Осы үзіндіде аталған жер атауларының бәрі де Шыңғырлау ауданы аумағында, әлі күнге солай аталып келе жатыр.

Желмаясын шөггеріп қойып жол қарап тұрған Асан баба ескерткішінің авторы – Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, мүсінші Ибрагим Айденов. Ол әріптестері Ахмет Ерғалиев және Закижан Исламбековпен бірге мүсінді екі ай ішінде жасап шыққан. Ал аудан орталығына көрік беретін мағыналы мүсіннің бас демеушісі – жергілікті кәсіпкер Юсуп Қазиев екен.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. Том 5. Алматы: Дайк-Пресс, 2006.
2. Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан. Астана. 2004.
3. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Астана. Фолиант. 2004-2013.
4. Бейсенбайұлы Ж. Қазақ шежіресі. Алматы, 1994.
5. Қазақстан тарихы (Ежелгі заманнан бүгінге дейін) 5 том.
6. К.М. Байпақов “Орта ғасырдағы Қазақстан тарихы” Алматы 1995 ж.
7. [<http://e-history.kz/ru/publications/view/909>]
8. [<http://www.altyn-orда.kz/55124/>]
9. [<http://m.zakon.kz/4657361-timur-kozyrev-zolotaja-orда-byла.html>]
10. Нысаналин А. Асан Қайғы: ақиқат пен аңыз // Түркістан. — 2014.
11. Баян Б. Асан Қайғы толғауларындағы Әз-Жәнібек хан бейнесі.
12. Жандарбек З. Асан Қайғы һәм Әз-Жәнібек хан. (Алтын Орда мемлекетінің ыдырау себептері)

ЖӘНІБЕК ОТТЫ ЖЫЛДАРДА

Жарасова А. К.

*Орал қалалық №40 ЖОББМ
I санатты тарих пәні мұғалімі
Орал қаласы*

Жәнібек - облыс орталығы Орал қаласынан батысқа қарай 500 км жерде орналасқан. Тұрғыны 8000 адам, аудан іргесі 1904 жылы қаланған. Аудан жерімен Саратов - Астрахань теміржолы, Жәнібек – Орал, Жәнібек – Таловка автомобиль жолдары өтеді.

Жәнібек ауданының тарихына үңілсек, Жәнібек атауы 1342-1357 жылдары ел билеген атақты Әз-Жәнібек атымен байланыстырылса, жер атауын Жәнібек ауылының солтүстік жағында 17-18 шақырым қашықтықта орналасқан ескі обалармен сәйкестендіреді, бұған дәлел ретінде Жәнібек ауданында Қамысты, Ағоба ауылдарының арасында орналасқан «Жаңатұрмыс» деген елді мекенде обадан Әз-Жәнібек ханның дәуіріндегі теңгелер табылғанын мысалға келтіруге болады.

Жәнібек жерінің үстімен орыс экспедициясының жүріп өткенін, үлкен керуен сауда жолдарының болғанын, Жәңгір ханға да қатысты деректерді мысалға келтіруге болады. Жәнібек жері арқылы 1900 жылы Рязань - Орал теміржолы салынған. Ол 1904 жылы салынып, пайдалануға берілген. Теміржол инженері М.Тынышпаев «№ 6- шы стансаны «Жәнібек» деп атау туралы ұсыныс түсірген, кейін осы бұйрық негізінде Жәнібек теміржолы салынған. Теміржолдың салынуы Жәнібекте жеке меншік дүкендер, аурухана, оқу орындары, мәдениет, білім саласының өркендеуіне ықпалын тигізген. 1922 жылы Бөкей губерниясының Орда уезінің құрамында Жәнібек болыстығы құрылған. 1928 жылы Орал округінің 15 ауданының ішінде Жәнібек те болған. Аудан облыстың батыс бөлігінде орналасқан. Жәнібек ауданы Сталинград облысымен шектесіп жатыр. Жау самолеттері Сталинградқа Жәнібек бекетінің үстімен топтана ұшқан.

Ұлы Отан соғысының тарихында алтын әріппен жазылған Сталинград шайқасынан Жәнібек ауданын бөліп қарай алмаймыз. 1941 жылы 22 маусымда соғыс басталғанда аудан орталығында Жәнібек селосында үлкен митинг өтеді. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап, ауданның басқарушы органдары тылды нығайту мақсатында үлкен жұмыстар жүргізді. Мемлекеттік тапсырмаларды асыра орындау, өнімді еңбек етуді қамтамасыз ету жөнінде шешімдер қабылданады. Қорғаныс тақырыбына 150 лекция, 9 баяндама, 134 әңгімелесу өткізіледі, оған 9,5 мың адам қатысады. Жәнібек ауданы сол жылдарда мемлекетке ет тапсырудан тапсырманы 107 пайызға орындады. 1941 жылдың 21 тамызына дейін жәнібектіктер қорғаныс қорына 400 центнер астық, 18920 сом ақша, 19 бас

мал тапсырады. Жеке азаматтардың әрқайсысының өзі 1 мың, 2 мың, ең азы 500 сомнан қаражат жинайды. Аудандағы әр адамның бойында бір ғана тілек, бір ғана ұмтылыс – отанға көмек беру, зұлым жауды жеңу болды. Соғыс басталысымен Ел үшін аянбамайdanға сұранады. Олардың ішінде аудандық басшылар Жалмурзин, прокурор Байрамғалиев, Муса Айталиев, Қапал Бижанов, Жұмақан Өтешевтер болды.

1941 жылдың күзінде аудан орталығында, ұжымшарларда халық еріктілері құрылып, қысқаша курстар ұйымдастырылады, оларда әскери қару-жарақтармен танысу, соғыс әдістерін үйрену сабақтары ұйымдастырылады. 1941 жылдың аяғына таман фашистер уақытша басып алған туысқан республикалардан келген отбасылар, сол жерлердің ауыл шаруашылығы ресурстары - айдалған малдар келе бастайды. Ағоба кеңесінің Сталин және Социализм ұжымшарларына 70 отбасы орналастырылады. 1942 жылдың күзінде немістердің танк құрамалары Еділге жетті. Соғыстың от – жалыны ауданымызды да шарпыды. Жәнібек–Сайхын–Шоңғай теміржол станциясы Сталинград майданының шебінде болды. Неміс – фашистерінің әуе шабуылы, әсіресе, Жәнібек селосына үлкен күштермен жасалды, бір әуе шабуылында 30 - ға дейін самолеттердің қатынасқан кездері болды. Осындай шабуылдардың салдарынан теміржол бекеті, мектеп, аурухана өндірістік мекемелер зардап шекті. Село бойынша 41 нысан зардап шегіп, 200-дей тұрғын үй қираған. Қаза болғандарды жерлеу, өрт сөндіру жөнінде шұғыл шаралар қабылдау комиссиясы құрылды. Комиссия мекемелерді ұжымшарларға көшіру, элеватордағы астық пен пішенді сақтау, жаралыларға көмек көрсету, теміржол желілерінің жөндеу жұмыстарымен айналысқан. Аудан орталығынан 4 жерде (қазіргі өндірістік оқу комбинаты, Т.Жароков атындағы мектептің жанындағы қосымша кластар, Әбдірахманов көшесіндегі № 97 үй, бұрынғы балалар үйі) жаралылар үшін госпитальдар ашылады. Жергілікті жастардан кіші медициналық қызметкер - кадрлар жинақталады. Аудан аумағында 8-ші әуе әскер бөлімі 57-ші және 1-ші танк әскерлеріне көмек көрсетіп, үлкен жұмыстар атқарады. Солардың ішінде Сапар Жұмақанов, Мария Мулякаева, Евгения Середина, Евгения Дуюнова сияқты жастар жұмыс істеген. Жәнібектің үстімен Жоғарғы бас қолбасшы ставкасының Оңтүстік - Батыс және Оңтүстік майдандардың алғы шептегі бөлімдерімен телефон - телеграф байланысының желісі өткен. КСРО Қорғаныс министрі Шаденконың бұйрығымен Жәнібек және Орда селоларында майданға әскери бөлімдерді, автомобиль транспорты мен жылқыларды, азық- түліктерді кідіріссіз жөнелту жөнінде қабылдау пункттері ашылып, қызмет жасайды. 1942 жылы аудан бойынша соғыс жағдайы жарияланады, ал майданның жақындауына байланысты кейін қауіпті соғыс жағдайы енгізіледі. 1942 жылы егін бітік шықты, жаңа егіннің өнімінен майданға жауынгерлер үшін азық-түлік, жылы киім-кешектер әзірлеу басталды, сығырайған әлсіз шамның жарығымен түнімен қолғап, шұлық тоқып отырғандарды әрбір үйден кездестіруге болатын еді.

Аудан орталығынан 50 шақты ағаш үйлер бұзылып, Сталинград майданына блиндаждар салыну үшін 400 текше метр ағаш жіберілді, майдан шебі жақындаған сайын теміржол істен жиі шығатын болды. Оны қалпына келтіру үшін теміржолшылармен бірге село тұрғындары да күш салды. Тәулігіне соғысқа дейін 12 эшелон өткізілетін соғыс жылдары 22 эшелон өткізуге мүмкіндік алды.

Соғыс шарпыған Жәнібек

Сталинград – сол кездегі кеңес одағының оңтүстіктегі аса ірі экономикалық әрі саяси мәні зор орталығы еді. Сталинград- Кавказды, Орта Азияны, Қазақстанның орталық аудандарын жалғастырған жол торабының кіндігі болды, су және теміржол торабының қиылысқан жерінде орналасты. Сталинградқа жау соғыс тарихында бұрын-соңды болып көрмеген техникасы мен адам күшін аямай төгіп, қаланы жер бетінен жойып жіберуді көздеді. Жау 1942 жылы шілдеде Сталинград, Борисоглебск, 5-10 тамызда Саратовты, 10-15 тамызда Куйбышевты, 1 қыркүйекте Орал аймағын, 25 - де Бакуді алуды жоспарлады. Бұған себеп те болды, ол 27 күнде – Польшаны, 19 - күнде Голландияны, Бельгияны, 44 - күнде Францияны басып алды, бірақ Сталинградтан мұндай қарсылықты күтпеді. (18 күнде ғана 1 көшені басып алған болатын). Қаһарман қала үшін 1942 жылдың 17 шілдесінде басталған соғыс 1943 жылдың 2 ақпанында фашистердің талқандалуымен аяқталады. Әрине, сөз жоқ, бұл жеңістің нәтижесінде іргелес жатқан Жәнібектің қосқан үлесі өте зор. Соғыс 100 мың шақырымға, майдан шебі 400-ден 800 шақырымға дейін созылды, сол қатерлі күндерде Сталинград облысымен ортақ шекаралас болған Қазақстанның батыс аймағы ,оның ішінде оңтүстік аудандар Қызыл армияның жақын тылы ретінде үлкен әскери – стратегиялық маңызға ие болды. Жәнібек, Казталов, Орда аудандары Сталинград әскери округіне қарады. Жәнібек Шоңғай, Сайхын теміржол бекеттері Сталинград майдандарының қарамағына енгізілді.

1942 жылдың жазында Сталинград пен Саратов, Еділдің оң жағалауын жалғап отырған теміржол торабы жау бомбалауының нәтижесінде істен шықты. Осы кезде Жәнібек ауылы – стратегиялық маңызға ие болды. Сталинградқа жеткізілетін жүктің барлығы Жәнібек бекетіне тасылды. Жүктер әр жерге бөлек - бөлек түсірілді. Неміс басқыншылары Жәнібек, Сайхын, Шоңғай ауылдары мен Астрахань -Урбах теміржол магистралін нысанаға алды.

1942 жылы 8 қазанда Сталинград шайқасы кезінде әскери комиссариат бұйрық шығарады, ол бұйрық бойынша темір жолдарды жөндеу, байланыс торабын қалпына келтіру, айналма жол салу жұмыстары жоспарланады. Осы бұйрық негізінде Урбах - Жәнібек теміржолы бойынан 300-350 метр бұрылыс жол салынады. 1942 жылы 11-12 қыркүйекте жау шабуылынан су мұнарасы зақымданады.

8-ші әуе армиясы Еділ бойы мен Урбах - Астрахань теміржол қозғалысының қауіпсіздігін қорғады. Неміс фашистерінің 1216 соғыс

ұшағына кеңестік 1350 соғыс ұшағы қарсы тұрды. Сталинград шайқасы кезінде генерал-майор Т.Хрюкин басшылық еткен 8-ші әуе армиясы 1942 жылдың 17 шілдесінен жыл аяғына дейін Астахань, Сталинград, Камышин қалалары мен теміржол бойын қорғады. Жәнібек ауданының бекетінде 437-ші жойғыш авиация полкінің ұшқышы, старшина Танов бір топ «Z-88» ұшағын күтіп алып, қарсы шабуылдады, өзі де қаза тапты.

1942 жылдың 3 қарашасынан 1943 жылдың 28 қаңтарына дейін Жәнібек бекетін 181-ші бөлімше ерлікпен қорғады, осы уақыт аралығында олар жаудың 16 ұшағын талқандады.

Соғыс жылдарында ауылдық кеңестердің колхоз атауларына келер болсақ, Ақоба ауылдық кеңесі бойынша Сталин, Голощекин, Социализм колхоздары болған. Алғабас, Ағарту, 1 май, Интернационалист, Тегішл колхоздары Қамысты ауылдық кеңесіне қараған. Талов ауылдық кеңесінде сол кездегі одақ бойынша алғашқы құрылған кеңестік шаруашылықтардың бірі № 452-ші ет совхозы және бірінші атты әскер атындағы әскери зауыт болған.

Аудан бойынша барлығы 12 ауылдық кеңес, 32 колхоз еңбекшілері Ұлы Отан соғысының жеңістеріне қомақты үлес қосқан.

Жау бомбасының атқылауынан «зардап шеккен» су мұнарасы мен тұрмыстық жабдықтар, госпиталь үйлері, сан жылдарды араға салып табылған әскери снарядтар соғыс туралы естеліктерді сан мәрте жаңғыртып, еске түсіреді.

Жәнібек ауданында құпия төтенше үштік құрылды. «Заготскот» облыстық кеңесінің майдан тылына қосқан үлесі мол. 1942 жылы Орал, Атырау қалаларында қорғаныс комитеті құрылды. Батыс Қазақстан облысының жерінде 20-ға жуық әскери госпитальдар жұмыс істеді. Батыс Қазақстан эвакуацияланған зауыт-фабрикалардың жұмысшылары мен олардың отбасына, жау басып алған аймақ халқына да Отан бола білді. «Алыс жатқан Қазақстанда, біз өзімізді үйіміздегідей сезіндік, бізді аға-інісі, апа-қарындастай қабылдады» - деп жазды.

С.Белан: **«Қазақстанцы в битве на Волге»** кітабынан үзінді:

«Жәнібек орталығына неміс бомбалаушы ұшақтары топтаса ұшып, шабуылдады, он адам өліп, соншама адам жарақат алды, ішінде жанармайы бар цистерналар жарылды, қару-жарақ сақталған қойма мен НКВД-ның ғимараты отқа оранды. Су мұнарасына зақым келген (мұнара сол кездегі белдікпен тартып тастаған күйінде әлі тұр). 7 қазан күні жау ұшақтары тағы да оралып, 8 қазан күні Жәнібек бекетін екі мәрте бомба астына алады, ондаған тұрғын үйлер, байланыс торабы мен бөлімше ғимараты, диірмен мен бидай сақталған қойма, қазақ және орыс мектептері, аудандық жер бөлімі, кәсіподақ үйінің ғимараты қираған. Осы шабуылдар салдарынан Сталинградқа жол тартқан жүк поезі тоқтап қалады. 9 қазан күні теміржолды қалпына келтіруге аудан тұрғындары жаппай жұмылдырылады, жұмыстың қызған кезінде кенеттен тағы шабуыл

басталып, теміржолды қалпына келтіруге жұмылдырылған 40 адам қаза табады.

Бір ғана Жәнібектің өзінде 200-ден астам үй қираған. Даладағы мыңдаған гектар егінді де өртеп, фашист ұшқыштары кезіккен жалғыз-жарым жолаушыны да пулеметпен оқ жаудырған.

Деректерге сүйенсек, Шоңайға – 24, Сайхынға – 36, Жәнібекке -40 шақты әуе соққысы жасалған. 300-дей әскерилер мерт болып, 250-дей адам жарақаттанған. Осы үш бекетке 11 рет жеке-жеке, 22 рет топтана ұшып, немістің 138 ұшағы жалпы саны 538 бомба тастаған. Бұл 1942 жылдың қазан-қараша айларында болған.

Осы жылдары Урбах – Астрахань – Саратов теміржолында неміс ұшақтарының шабуылынан 1393 теміржолшы қаза табады, 1800-і жараланады, 100-деген паровоздар мен 300-дей вагон істен шықты.

Жәнібектік теміржолшылар жау ұшақтары кеп қалғанда екі эшелонның вагондарын ағытып, келесі шойын жолға қол күшімен жылжыту арқылы жолды босатқандарын жазады. Дер кезінде бекеттен қозғалған эшелондар жау бомбасынан осылай құтылып кетеді.

Жау ұшақтары бірде теміржолды бомбаласа, енді бірде диверсиялық әрекетке бейімделген парашютші десанттарды түсіреді. Таң алакеуімде тұманда неміс ұшқыштарына қой қоралары аэродром болып көрінген. Жәнібек станциясында көп нәрсені бүлдіреді, Орда, Жәнібек елді мекендерінің көптеген қарт тұрғындары жау ұшақтарынан қарша бораған листовкалардың дала жолдарында шашылып жатқанын әлі де ұмыта қойған жоқ. Олардың Орда, Жәнібек туралы листовкалары әзірбайжан тілінде еді, олар Қазақстанды Әзірбайжаннан айыра алмаған кезеңдері болған.

Жәнібек селосында Полтава аэроклубының әскери ұшқыштары мен курсанттарын тамақтандырған асхана болды, осы курсанттардың ішінде В.Талалихиннің ерлігін қайталаған ұшқыш Д. Гудков болды. Ол 1921 жылы Рязань губерниясында дүниеге келген, 1942 жылы Кайсацк селосының аспанында ЯК-1 самолетімен таран жасап, Жәнібек ауданының іргесіне парашютпен аман түскен. 1942 жылы 340 мәрте жауынгерлік тапсырмамен аспанға көтеріліп, жаудың 20 самолетін атып түсірді.

1942 жылы Жәнібек аспанында жау ұшағын тарандатып құлатқан Д.Гудков туралы Орда мұражайының ғылыми қызметкері А. Хамзиннің естелігінен: «Біздің эскадрилия Орда өңіріндегі шағын аэродромға қоныс аударды. 11 қыркүйек күні аға сержант Шлыков екеуміз күзетте тұрдық, бір кезде командалық пункттен жасыл ракета атылды, бұл ұшуға берілген белгі. Аспанға мың метрдей көтерілгеннен кейін Палласовка станциясынан келе жатқан жаудың барлаушы ұшағын көзім шалды. Мен жылдамдықты арттырып, оған жақындауға тырыстым. Жау ұшқышы қауіпті сезініп, төмендеуге көшті, ара қашықтық алыстай бастады. Шынымен қашып кетеді деп гашетканы басып оқ бората бастадым, біраздан соң патрондар таусылды, екі ара тіпті жақындай түсті.

Қарсыласымды алдау үшін қашып кеткен сынай таныттым, жау менен адасып қалды. Ол мені жоғарыдан іздеп жүрді, соны пайдаланып «Юнкерстің» оң қанатынан шыға келдім де, бортты ЯК-1-ң тұмсығымен сүздім. Шкаладағы көрсеткіштер 5 мың метр биіктікпен сағатына 500 шақырымдай жылдамдықта болатын. Содан кейін не болғанын білмеймін, бақытыма орай, кері серпіген қатты соққыдан кабинадан ұшып кеттім. Есімді жисам, төмен құдилап келемін. Жерге 2 шақырымдай қалғанда парашют ашып үлгердім. Көгілдір кеңістікте аппақ екі күмбездің қалқып келе жатқанын көргенімде жау ұшағының да құтылмағанын сездім. Жерге түскен бойда Жәнібек әуе постысынан полуторка машине келіп, ВНОС-тың (аспан кеңістігін бақылау жөніндегі байланыс қызметі) аға лейтенанты құжаттарды тексергеннен кейін госпитальға алып келді. Шындығында менде көп жарақат жоқ еді, есесіне мен осы жерде «Юнкерстің» атқышын көрдім. Оның екі аяғын гипстеп тастапты, кейін Жәнібек станциясының шығыс бетінде 3 шақырым жерде құлаған жау ұшағының қалдықтарын кездестірдім. Кабинада штурман мен екінші атқыштың өлігі жатты»

Сондай-ақ бұл оқиға туралы Ұзынкөл ауылының тұрғыны марқұм Данияр Ғаниев ақсақал далада шөп шауып жүріп, Ұзынкөл мен Жәнібектің арасында әуеде осы Д.Гудковтың таран жасағанын өз көзімен көргенін айтқан: «Қасымда өзіммен шамалас үш бала бар, атпен жетіп бардық, әскерилер келіп, ұшқышты алып кеткенше сол маңайда жүрдік».

Жәнібекте № 1584 эвакогоспитальда қазіргі РФ Палласовка ауданының тұрғыны Анна Бондаренко қызмет жасап, жаралы жауынгерлерге медициналық көмек көрсеткен. Табаков Олег Павлович отбасымен Ұлы Отан соғысы жылдарында Жәнібек ауылында тұрған, балалық шағын өткізген, анасы № 1584 эвакогоспитальда медбике қызметін атқарған.

Жәнібек бекетінен Сталинградқа резервте тұрған Сібір, Қиыр Шығыстан келген әскерлер аттандырылды. Гитлер Жәнібек бекетінің үстінен өтетін теміржолға ерекше назар аударған. Жәнібек маңайына тылдан мәліметтер жинау, маңызды объектілерге тұтқиылдан соққы беру үшін тыңшылар, диверсанттарды астыртын жіберіп отырған. Жәнібек ауылының тұрғыны, орыс тілі пәнінің мұғалімі, жау бомбасының жарықшағынан жарақат алған Евгения Афанасьевна Серединаның естелігінен: «Аудан үстінен неміс юнкерсі ұшып өтеді, оның үстіне ел ішінде жау барлаушысы да болған. Ол Жәнібек ауылының тұрғыны Тимофей Королевский болған. Т.Королевский 1905 жылы 20 қаңтарда туған, ұлты орыс, шала сауатты, Жәнібек ауылы, Вокзал көшесі, №44 үйде тұрған, үйленбеген, жалғыз, ешкіммен сөйлеспеген, 1983 жылы қайтыс болған. Ішкі істер бөлімінің қызметкері болған, оның жертөлесінен үнді шәйі, иіссу, әскери дүрбі, радиотехника, кір сабын, алтын, күміс қасықтар, кітаптар тапқан. Кейін КГБ қызметкері Тимофейдің неміс формасын киіп, медициналық көлік жанында суретке түскен фотосын алып келеді, бұл адам неміс тыңшысы болған».

Аудандық әскери комиссариат, жеке құрамасы, партия комитеті халықты қауіпсіз жерге көшіру, жаралыларды эвакуациялау, техника қару-жарақты, азық-түлікті, дәрі-дәрмекті Сталинградқа жеткізу жұмыстарымен айналысты. Жоғарғы сынып оқушылары мен еңбек майданының мүшелері өздерін әскери міндеттілерміз деп санады. Олар Жәнібектен бес шақырым жерде Разьезд салу, ұшақтарға орын дайындау жұмыстарымен айналысты. Сталинградқа дейін 160 шақырым қашықтықта болса да, Еділ бойындағы майдан гүрсілі мен жарқылы аудан тұрғындарына жақсы естіліп, көрініп тұрды.

Т. Кашеева - сол кездегі аудандық ішкі істер бөлімінің паспортшы қызметкері естелігінен: « Аудандық милиция, әскери комиссариат, байланыс бөлімі, партия комитеті, атқару комитеті бөлімдері селоның шеткі жағына көшірілді. Айналасына терең орлар қазылып, қоршалған. Күнде тәнертең неміс ұшақтары сағат 10-дар шамасында ұшып келетін, егер ештеме байқамаса, одан әрі Сталинградқа қарай ұшып кететін, бірде өз көзіммен 25 жау ұшағының село үстінде ұшып жүргенін көрдім. Өте қорқынышты болды. Тәуліктеп жұмыс істедік, маған қоныс аударушылар мен әртүрлі қашқындарды тіркеуге алып отыруға және оларға анықтама беруге тура келді, олардың жалпы саны мыңға жуық болды, оның ішінде Украина, Белоруссия, Молдавия, Сталинград аймақтарынан әйелдер мен балалар болды. Астрахань жақтан эшелондармен қашқындар келіп, олар бос қалған үйлер мен село тұрғындарының үйлеріне, байланыс үйіне орналасты. Оларға тамақ, киіммен көмектесті, барлық адамға да қиын болды, оның ішінде ауру адамдар да болды. Теміржол бекетінің бойында қорғаушылар тұрды. Ұшақтардан Германияға шақырған листовкалар лақтырылды, селода жанармайдың артық қоры сақталған диірмен үйі 3-4 күн өртенді, жанармай базасына неміс ұшағы бомба лақтырғанда біздің ұшқыш тез байқап қалып, оны атып үлгерді, бірақ біздің ұшқыш та өлді, ал неміс барлаушысы жерге парашютпен секіріп үлгіреді, алайда маңайдағы жүрген село адамдары оны ұстап алып соққыға жығады, кейін оны Жәнібектен алып кетеді».

Жәнібек №1 орта мектебі «Ленин жолы» колхозының дүкенінде орналасты, сабақтан бос уақытында оқушылар майданға қолғап, шұлық тоқып, жылы киімдер жинады. Госпитальдағы жаралы жауынгерлерге концерттер ұйымдастырды, кейбір мұғалімдер майданға аттанып, сәлемдерін жолдады. Хаттардан үзінді: «Тоцкий с. 10.10.1942 ж. Қымбатты ұстаздар, сіздердің тәрбиеленушілеріңіз Игнатов, Бантюков, Бузулуков, Гатаулин, т.б. Берген білімдеріңізге шын жүректен рахмет айтамыз, біз әскери - теңіз флотына түстік, қызметімізді адал атқарамыз, ұстазымыз Евгения Афанасьевнаға сәлем жолдаймыз»

1938 жылы №45 бұйрық негізінде құрылған Жәнібек аудандық комиссариатының 1941 жылғы мәліметі бойынша аудан тұрғындарының саны 18384 адам болса, Жәнібек аудандық әскери комиссариатынан

майданға 1938 - 1945 жылдарда 3677 адам алынған. Ашып көрсететін болсақ,

- 1938-41жылдары - 75 адам,
- 1941 жылы - 1103 адам
- 1942 жылы - 1839 адам
- 1943 жылы - 330 адам
- 1944 жылы - 313 адам
- 1945 жылы - 17 адам әскерге алынған.

Сталинград түбіндегі Кеңес әскерлерінің жеңісі аудан еңбекшілерін одан әрі жігерлендірді, аудан тұрғындары біздің әскеріміздің күшін еселей түсу үшін қаражат жинай бастады, танк колоннасы үшін Киров атындағы ұжымшардың мүшесі 60мың сом, Жасқайрат ұжымшары 47 мың, «Новая жизнь» ұжымшарынан 20900 сом қаражат жиналды. Жаудан азат етілген аудандарға көмек көрсетуде назардан тыс қалған жоқ. Жәнібек ауданы Ленинград облысының Мгин ауданын шефке алып, оған 878 бас ірі және ұсақ мал, 5000 центнер астық, 29 мың сом ақша, 4135 келі май, т.б. өнімдер жіберді. Еңбекшілер депутаты аудандық кеңес ұжымы өздерінің 10 күндік еңбекақыларын берді, олардың ішінде төраға Ботанов, аудандық жер бөлімінің бастығы Лучанский т.б. болды. Жәнібектік халық театрының ұжымы «Советский артист» эскадрильясын құруға 1015 сом ақша аударды. Майданда көрсеткен ерлігі үшін ауданның 300-ден астам азаматы Отанымыздың орден, медальдарымен марапатталды. Жәнібек аудандық комиссариаты арқылы Кеңес армиясының қатарына 3600-ден астам аудан тұрғындары алынса, соның 1877-і майдан даласынан оралмаған. Жәнібек ауданы бойынша соғыста 2341 адам қаза тапқан.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Жәнібек ауданынан шыққан батырлар:

- М.Мәметова - Жәнібек ауданы Қамысты ауылында дүниеге келген. 1944жылы Ресейдің Невель (Белоруссия) қаласын азат етуде қаза тапқан. 1 март 1944 жылы Кеңес Одағының батыры атағы берілді.

- Ерденбек Ниетқалиев - 1914 жылы Жәнібек ауданы Қамысты ауылында дүниеге келген, 1945 жылы қайтыс болған, майдан жолымен Германияға дейін барған. 1945 жылы 24 мартта Кеңес Одағының батыры атағы берілді.

- Чуриков Николай Степанович – 1910 жылы Жәнібек ауданының Жұмат ауылында дүниеге келген. Сталинград, Белоруссия түбіндегі шайқастарға қатынасқан. 1944 жылы 21 шілдеде Кеңес Одағының батыры атағы берілді. 1997 жылы Орал қаласында дүниеден озды.

- Хаби Халиуллин – 1912 жылы Жәнібек ауданы Ағоба ауылында дүниеге келген, КСРО Жоғарғы кеңесінің депутаты, Ұлы Отан соғысында полк комиссары болған, 1942 жылы ерлікпен қаза тапқан. 1959 жылы Харьков облысы Протоповка селосы маңынан сүйегі табылған. Кеңес Одағының батыры атағы берілген.

Ұлы Отан соғысы тарихында Сталинград шайқасы - түбегейлі бетбұрыс болып, екінші дүние жүзілік соғыста тарихи стратегиялық

маңызға ие болды. «Бұл тақырып әлі де ізденісті талап етеді, асылдың сынығындай аға - аталарымыздың аузынан естіген кешегі сұрапыл соғыстың жаңа бір дерегін және мұрағаттан табылған тың мәліметтерді келешекке жеткізу - парызымыз», -деп жазды зерттеуші А. Батырханов.

Халық үшін қалт етпей қызмет еткен, ел басына қауіп төнген отты жылдарда ерлікпен даңқын шығарған ардақты ұлдарымыз мәңгілік ел жадында сақталады. Олардың Отанның бостандығы мен бақыты жолында жасаған әрбір ерлік қимылдары ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, жыл өткен сайын Отан жауынгерлерінің сол бір сұрапыл шақтағы бейнелері сомдалып, биіктей бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Батырханов А. Жаралы жылдар жаңғырығы. – Орал, 2012.
2. Құсайынов А. Аудан соғыс жылдарында// «Шұғыла» газеті, № 13, 2005 жыл.
3. Қазақстан тарихы журналы, Алматы, 2010 жыл.
4. Боздақтар. Книга памяти. – Орал, 1997.
5. Жұмабаев А. Казахстанская правда газеті, 2012 жыл.
6. Жеңіс күніне арналған материалдар Интернет сайт.
7. Жәнібек отты жылдарда Деректі фильм
8. Естеліктер.

ӘОЖ / УДК 314

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНОӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРАМЫ ӨЗГЕРУІНІҢ ТАРИХНАМАСЫ

Алабасов К.Х.

*М.Өтемісов атындағы БҚМУ 2 курс
магистранты, Орал, Қазақстан*

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдар ішінде еліміздің кеңестік тарихы туралы ақиқатты айтуға, оның әлі де толық зерттелмеген көлеңке беттерін ашу мүмкіндігіне қол жеткіздік. Дегенмен, қазіргі таңда мемлекеттік түрлі бағдарламалар аясында іргелі зерттеу жұмыстарының қарқынды жүргізілуі нәтижесінде тарихи зерттеулер тарапынан тарихқа объективті, кешенді толыққанды баға берілуі, зерттеулері қолға алынып отыр. Сонымен қатар, 2017 жылы елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына арнаған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында [1, 53] «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық

келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы. [1, 5]. ...Қазақстанның әрбір жетістігінің артында алуан түрлі тағдырлар тұр. «Қазақстанның 100 жаңа есім» жобасы – Тәуелсіздік жылдарында табысқа жеткен, еліміздің әр өңірінде тұратын түрлі жастағы, сан алуан этнос өкілдерінің тарихы»- деп жазған болатын [1, 26].

Шынында да, Тәуелсіздіктен кейінгі уақыт аралығында үлкен бетбұрыс жасалып, демократиялық құқықтық зайырлы мемлекет құрылды. Бүгінде Қазақстан көп ұлтты мемлекет ретінде оны мекендейтін 130-дан астам халықтар мен ұлттардың өз Отанына айналып отырғаны белгілі. Өйткені, ХХ ғасыр бұрынғы кеңестер мемлекетінің әр түрлі аймақтарында өмір сүрген көптеген ұлттар мен шағын ұлыстар саяси реформалар мен тоталитарлық жүйенің жазықсыз құрбандарына айналып, өз елдерінен басқа жерлерде, оның ішінде, көпшілігі Қазақстан халықтарының негізін құрап отыр.

Қазіргі Қазақстан Республикасының әр түрлі облыстарында демографиялық және этнодемографиялық жағдай әр алуан. Тарихтан білетініміздей, оның негізі ХХ ғасырдың 30 жылдарынан бастап құралды, яғни Кеңестік тоталитарлық жүйе көптеген халықтар мен этникалық топтарды өз тарихи отанынан күштеп көшіріп, олардың бірлігі мен біртұтастығына, мәдени әлеуметтік дамуына орасан зиянын тигізді. Бірінен соң бірі жарыққа шығып жатқан сол кездегі заң туралы актілер, күшпен жер аударылған халықтардың жан-жақты дамуына түбегейлі кедергі келтірді.

Кеңес үкіметі кезінде халықтар қозғалысы, жетгілікті тұрғындардың құрамы жие өзгеріске ұшырады. Оның негізгі жүргізген саясаты-халықты жазалау мақсатында тарихи туған жерлерінен күштеп ауа-райы нашар, өңделмеген жерлерге, өмір сүруге қолайсыз аудандарға қоныс аудару болды. Тоталитарлық жүйе миллиондаған азаматтардың тағдырын тәлкек етті. Қазақ халқының сол жылдарда демографиялық өзгеріске ұшырауында кеңестік дәуірдің терең саясатының бір көрінісі еді.

Кеңес үкіметі тұсындағы саяси қуғын-сүргін тарихында келе жатқан, жеке адамның немесе тұтастай әлеуметтік тап пен топтардың құқығын қорлау, тұтас ұлттар мен этностарды жазалау аталмыш үкіметтің іс-тәжірибесіне айналды. Мұның өзі ерекше жағдайда тұтастай халықтарды жер аударуға - депортациялауға жол ашты. Сталиндік қуғын-сүргін тарихының құрамдас бөлігі ретінде депортацияның күрделі мәселелерін зерттеу қазіргі отандық тарих ғылымының басты міндеттерінің бірі. Саяси қуғын-сүргін тарихы, халықтарды жазықсыз жер аудару мәселесі кеңестік кезеңде құпия сақталып келді. Ал бүтіндей халықты жау деп депортациялау тоталитарлық жүйенің шектен асқан сорақылығы екенін құқықтанушылар айқын дәлелдеді.

КСРО-дағы кейбір аз ұлттар өкілдерін жер аудару саясаты соғысқа дейін күшіне енген мәселе. Мысалы, осындай ретпен Қазақстанға КСРО-ның басқа

өлкелерінен бұрынғы байлық иелері, кулактар, діндарлар, ақсүйектер, патша өкіметі әкімшілік орындарында қызмет еткен шенеуніктер барлығы 360 мыңдай адамдар жер аударылды. Кейіннен, бұл саясат бүтіндей халықтарға бағытталды. Осындай саясат нәтижесінде 30 жылдардағы ашаршылық кезінде халқы сиреп қалған Қазақстанға өнеркәсіп құрылысын өркендету, табиғи байлықтарын игеру мақсатымен адам күшін шоғырландырып, еңбек ресурстарын көбейтуге тырысты [2, 18].

Кеңестік мемлекеттің кең көлемде жүргізген осы заңсыз шаралары бүгінгі күнге дейін толық зерттелмей келе жатқан мәселе. Кеңестік жүйе тұсында қуғын-сүргін бірнеше сатыдан өтті. Ол патшалық Ресей тұсында Сібірге жер аудару, каторгаға жіберу сияқты тәжірибені ұтымды пайдаланды. Әуелде депортация бұрынғы жүйеге қызмет еткен жеке адамдарға, одан кейін БК (б)П қарсыластарына, онан соң тұтас ұлттарға жайылды. Сөйтіп, қуғын-сүргін жылдары орын алған саясат жер аударылғандарды ұлттық болмысынан, ділінен, мәдениетінен айырып, негізсіз кінә тақты, қатал жазалады. Бұл кеңестік ұлт саясатының заңдылықты сақтамауының айқын көрінісі болды [3, 3-4 бб]. Нәтижесінде, жер аударылған халықтардың әдет-ғұрыптық заң қалыптары мен этникалық қағидалары ұзақ дәуірлердің бойында қалыптасса, сонау аласапыран кезеңінде оларды күшпен жер аудару, қазіргі өсіп келе жатқан кейінгі буынға өз кіндік қаны тамған жерден біткен салт-дәстүрдің тамырына балта шабылды. Сондықтан, депортацияланған халықтардың, соның ішінде өлкеміз Батыс Қазақстанға орналасқан халықтардың өлкеге келу жағдайы, ортаға бейімделуі, олардың кейінгі тағдыры туралы мәселелер ерекше назар аударуды қажет ететіндігі даусыз.

Өлкеге күштеп қоныс аударылғандардың тарихы туралы нақты деректер мен арнайы ғылыми зерттеулер жоқтың қасы. Жалпы, кеңестік кезеңдегі күштеп қоныс аударылғандар туралы ғылыми тұрғыда жазу 80-ші жылдардың аяғында қолға алына бастаған. Алайда, негізгі себептері, оның зардаптары, қудалауға ұшырағандардың ауыр тағдыры, кемсітушіліктер сияқты мәселелер батыл жазыла алмай, тек бетүсті ғана берілген. Сондықтан бұл мәселе, еліміздің алға қойып отырған жаһандану жағдайындағы әлемнің 30 елінің қатарына кіруге талпынатын болсақ, онда Отанымыз Қазақстанның әрбір тұрғынының тағдыры мен ұлттық тарихын тану, шынайы болмысын көрсету, зерттеу кезек күттермейтін мәселе болмақ.

Қазақстан тарихындағы жергілікті халықтардың тарихы туралы зерттеу еңбектер көп емес. Олардың діл статистикасын білу де өте қиындық туады. Өйткені, кеңестік кезеңдегі саяси қуғын-сүргін тарихы, халықтарды жазықсыз жер аудару мәселесі құпия сақталып келді. Немесе қатаң бақыланып, ашық айтуға тыйым салған мәселеге жатады. Осының бәрі Батыс Қазақстан, тұтастай Қазақ елінің жергілікті тұрғындарының санын анықтауға миүмкіндік бермеді. Дегенмен де, зерттеу тақырыбымызға сай, Батыс Қазақстан халықтарының этноәлеуметтік

мәселесі КСРО халықтарының XX ғасырдың 40 жылдарындағы майдан шебі кәсіпорындарының Қазақстанға көшірілуіне қатысты еңбектерде көрініс тапқан. Кеңестік кезеңдегі В.Я.Басиннің [4], В.С.Городецкаяның [5], Ж.Абуталиповтың [6] зерттеулерінде Қазақстандағы эвакуация мәселелері мен көшіріліп әкелінген өнеркәсіп орындары туралы мағлұматтар берілген. Батыс Қазақстан аталған зерттеулерде республиканың басқа аумақтарымен бірге қарастырылады. Сол сияқты, халықтардың көшіп-қонуы, эмиграция мәселесі кеңестік кезеңнің «Эшелоны идут на Восток: Из истории перебазированич производительных сил СССР в 1941-1942 гг.» [7], «Очерки экономической истории Казахской ССР» [8] сияқты басты зерттеулерінде берілген.

Қазақстанға эвакуацияланған халықтардың өзекті мәселелері еліміздегі қайта құру жылдарында жарық көрген Ф.Н. Базанованың [9] монографиясында өте жақсы көрініс тапқан. Автор өз монографиясында соғыс жылдарында Қазақстанға эвакуацияланған халықтар мәселесіне ерекше мән береді. Мұрағат құжаттарын көптеп қолданған автор көшірілген халықтарды ұлтына қарай бөліп, шаруашылық және өндіріс саласындағы жекелеген қызметтерін саралаған. Соғыстан кейінгі жылдардағы көшірілген халықтардың әлеуметтік жағдайы, орналасуы, кәсіби құрамын зерттеуге көңіл бөлген. Кеңестік Қазақстанның әскери және шаруашылық-экономикалық жағдайы, Қазақстанның батыс өңіріне көшірілген халықтар туралы зерттеулер профессор М.Н.Сдыковтың [10] монографиясында көрініс тапқан. Автор еңбегінде көшірілген халықтарды орналастырудағы мемлекеттік мекемелердің қызметі, госпиталдар, оқу орындарының маңызды қызметі туралы айтады. Осылайша, XX ғасырдың 80-ші жылдарының соңында ғана КСРО көлеміндегі демократиялық екпіннің әсерімен мұндай мәселелерді зерттеу біртіндеп қолға алына бастады. КСРО көлеміндегі халықтардың депортациялануы жоспары, олардың іске асырылуы, жер аударылған халықтардың Қазақстанға орналасуы, тұрмыстық, құқықтық жағдайлары туралы Ресей ғалымдары А.М.Некрич [11] В.Н.Земсков [12], Н.Ф.Бугай [13], П.Полян [14] зерттеулерінде қарастырылды. А.М.Некрич еңбегінде көптеп қоныс аударудың негізгі кезеңдерін анықтап, депортацияланғандардың этникалық құрамын және тоталитарлық мемлекеттің экономикалық жағдайын дамытуға қосқан үлесін зерттеуге көңіл бөлген. Автор соғыс жылдарындағы депортацияның кездейсоқ еместігін, соғыс жағдайында бейімделу мен эвакуациялау саясатымен астарланғанын батыл жазады. В.Н.Земсков, Н.Ф.Бугай, П.Поляның зерттеулерінде Қазақстандағы халықтардың депортациялануының негізге себептерін, орналасу аумағын, саны мен халықтардың құрамын анықтауға мән берілген. Айталық, П.Полян XX ғасырдың 30-40 жылдарындағы депортациялық үрдістердің бес кезеңін атап көрсетеді.

Негізінен Қазақстандағы этноәлеуметтік құрам туралы мемлекеттік ресми мәліметтерде бірін саран айтылды және зерттелді. Осы мәселе

тұрғысынан қарастырған отандық тарихшылар ішінде қалам тартқандар академик М.Қ.Қозыбаевты [15], Қ.С.Алдажұмановты [16], Т.Кульбаев, А.Хегайды [17] атап өту керек. Қ.С.Алдажұмановтың зерттеулерінде қашан және қанша адамның Қазақстанға қалай орналасқанын нақты мұрағат деректерімен дәлелденген. Сол сияқты аталған авторлар еңбектерінде Ұлы Отан соғысы жылдарындағы кеңестік халықтың қайғылы ауыр тағдыры, қаудалануы, кінәсіз айтыпталуы сияқты мәселелер құнды деректермен көрсетілген.

Еліміздегі соғыс және соғыстан кейінгі жылдарда халық шаруашылығын дамытуға зор үлес қосқан депортацияланған халықтардың бірі кәріс халқы. Кеңестік кәріс халықтарының ауыр тағдыры мен тұрмыстық тауқыметі, жазықсыз жер аудыралуы, қудалау науқаны барысындағы көші – қоны туралы маңызды деректер ер В.Г.Кан [18], Кан Г.В. «История корейцев Казахстана.» [19] еңбектерінде берілген.

Кеңестік кезеңдегі депортация саясатының әсерінен Қазақстандағы демографиялық жағдай бірнеше рет өзгерістерге ұшырап отырды. Күштеп қоныс аударылған халықтардың орналасқаннан кейінгі ортаға, жергілікті тұрғындардың тұрмысына бейімделуі, Қазақстандағы тарихи демографиялық үрдістер ғалымдар М.Х.Асылбеков, А.Б.Галиевтің, [20], А.Н.Алексеенконың [21], М.Тәтімовтың [22], Ж.Ү.Қыдыралинаның [23] зерттеулерінде жан-жақты көрсетілген.

Қазіргі кезеңдегі Батыс Қазақстанда тұрып жатқан халықтардың орналасуы мен одан кейінгі тағдыры туралы қазіргі кезеңде электроынды ресурстарда көптеген мағлұматтар кездеседі. Құжаттық деректер негізінде Батыс Қазақстанға орналасқан халықтардың бұдан әрі тағдыры мен мәдениеті туралы жергілікті мұрағат қорларынан да табуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. –Астана, «Форма Плюс» баспасы, 2017.53 б.
2. Депортированные в Казахстан народы: время и судь. – Алматы: Арыс,- 1998.-428 с.
3. Қожаханова Қ.К. Қазақстанға жер аударылған халықтары және олардың Республиканың халық шаруашылығын қалпына келтіріп, дамытуға қосқан үлесі (1946-1960 жж).тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дай. Диссертация. –Алматы, 2007.
4. Басин В.Я. Тяжелая промышленность Казахстана в годы Великой Отечественной войны (исторический очерк). –Алма-Ата: Наука, 1965. -164 с.
5. Городецкая В.С. Размещение эвакуированных предприятий легкой промышленности в Казахстане в годы ВОВ//Вестник АН КазССР, 1975. - №4, с -3-7.
6. Абуталипов Ж. Экономика Советского Казахстана в годы ВОВ// Народное хозяйство Казахстана, 1985. -№5, С-34-40.

7. Эшелоны идут на Восток: Из истории перебазированич производительных сил СССР в 1941-1942 гг..
8. Очерки экономической истории Казахской ССР. – Алматы, 1980.
9. Базанова Ф.Н. Формирование и развитие структуры населения Казахской ССР. Национальный аспект. –Алма-Ата, 1987. -190 с.
10. Сдыков М.Н. История населения Западного Казахстана. –Алматы, 2004. -405 с,8 л.ил.
11. Некрич А.М. Наказанные народы. –Нью-Йорк, 1978. -350 с.
12. Земсков В.Н. Заключение, ссыльнопоселенцы, ссыльные и высланные//История СССР, 1991. -№5, -С. 32-36.
13. Бугай Н.Ф. Правда о депортации чеченского и ингушского народов//Вопросы истории, 1990. -№7. –С. 33.
14. Полян П. Не по своей воле ...История и география принудительных миграций в СССР. –Москва, 2001. -321 с.
15. Козыбаев М.К. Немцы Советкого Казахстана: факты и действительность//История Казахстана: белые пятна.-Алма-Ата, 1991. –С. 237-241.
16. Алдажуманов К.С. Расселение депортированных немцев в Казахстане 1941-1945 гг. //История немцев Центральной Азии. –Алматы, 2000. –С. 245-250.
17. Кульбаев Т., Хегай А. Депортация. –Алматы, 2001. -267 с.
18. Кан Г.В. Корейцы Казахстана. –Алматы: Казахстан, 1994. -180 с.
19. Кан Г.В. История корейцев Казахстана. –Алматы: Ғылым, 1995. - 260 с.
20. Асылбеков М.Х.,Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980 гг.). –Алма-Ата:Ғылым, 1991. -192 с.
21. Алексеенко А.Н. Население Казахстана 1920-1990 гг. –Алма-Ата: Ғылым, 1993. -125 с.
22. Тәтімов М. Қазақ әлемі. Қазақтың саны қанша? –Алматы, 1993. - 152 б.
23. Кыдыралина Ж. Депортированные народы в Казахстан. Монография. –Алматы, 1999.

ӘОЖ / УДК 94 (574, 1) 930

БАТЫРҒА ДЕГЕН ҚҰРМЕТ, ЕЛГЕ ДЕГЕН ҚҰРМЕТ!

Жайлан Г.С.

*М.Өтемісов атындағы БҚУ,
3 курс студенті. Орал қаласы*

Соңғы мәліметтер бойынша, бұрынғы Кеңес Одағының 27 миллиондай адамын жалмаған сұрапыл соғыста Қазақстаннан да көптеген жауынгерлер жауға қарсы жан аямай шайқасты. Бүкіл КСРО бойынша 12

мыңнан астам жауынгерлер, командирлер, қолбасшылар, партизандар, қарапайым халық өкілдері осы елдегі 1934 жылы белгіленген ең жоғарғы құрмет – Кеңес Одағының Батыры атағын иеленді. Солардың қатарында оған ие болған қазақ ұлтының 103 азаматы бар. Кешегі Ұлы Отан соғысында от-жалын кешкен майдангер әкелер рухы ешқашан ұмытылмайды. Осы сұрапыл соғыс күндері өз есімдерін алтындай таспаға жазып кеткен батырлардың орны да ерекше. Бүгінгі ұрпақтың негізгі парыздарының бірі-осы батыр ағалардың атын өшірмеу, жоқтатпау [1, 3 б.].

Сондай майдангерлердің бірі - Неталиев Сағын 1914 жылы Қаратөбе ауданына қарасты Батпақкөл кеңестің Байғұтты ауылында дүниеге келген. Бастауыш мектепте білім алған. Алғашқы еңбек жолын 1928-1930 жылдары Тайпақ ауданы Калмыков поселкасында қатардағы құрылысшы болып бастаған. Содан кейін 1930-1931 жылдары Ресейдің Орынбор, Челябинск, Магнитогорск қалаларында құрылыста жұмыста болған. 1932 жылы елге оралып "Жаңабағыт" колхозында есепші (учетчик) қызметін атқарады. 1936 жылы қызметі өсіп, колхоздың бас есепші қызметіне тағайындалады. 1941 жылы неміс басқыншылары елімізге шабул жасап, халқымызға қауіп төндіргенде Сағын атамыз алғашқылардың бірі болып соғысқа аттанып, Калинин өңіріндегі №1227 атқыштар полкінде қатардағы қызыләскер лауазымында сұрапыл шайқасқа қатысқан [2].

1943 жылы ауыр жараланып, әскери дәрігерлік комиссияның шешімімен, сол қолынан алған жарақаттың салдарынан мүгедектік негіз бойынша елге оралды. Ол елге оралған кезде колхозда "Бәрі майдан үшін, бәрі Жеңіс үшін" деген ұранмен еңкейген қариялар мен бала-шаға таңның атысы, күннің батысы тыным таппай жұмыс жасауда екен. Соғыстан жаралы келген атамыз өзінің күш жігерін доғармастан "Айна" және "Социализім", Ленин атындағы колхоздарда бас есепші болып жұмыс жасап, мігірсіз еңбек етіп Ұлы Жеңіске өзінің үлкен үлесін қосты. 1957 жылы аудан басшылығы Саралжын ауылындағы «Қарақамыс» байланыс бөлімшесінің бастығы лауазымына тағайындайды. Осы қызметінің барысында СССР Жоғарғы Советі Президумінің Жарлығымен "СССР-дің озық байланыс қызметкері" құрметті атағы берілді. Сағын атамыз бірнеше жауынгерлік медалдар мен тылдағы еңбектері үшін берілген төс белгілері мен мадақтау қағаздарының иегері. 1985 жылы Отан соғысының I дәрежелі ордені берілді. Майдангер пайдаланған заттар мен сөмкесі Батыс Қазақстан ПД-ті жанындағы музейде сақтаулы тұр. Сағын атамыз 1986 жылы 2 тамызда қайтыс болды. Қазіргі таңда Сағын атамыздан 1 ұл, 2 қыз, 4 немере, 8 шөбере тараған. Аталған мәліметтер атамыздың ұлы аймағымызға танымал қоғам қайратері, өлкетанушы, шежіреші Т.С.Сағынұлынан алынды [2].


Ұлы Жеңістің 75 жылдының орны ерекше. Атаулы күннің қарсаңындағы шаралардың барлығы жастарды Отанымызды сүйуге, ел-жерімізді құрметтеуге, патриот болуға тәрбиелейді. 9 мамыр – бұл бейбітшілік үшін болған ұлы күрес салтанат құрған күн. Бұл майдан

даласында мерт болғандарды да еске алатын күн. Екінші дүниежүзілік соғыстың отты жылдарында неміс-фашист басқыншыларын жеңу үшін шейіт болғандар да, аман-есен оралғандар да, көзі тірі қалғандар да ел жадынан ешқашан ұмытылмақ емес. Отанын қорғау үшін отбасын елде қалдырып, қолына қару алған жауынгердің тағдыры әрқилы. Олар туралы тарих ұл-қыздарымызды батылдыққа, батырлыққа баулуға тиіс. Жыл өткен сайын батыр бабаларға деген сый-құрмет көбеймесе, азайған емес [3, 450-455 бб.].

Қосымша №1



Қосымша №2



(Майдангер С.Ниеталиевтың фотосы, отбасы мұрағатынан алынған Орал, 1980 ж.)

Қосымша №3



Қосымша №4





Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Отты // Егемен Қазақстан газеті, №188-189, 2011. -12 бб.
2. Т.Сағыновпен сұхбат
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 476 бет.

ӘОЖ / УДК 94 (574, 1) 930

ӘУЛЕТ ҚАЗЫНАСЫ

Усманова А.К.

*М.Өтемісов атындағы БҚУ,
3 курс студенті. Орал қаласы*

Несіне қунасың бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр.
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнекей, жағада тұр,[1] -

демекші, бүгінде арда туған ардагер аталарымыз туралы айтар сыр ерекше. Кісіге тілі тимеген, ұяттан беті күймеген, жақсылықтан басқаны жаны қалап сүймеген, халқына тілеп ізгілік жайдары жарқын күйменен күн кешіп жүрген қазақтың қасиетті ұлдары аз ба? Сұрапыл соғыстың сұмдық зардаптарын, кеңес заманында өмір сүріп отырған қоғамның жарқын

келешегін жақындату жолындағы күрестің бейнесін бастан кешіріп, қажыр – қайраты мұқалып, қарттық шағына жетіп қалжыраған, ардагер аталарымыз туралы айтар сыр ешқашан толастамақ емес.

Жауыздықтың өрті лаулап, қаншама қандастарымыздың өмірін қиған соғыстың біткеніне 75 жыл толды. Менің Қыдырғали атам сол сұрапыл соғысқа қатысқандардың бірі еді. Ол талай отқа түсіп, талай қидаластан шыққан, жеңіс салтанатын да, жеңіліс күйігін де көрген. Кейінгі бейбіт өмірде соғыстан кейін күйреген шаруашылықты қалпына келтіруге тер төгіскен.

Усманов Қыдырғали Арыстанович – Ұлы Отан Соғысының ардагері, жеңіс жолында Берлинге дейін барған. Жасақ бастар жүрегі, жұрт билер білігі бар атам соғыста көрсеткен ерлігі үшін 8 медальмен марапатталған. Олардың ішінде – «За отвагу», «За Берлин», «За Сталинград», «За Украину» және т.б (1-қосымша).

Қыдыраш атам 1918 жылы ақпан айының 1 жұлдызында, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Таскала ауданы, Крупский қазіргі Мереке ауылында дүниеге келді. Қарапайым қазақ шаруа отбасының кіндіктен жалғыз ұлы болған. Сол ауылда білім алып, еңбек жолын ауылдық почтада бастаған. Жұмысына тиянақты болып почта меңгерушісіне дейін көтерілген.

Содан, 1941 жылы сұрапыл соғыс басталып, 23 жастағы атам елін қорап соғысқа аттанды. Соғыс жылдарында ерлік көрсетіп Сталинград, Украина, Берлинге дейін барған. 1945 жылы 28 ақпанда Геритц ауданы Одер өзені бойындағы авиациялық соғыста жауынгерлерді басқарып, қорғаныштық жоспарды ұтымды құрды. Өз басын қатерге тігіп, жеке пулеметынан қарсылас жақтың басшысына тосқауыл қойды[2]. Осы ерлігі үшін «За отвагу» медалымен марапатталды (2-қосымша).

1946 жылы сұрапыл соғысты жеңіспен аяқтап, туған елге аман оралды. Соғыстан кейін ауыл өміріне араласып, ауыл әкімшілігінің бастамасымен соғыстан келген азаматтар мал шаруашылығымен айналысты. Бұл іске менің атамда білек сыбана кірісті. Қолыны соғысқа дейінгі қаламын емес соғыстан кейінгі қамшысын алды. 1947 жылы 29 жасында атам шаңырақ көтерді. 1948 жылы Усмановтар әулетінің тұңғыш кесте тігер немересі – Райхан дүниеге келді. Соғыстан кейінгі бейбіт өмір қалпына келе бастады.

Әжем Ұлболсын алтын құрсақты ана. Атам Қыдыраш пен әжем Ұлболсынның 11 баласы болған. Оның бесеуі көз тиіп жасқа толмастан қайтқан. Қазір атамның ізін жалғар 1 бала және 5 қызы бар. Олардан 2 немере, 16 жиен тараған.

Алайда, жалғыз ер баласы қырқынан шықпай тағдырдың жазмышымен қан майданнан аман келсе де сұм ажал оны ерте алып кетті. 1969 жылы 50 жасында отар қойына қабан шауып, соны құтқару кезінде ажал құшқан.

Марқұм әжемнің әңгімелерінде, атам – салмақты, сергек саналы, асқақ ой – мұратты, өмірге икемді, сабырлы, сөзі өткір, табанды адам болған. Өкініштісі, жалғыз ұлы Кабдрахимнің жадында әкесінің бейнесі қалмағаны, жастай қайтып, өмірдің бейнетін көріп, бала – шағасы өскен шақта, қызығын көрмей кеткені.

1954 жылы дүниеге келген қызының естелігінде: « Мектеп жасымда мен әкемнің оң жақ жаурыны мен аяғындағы оқ өткен тыртықтарын танып беретін едім»- деп, Маржан апам есіне алады. Тағы бір естелігінде: « Біз ол кезде ойын балалары әкемнің соғыста ерлікпен алған төс белгілерін тағып, тетелес сіңілігерімнен ойнаушы едік. Сонда, Сәуле екеуін, Алма екеуін, мен төртеуін тағып жүгіріп ойын қуатынбыз».

Жан ата, қатал әскери соғыс жылдары белсенді Отанын қорғағандардың қатырында болдыңыз. Сіздің Ұлы Отан соғысы кезіндегі жетістіктеріңіз бен ерліктеріңіз біздің, жас ұрпақтың жадында мәңгілік сақталады. Оның жасаған ерліктері ескеріліп, Орал қаласындағы «Стелла» жеңіс алаңындағы батырлар тақтасында жазылған (3-қосымша). Атамды көрмесемде, естіген әңгімелерімнен сол кісінің ұрпағы болғанымна қуанамын. Атамның елге бейбітшілік сыйлау жолындағы ерліктерін мақтана отырып қағаз бетіне түсіремін. Соғысқа 75 жыл болып, ардагерлердің қатары сирегенмен, жеңіс жолында жасаған ерліктері мәңгі жадымызда болады. Аталарымыздың қан соғыста, шыбын жаны қалғанша алып берген бейбітшілік өмірді мәңгілікке сақтайық!

Қыдырғали немересі, Кабдрахимқызы Усманова Айдана.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 "Қариялар азайып бара жатыр" с. Мұқағали Мақатаевтікі
2http://podvignaroda.ru/?#tab=navPeople_search

1-қосымша



СЕКРЕТНО
экз. № 2

П Р И К А З

1944 ЗЕНИТНОМУ АРТИЛЛЕРИЙСКОМУ ПОЛКУ МЗА
19 ЗЕНИТНОЙ АРТИЛЛЕРИЙСКОЙ КРЫМСКОЙ ДИВИЗИИ РКК

5 марта 1946 года

№ 05/н

Действующая Армия.

От имени Президиума Верховного Совета Союза ССР,
за образцовое выполнение боевых заданий командо-
вания на фронте борьбы с немецкими захватчиками
и проявленные при этом доблесть и мужество -
Н К Г Р А Ж Д А Ю :

МЕДАЛЬЮ „ ЗА ОТВАГУ ”.

1. Заместителя командира орудия-наводчика 1-й батареи сфрейтора
ДЕНИНГО Ивана Федоровича за то, что 25 февраля 1946 года при
налете вражеской эскадри на переправу через р. ОДЕР несмотря
на сильный артиллерийский обстрел огневой позиции, продолжал
вести интенсивный огонь по вражеским самолетам, в результате
чего вражеские самолеты были рассеяны и бомбы сбросили мимо
цели.

В групповом бое с другими орудиями был сбит 1 ФВ-190.

1925 года рождения, русский, член ВЛКСМ, в Крас-
ной Армии с февраля 1943 года, участник
боев Отечественной войны с июня 1943 года
по июль 1944 года и с января 1945 года,
ранений не имеет, награжден медалью ЗА ОТ-
ВАГУ приком № 03/н 14.3.46 года 1338 ЗАП МЗА
в Красную Армию призван Гражданским РКК
Краснодарского края.
Домашний адрес: _____

2. Заместителя командира орудия-наводчика 2-й батареи красноармей-
ца ВЕЛИКАНОВА Якова Ивановича за то, что при налете вражеской
эскадри 25 февраля 1946 года вел меткий прицельный огонь, в ре-
зультате чего вражеским самолетам сбросить бомбы в цель.

28 февраля 1946 года при налете 52 самолетов противника
типа ФВ-190 на переправу через р. ОДЕР в районе ГЕРКТИ Дейного
несмотря на то, что бомбы рвались в районе огневой позиции бата-
реи, рискуя жизнью, вел меткий прицельный огонь по самолетам про-
тивника в результате чего в групповом бое с другими расчетами
сбит 1 ФВ-190.

1904 года рождения, русский, беспартийный, в
Красной Армии с июля 1941 года, участник боев
Отечественной войны с февраля 1942 года по
август 1943 года, с февраля 1944 года по
июль 1945 года и с января 1946 года, имеет
два ранения, ранен не награждался, в Красную
Армию призван Ново-Алтинским РКК Сталинград-
ской области.
Домашний адрес: _____

6. Заместителя командира орудия-наводчика 2-й батареи младшего сержанта ПЛАКУШЕНКО Евгения Викторовича за то, что 28 февраля 1945 года во время массированного налета вражеской авиации на переправу через р. ОДЕР в районе ГЕРИТЦ несмотря на то, что бомбы свалились в районе огневой позиции, метким прицелом огнем обил I ФВ-190, остальные самолеты были рассеяны и безорядке сбросив бомбы, поспешили уйти на свою территорию, не выполнив свою задачу.

1926 года рождения, украинец, член ВЛКСМ, в Красной Армии с апреля 1943 года, участник боев Отечественной войны с января 1945 года, ранений и контузий не имеет, ранее не награждался, в Красную Армию призван Беловодским РВК Ворошиловградской области.
Домашний адрес: _____

7. Заместителя командира отделения-наводчика роты крупнокалиберных пулеметов младшего сержанта ТИМОФЕЕВА Ивана Николаевича за то, что 28 февраля 1945 года во время массированного налета вражеской авиации на переправу через р. ОДЕР в районе ГЕРИТЦ несмотря на то, что значительная часть бомб была сброшена на огневую позицию завода и его засыпало землей, он, презирая смерть вел меткий огонь по самолетам противника, поставил плотную завесу огня над переправой и преградил противнику путь к переправе. В этом бою вместе с другими расчетами обил I ФВ-190.

1925 года рождения, русский, беспартийный, в Красной Армии с января 1943 года, участник боев Отечественной войны с января 1945 года, ранений не имеет, ранее не награждался, в Красную Армию призван Линецким РВК Воронежской области.
Домашний адрес: _____

8. Телерадииста 3-й батареи еврейтора ТИРЕШНИКО Семена Никиевича за то, что 28 февраля 1945 года во время массированного налета вражеской авиации на переправу через р. ОДЕР в районе ГЕРИТЦ под разрывами бомб четыре раза восстанавливал связь с командиром полка, чем обеспечил управление боем.

1906 года рождения, русский, беспартийный, в Красной Армии с января 1942 года, участник боев Отечественной войны с февраля 1942 года по июль 1944 года и с января 1945 года, имеет три легких ранения, ранее не награждался, в Красную Армию призван Краснодарским Гор. РВК.
Домашний адрес: _____

9. Командира отделения роты крупнокалиберных пулеметов младшего сержанта УСМАНОВА Кадрена за то, что 28 февраля 1945 года во время массированного налета авиации противника на переправу через р. ОДЕР в районе ГЕРИТЦ он умело организовал ведение огня своего пулемета по пехотникам противника.

Несмотря на то, что бомбы свалились в районе огневой позиции и ему угрожала смерть, своим личным примером поддерживал боееспособность своего расчета и руководил огнем своего расчета до конца отражения налета авиации противника.

///

районе огневой позиции батареи, продолжал стойко и мужественно работать у пулемета. В результате ведения огня в групповом бою сбит 1 ФВ-190.

1923 года рождения, поляк, член ВКП/б, в Красной Армии с августа 1944 года, участник боев Отечественной войны с января 1945 года, с марта 1943 года по июль 1944 года находился в партизанском отряде, ранений не имеет, ранее не награждался, в Красную Армию призван Эмельчинским РВК Житомирской области.
Домашний адрес:

10. Заместителя командира орудия-наводчика 1-й батареи младшего сержанта ЮДИНА Михаила Ивановича за то, что 25 февраля 1945 года при налете вражеской авиации на переправу через р. ОДЕР в районе ГЕРИЦ в групповом бою сбил 1 ФВ-190.

28 февраля 1945 года при налете 52 ФВ-190 на переправу через р. ОДЕР, несмотря на сильный артиллерийский обстрел противником огневой позиции батареи, вел интенсивный прицельный огонь и в групповом бою сбил 1 ФВ-190, остальным самолетам противника не дал возможности прицельно сбросить бомбы.

1923 года рождения, русский, член ВЛКСМ, в Красной Армии с марта 1942 года, участник боев Отечественной войны с 1 января 1945 года, ранений и контузий не имеет, ранее не награждался, в Красную Армию призван Южским РВК Ивановской области.
Домашний адрес:



КОМАНДИР 1344 ЗЕНИТНОГО АРТИЛЛЕРИЙСКОГО ПОЛКА 1ВА

ПОДПОЛКОВНИК

Верстаков — /ВЕРСТАКОВ/

Отд. 4 экз.
экз. 1-2 ОК 1-го ВФ
экз. 3 ОК УКА 1-го ВФ
экз. 4 в дело

г.п. Романов.

го сержанта УСМАНОВА Кадраша за то, что 28 февраля 1945 года во время массированного налета авиации противника на переправу через р. ОДЕР в районе ГЕРИЦ он умело организовал ведение огня своего пулемета по пикировщикам противника.

Несмотря на то, что бомбы рвались в районе огневой позиции и ему угрожала смерть, своим личным примером поддерживал бое-способность своего расчета и руководил огнем своего расчета до конца отражения налета авиации противника.

В групповом бою расчет мл.сержанта Усманова сбил 1 ФВ-190

3- қосымша

УЗАКБАЕВ Б.
УКСАНБАЕВ И.
УМАРОВ Т.
УМАРТАЕВ М.
УМБАЕВ Ш.
УМБЕТАЛИЕВ Ж.
УМИРОВ Ш.
УМРАЛИЕВ М.
УРАЗБЕКОВ И.
УРАЗГАЛИЕВ Е.
УРАКОВ К.
УРАКОВ Н.
УСАГАЛИЕВ М.Б.
УСАЧЕВ Н.А.
УСЛОНЦЕВ Н.А.
УСЛОНЦЕВ П.Г.
УСМАНОВ К.
УТАЛИЕВ М.
УТЕГАЛИЕВ С.
УТЕЕВ К.
УТЕНОВ С.
УТЕШЕВ Х.
УТОРБАЕВ Б.
УТЯПОВ М.Х.
УШЕНИН Н.Г.
РАДИН П.Е.

ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ

Түлегенова А.А.

*М.Өтемісов атындағы БҚУ,
3 курс студенті, Орал қаласы*

Ұлы Отан соғысы елге де, ерге де үлкен сын болғаны аян. Сол сұрапыл соғыста толарсақтан саз кешіп жүріп, қатыгез жаумен алысқандардың ерлігін жас ұрпаққа паш ету - бар шаның ісі. Ұлы Отан соғысы Қазақстандық әрбір отбасын шарпады. Миллиондаған адам әскерге, еңбек армиясына шақырылды, жүздеген мың жауынгер ұрыс даласынан қайтпай қалды, қапыда қолға түскендері неміс тұтқында азап шекті. Жауды талқандап, елге аман-есен жеткендері майданда жоғалтқан денсаулықтарын қалпына келтіре алмай, тән азабын бастан кешті [1, 208 б.].

Міне осылайша, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 75 жыл өтті. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы жа өзінің лайықты үлесін қосты. Осындай сұм соғысты аяқтатуға, жеңісті жақындатуға өз үлестерін қосқан туған өлкемнің ардагерлері өте көп. Солардың бірлері.

Антонов Александр Лукьянович-1911 жылы Бөрлі ауданы, Миргород селосында дүниеге келген. Әскер қатарына 1941 жылы Теректі әскери комиссариатынан шақырылып, Сталинград, Курск-Орел майданында, жапон соғысында шайқасқан. 1991 жылы 10 желтоқсанда Бөрлі ауданының Утвинка селосында жерленген.

Беляев Евгений Мартынович-1898 жылы Бөрлі ауданы, Миргород селосында дүниеге келген. Әскер қатарына Теректі әскери комиссариатынан 1945 жылы шақырылып, Оңтүстік-Батыс майданы, 1-Беларуссия майданына қатысқан. 2009 жылы Утвинка селосында жерленген

Дроздов Николай Петрович (Бөрлі ауданы, Миргород селосында) 1923 жылы дүниеге келген. 1941 жылға дейін колхозшы болып еңбек етті. Майданға 1942 жылы аттанып, 1947 жылы әскерден оралады. Орден және медальмен марапатталған. Соғыстан кейін түрлі жұмыстар істеген, Бумақөл ауылдық кеңесін басқарған. 19710 жылы бригада Ауыспалы Қызыл Туды алды. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1971 жылғы 8 сәуіріндегі Жарлығымен ауыл шаруашылығы өндірісін дамытуда және мемлекетке егіншілік және мал шаруашылығы өнімдерін сатудың бес жылдық жоспарын орындауда қол жеткізген жетістіктері үшін Социалистік Еңбек Ері атағына ие болды. 2007 жылы Утвинка селосында жерленген.

Звягин Михаил Григорьевич – 1918 жылы Бөрлі ауданы, Миргород селосында дүниеге келген. Майданға 1941 жылы аттанып, 1945 жылы әскерден оралды. Соғыстан кейін Донецкіде шахтер, 1960 жылдан бастап Утвинкада ағаш ұстасы болып істеген. 1991 жылы Утвинка селосында жерленген.

Костенко Иван Сидорович- 1993 жылы Бөрлі ауданы, Миргород селосында дүниеге келген.Әскер қатарына 1942 жылы шақырылды.Жеңісті Австрияда қарсмы алды ,кейін Румынияға жіберілді.1947 жылы әскерден оралды. Ерлігі және еңбегі үшін III дәрежелі Даік орденімен, II дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен және медальдармен марапатталған.Соғыстан кейін колхозда жұмыс істеген. 2000 жылы Утвинка селосында жерленген.

Ганенко Василий Трифионович – 1921 жылы Бөрлі ауданы, Миргород селосында дүниеге келген. Оңтүстік-Батыс майданына қатысқан. Соғыстан кейін Тельман атындағы колхозда слесарь болып жұмыс істеді. 2009 жылы Утвинка селосында жерленген.

Землянушин Петр Илларионович – 1908 жылы Бөрлі ауданы, Миргород селосында дүниеге келген.11-Украйна майданына қатысып, соғысты Австрияда аяқтады.1992 жылы Утвинка селосында жерленген.

Кобелев Василий михайлович – 1923 жылы Бөрлі ауданы, Миргород селосында дүниеге келген.Калинаин бағытындағы Солтүстік-Батыс майданында соғысқан.соғыстан кейін мұғалім болып жұмыс істеген. 1960 жылы Утвинка селосында жерленген [2].

Фашистік Германияны тізе бүктіру-адамзат баласының XX ғасырдағы ұлы мерекесі болып табылады. Бұл мерекеге қазақстандықтар қомақты үлес қосып қана қойған жоқ, бүгінгі азаттық пен тәуелсіздіктің іргетасын да қалады. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев басып айтқандай: «Ұлы Отан соғысы біздің халқымыздың, аға буын өкілдерінің, біздің әкелеріміз бен аналарымыздың биік рухын, ерлігі мен қаһармандығын күллі әлемге танытқан қасиетті соғыс болса, Ұлы Жеңіс аға ұрпақтың сол ұлы ерлігін мәңгілік ел жадында сақтауға арналған ең қастерлі мереке.

Егер Сіздердің сол сұрапыл соғыстағы жеңістеріңіз болмаса, бүгін жарқын болашаққа батыл қадам жасаған тәуелсіз Қазақстан да болмас еді».Біз аға халықтар арасындағы достық пен бірлікті қастерлеген аға ұрпақтың жалғасы екенімізді мақтан етеміз [3,629б.].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аупбаев Жанболат. Сырымды саған айтамын. - Алматы: Жалын, 1990. – 208 б.
2. Ауылдық кітапхана.
3. Қазақ жаунгерлері Ұлы Отан соғысы майданында (Тарихи-құжаттылық зерттеу).-Алматы: Өнер,2010.—640бет.


Қосымша №1



(Ұлы Отан соғ Павлов П.Л. Ленинград, 1942 ж. Отбасы мұрағатынан алынған)

Қосымша №2





ӘОЖ / УДК 1 – 94 (574)

АЛАШ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ИДЕЯЛАРЫ

Алхамова Л.К.

*М.Өтемісов атындағы
БҚУ магистрі, Орал қаласы*

Әлемдік тарихи процесте есімі қалып, белгілі бір ұлт пен мемлекет дамуында өзіндік ізін қалдырған тұлғалар мен саяси ағымдардың соңында үлкен рухани мұра қалатыны сөзсіз. Сондық қазақ ұлтының саяси оянуында, мемлекеттелігінің нығаюына негіз салған Алаш қозғалысының да ұрпақ үшін қалдырған үлкен философиялық мұрасы бар. Тәуелсіздік алып, өркениетті елдер қатарында ойып орын алған Қазақ елінде қазақ философиясы өзінің бастауын қайта жаңғыртты. Қазақ философиясы негіздерінің бастысы – елдік сана. Қазақ философиясындағы Елдік сананың бастауы – Ел болу идеясының қайнары қайда десек, Қазақ философиясының ежелгі бастауы – түркі философиясы болды. Ал жаңа замандағы қайнары – Алаш философиясы болып табылды.

Оны философия ғылымдарының кандидаты Т.Қ.Шаңбай «Ұлттық танымдағы ізденістер өз кезегін тосып тұр. Сол ізденістің бірі, алғаш рет ұсынылып отырған – Алаш философиясы. Мен Алаш философиясы Қазақстан өркениетін қалыптастырудағы қазақ философиясының алтын қазығы деп танымын. Бұл бүгін айтылмағанмен, ертең айтылар ақиқат» [1, 163 б.].

Шындығында, Алаш философиясы – феномендік құбылыс, этнотұтастық таным

барлығының(болмысының) көрінісі.Қазақ халқының біртұтас ұюына ғаламат ықпал еткен, еркіндік рухына ту байлаған Алаш философиясының ашылмаған анықтары көп. Профессор Шаңбай өз зерттеуінде Алаш философиясының концептуальды үш анығына айқын көрсетеді. Олар— Алаштың саяси философиясы, Алаштың білім философиясы және Алаштың ғылым философиясы.

Ең алдымен саяси философияға тоқталсақ, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жүргізген сарабал саясаты – Қазақ Елін әлемге танытты. Қазақ елінің саяси танылуы, қазақ саяси философиясының феномендік құбылыс ретінде қалыптасуына жол ашты. Әлем қазақтың саяси концепциясына назар аударды. Ендеше ол – қазақ философиясының ғылыми айналымға молынан қосатын метатақырыбы. Бұл тақырыпқа ерекше ден қойып, назар аударған Елбасының өзі болып табылды. Өзінің «Алаш мұрасы және осы заман» мақаласында «Ұлттық саяси ұйымның жасақталуының өзі отандық тарихымызда жеріне жете зерделенбей келеді. Оның үстіне кезінде «Алаш» партиясының жетекшілері ұсынған көптеген қағидалар бүгінгі күнге дейін өз маңызын сақтап отыр» деп ерекше атап көрсетіп, Алаш қайраткерлерінің ойлары саяси философияның негізгі идеялары екендігіне назар аударды [2, 153-181б.]

Өйткені Елбасы айтып отырған «бүгінгі күнге дейін өз маңызын сақтап отырған көптеген қағидалар», Алаш алыптары ұсынған саяси құндылықтар болмысы қандай екендігіне саяси философия жауап береді. Өйткені бұл ең алдымен санамен, оның оянуы нәтижесінде белгілі бір азаттық қозғалыстың туындауымен байланысты. Алаш қозғалысындағы саяси танымы биік тұлғалар мақсаты не? – деген сауалға академик Мәмбет Қойгелді өз еңбегінде: «Егер біз қазақ зиялыларының қызметін алдын ала дайындалған белгілі бір идеологиялық схемаға салмай нақты деректерге сүйене отырып, объективті негізде халық өмірімен, оның сол тұстағы негізгі табиғи мүдделерімен байланыста қарар болсақ, онда патшалық тәртіп жандарм орындары айтқандай «сепаратистік» әрекетті де, большевиктік идеологтар «дәлелдеп» қойған «буржуазиялық ұлтшылдықты» да көрмейміз, қайта империяның темір құрсауындағы елін бостандық, теңдік және туысқандық жолына алып шығу үшін өздерінің азаматтық күш-қуатын, адамдық бар қасиетін арнаған ерліктің үлгісін көреміз» деп пікір білдірген [3,467 б.]. Бұдан біздің көретініміз алаштың саяси философиясының негізгі идеялары– ел бостандығы, теңдік, туысқандық, азаматтық күш-қуат, адамдық қасиет.

Алаш философиясының екінші анығы - білім философиясы. XX ғасыр басындағы Елдік сананы оятқан Алаш философиясының ең арналы саласы, феномендік құбылыс болды.

Алаштың білім философиясы сан-салалы болып, ол – елде білім мәселелерін шешуге бағытталған. Әлемдік білім философиясының дәстүріне сай Алаштың білім философиясы бірегей тұтастықта

дамыды. Алаш алыптары Ұлы дала төсінде мектептер, басқа да білім ошақтарын ашу, оқулықтар жазу, газет-журналдар ашу, білім мен тәрбиеге қатысты танымдық-әдістемелік мақалалар жазу және т.б. көптеген мәселелерді қарастыра отырып, Алаштың білім философиясының концепциясын жасады. Алаш алыптары өз алдына қойған келелі мәселелер арасындағы Білім мәселесі, сол қоғамның басты құндылығы ретінде қарастырылды. Өйткені білім философиясының субъектісі – адам десек, білім адам болмысындағы басты құндылық болып табылады. Сондықтан Алаш алыптарының мақсаты – білімді тұлға, білімді қоғам, білімді мемлекет қалыптастыру болды. Ұлт ұстазы– деген қасиетті бағаны халық Ахмет Байтұрсыновқа бекер берген жоқ, себебі ол білімнің мәнін атап көрсеткен еңбектер жазды. Соның бірі – «Білім жарысы» деген мақаласында: «Қазақ арасында білім жайылуына, әуелі, оқу үйрететін орындар сайлы болу керек, екінші, білім тарататын кітаптар жақсы боларға керек һәм қалық арасына көп жайыларға керек. Осы мақсатқа жетуге зор себепкер болатын істің бірі – білім жарысы» дейді [4,256 б.]. Сондай-ақ, «Айқап» журналында жарияланған «Аз уақытта көп білудің басы» деген мақаласында «Әрбір жүз жылда көтерілген, құпталған жұмыстармен замананы мінездеу(бір қалыпта кіргізу) бар. Үстіміздегі ХХ ғұмыр(ғасыр) «білім ғасыры» деп айтылады. Кім біледі, түзу жолмен жүріп кетсек, һәм базардың қызуында кез-келген болып жиырмасыншы ғұмырда балаларды бәйгеге қоссақ, алдымен келіп бәйге алмасақ та, бөлініп қалмасақ жарар еді» дей отырып, ғасырдың басты құндылығы – білім екенін атап көрсетеді [5,82-83 б.].

Үшінші анық Алаш философиясының іргелі және инновациялық бағыты –Алаштың ғылым философиясы. Алаш алыптарының әрқайсысы әр ғылым саласының басында тұрды. Қазақ ғылымына дем берді. Алаш алыптарының негізгі ойларының бәрі - адамдыққа негізделген еді. Бұл олардың ғылыми танымы болып табылды. Оны сонау түркі даналығынан алады. Түркі даналығы – таным мен сенімді қатар ұстаған. Алаш алыптары да қазақ қоғамының болашағына нық сенім артып, оны дер кезінде тани алды.

Сондықтан, Алаш философиясының басты идеялары сананың ашықтығы, білімділік, ғылыми таным мен сенім болып табылды. Бұл идеялар қазақ қоғамын жарқын болашаққа жетелейтін идеялар болып табылды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Шаңбай Т.Қ. Алаш философиясы әлем қазақтары мәдениеті контексінде// Әлем қазақтарының рухани сұхбаты: Х.а. ғыл.-теор. конф. материалдары/ Құраст: Е.Тілешов, Г.Әріпбекова, О.Сүлейменов. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2008. – 364 бет.

2. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 бет.

3. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Бірінші том. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2008. – 480 бет.

4. Байтұрсынұлы А. Білім жарысы// Ахмет Байтұрсынов. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. Мақалалар және әдеби зерттеу/ Құраст. Р.Нұрғалиев.– Алматы: Жалын, 1991. – 464 бет.

5. Байтұрсынұлы А. Аз уақытта көп білу жолының басы.// Айқап,1912. №4. 82-83 беттер.

ӘОЖ / УДК 1 - 94 (574)

ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ ӨКІЛДЕРІНІҢ ИДЕЯЛАРЫ

Журасова Б.Ш.

*Госплемстанция ЖБОМ тарих пәні мұғалімі
БҚО, Теректі ауданы*

Ұлт көшбасшысы Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында көрсетілген мәселелер ұлттық сананың қазіргі заман талаптарына сай жаңғыру бағыттарын айқындайды. Қазақ Елінің мемлекеттілігін заман талаптарына сай етіп, одан әрі дамыту үшін ХХ ғасыр басындағы қазақ демократиялық интеллигенциясының бай мұрасымен ұлт тарихында жасаған өнегелі іс әрекеттеріне назар аударуды қажет етеді [1].

Себебі, еліміз мемлекеттік тәуелсіздігін алғаннан кейінгі кезеңдегі қалыптасқан қоғамдық әлеуметтік ақуал Қазақстан мемлекетінің қалыптасу тарихының тек бүгінгі мәселелерін ғана емес, сонымен қатар өткенін де жаңаша көзқарас тұрғысынан бағалауды талап етіп отыр. Мәселеге салыстырмалы талдау жасайтын болсақ, Алаш қозғалысының қайраткерлері өткен ғасыр басында Алашорда Үкіметін құрғанда олардың алдында да бүгінгіге ұқсас көптеген мәселелер тұрды.

Негізінен Ресей империализмі түркі тектес халықтардың бірігуінен қорыққан. Бұл үрдіс қазіргі кезеңге дейін сақталып келеді. Алашорда париясын құрып, саяси санасы мен азаматтық позициясы күшейген кезеңде бұл түркі халықтарының ұраны болған ұғымды биікке көтеріп, елдікті ойлаған арыстарымыз империализмге шын қауіп төндірді. Олай болса, қазақтарда Алаш ұғымына қатысты дүниетаным өзге түркі тектес халықтарға қарағанда тереңірек сақталған және онда далалық өлкеде еркін көшіп-қонып жүрген тәуелсіз көшпелі тұрмыс ардақталатын сарын сақталған. ХХ ғасырдың басындағы, қазақ халқының идеологиялық өкілдері ролін атқарған қазақ ұлттық демократиялық интеллигенциясы өзінің алдына халқын дағдылы санадан бостандықтың, тәуелсіздіктің ең жоғары мұраттарына бастайтын нақты жолды міндет етіп қоя отырып, бүкіл халық атынан әрекет етті. Олар өз халқына тәуелсіздік және отаршылдық құлдықтан азаттық алу

жолындағы күресте көмектесуге ұмтылды, әрбір адам мен әрбір халықтың жеке бостандыққа және бүкіл адамзат мәдениетінің жетістіктері мен табыстарына еркін қол жеткізу құқығы сияқты жалпы адамзаттық қазыналар жолында күресті.

Халықтардың ұлт болып қалыптасуы тарихта зиялылардың қалыптасуынсыз болмаған, яғни зиялы қауымы жоқ халық ұлт болып қалыптаса алмайды. Зиялы қауым халықтың келешегіне жол ашады. Сондықтан да кез келген диктаторлық жүйе өз мақсаттарына кедергі жасайтын зиялылар деп есептеп, алдымен зиялылардың құтылғысы келеді. Оның бір дәлелі 30-жылдардағы диктаторлық жүйенің орнығуы кезінде ең алдымен қазақ қоғамын жарқын болашаққа жетелеген Алаш зиялыларын құртуға бағытталған еді, себебі оларды айтқанға көндіріп, айдағанға жүретін тобырға айналдыру мүмкін емес еді.

Зиялы қауым өзінің толғаныстарымен, тебіреністерімен, ерен қимылдарымен, жаңа туындыларымен ой салады, болашаққа жетелейді, халықтың сана сезімін оятып, ұлттық рухты асқақтатады.

Тәуелсіз мемлекетіміздің құрылуы – қазақ халқының талай ғасырларға созылған ұлт-азаттық күресінің заңды нәтижесі. Патшалық отарлау саясатының салдарынан қазақ елі өз ұлттық мүддесін қорғау қабілетінен айырылу қаупінде тұрды. Осындай жағдайда

XX ғасырдың басында қалыптаса бастаған қазақ зиялылары қазақ қоғамында өріс алған ұлт-азаттық қозғалысқа жетекшілік жасады. Олардың дүниетанымында ұлттық мүдде, бостандық, теңдік идеялары басым түсті. Бұл тек қазақ зиялыларына ғана емес, жалпы дүниежүзілік қоғамдық ой саласына тән құбылыс болып саналады.

Қазақ зиялыларының күрес тарихы негізінен екі кезеңнен тұрады. Алғашқысы, ұлттық демократиялық бағыттағы Алаш қайраткерлерінің, ал екіншісі, кеңес дәуіріндегі жаңа, жас буын өкілдері жүргізген күрес кезеңі. Алаштың көрнекті жетекшілері Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Шоқай, М.Тынышбаев, Х.Досмұхамедов,

Х.Ғаббасов және т.б. ондаған қайраткерлер Петербург, Москва, Варшава, Қазан, Омбы және Орынбордың жоғарғы оқу орындары мен училищелерін бітіріп шыққан, аса білімді адамдар еді. Ал, кеңес дәуіріндегі саяси тұлғалар Т.Рысқұлов, С.Қожанов, С.Сәдуақасов, Ж.Мыңбаев, Ы.Мұстамбаев, Н.Нұрмақов және т.б. Алаш қайраткерлерінің 1917 ж. Ұлттық сипатта іске асырмақ болған бағдарламаларын кеңестік үлгіде жүзеге асыру жолында күрескен табанды қоғам және мемлекет қайраткерлері болды [2, 98-99 б.].

Алаш ардақтылары Орынбор генерал-губернаторлығына қарасты Торғай, Орал, Омбы генерал-губернаторлығына қарасты Семей, Ақмола, Түркістан генерал-губернаторлығына қарасты Сырдария, Жетісу облыстарына шашырай орналасқан барша қазақты қосуға күш салды. Қарап отырсақ 1917 жылы желтоқсан айында Алашорда өкіметі ресми жарияланған тұста қазақ зиялылары Ұлт кеңесін құрып, оған барлық

қазақ облыстарынан белді азаматтарын енгізген. Алашорда, алдымен, ұлттық бірлікті ту етіп, бірлік идеясын ұстанған. Сондықтан қалыптасқан тарихи жағдайға байланысты 1917 жылы шамамен 2 665 441 қазақ өмір сүрген Сырдария мен Жетісуды, яғни, Түркістанды Алашордаға қосу аса маңызды мәселе болды. Ә.Бөкейханов пен М.Шоқай қол қойған жеделхатта: «Екінші жалпы қазақ-қырғыз съезі бүкіл Алаш баласын біріктіріп, өз алдына автономия етуге қаулы қылды», – деп жазылса, сәл кейін М. Шоқай Сырдария халқына үндеуінде «Сырдария халқына өз тарапымнан айтарым, тегінде Алаш баласының басы қосылатын кезі осы бүгін. Айырылсақ мұнан соң жұрттың басын қосуымыз қиын. Алаш ұранына шаппайтын қазақ баласы болмас» деген тоқтамға келген. Осылайша, Алаш зиялылары патша өкіметінің құлауын, елдегі революциялық төңкерістерді ұлт мақсатына пайдалануды көздеді. Ал ұлт мақсаты - ел болу еді.

Қазақ мемлекеттілігін қалпына келтіруді көздеген зиялылар қазақ жеріндегі өзге де ұлттарды бір мақсатқа жұмылдыру үшін Алашорда Уақытша Ұлттық кеңесінің 25 мүшесін бекіткенде оның 10 мүшесін қазақтар арасындағы орыс және басқа ұлттарға қалдырды. Мұндағы алаш зиялыларының идеясы біртұтас мемлекетті құрудағы ішкі үйлесімділік пен қалың көпшілікті ортақ мүддеге бағыттау болып табылды. Бүгінгі рухани жаңғыру Алаш зиялыларының арман мүддесін, алдына қойған мақсат-міндеттерін іс жүзіне асырып, тұтас халықтың қазіргі замандағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру – ұлтымыздың мәңгіліктігінің негізгі кепілі. Алаш зиялылары ұстанған үйлесімділік этностық бірегейлікке, тіл мен ділдің үйлесімділігіне алып келді.

Ресейдің бодандығына кірген қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси және жетілдіруші әрі қозғаушысы Алаш партиясын шынайы қажеттіліктен құрған алаш қайраткерлері тарихи мүмкіндікті мүлт жіберіп алмау жолында жан аянбай еңбек етті. Бұл ел тарихындағы елеулі кезең турасында Президент Н.Ә.Назарбаев: «XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстанның қоғамдық саяси өміріндегі Алаш партиясының алатын орны мен қызметін зерттеу Отандық тарихымыздың ең өзекті мәселелерінің бірі дей келе, «Тарих толқынында» атты кітабында Алаш Орда қайраткерлерінің еңбегін: «XX ғасырдың басындағы ұлттың зиялылары қазақтың ұлттық идеясын құрастыру міндетін өз мойнына алып, ұлттық бірігу идеясын ұсынды. Бұл кезеңде Қазақ зиялылары зиялылық сақтап, ұстамдылық танытып, іштегі қыжылдың сыртқа шығуына жол бермеді және жұртты қолға қару алуға шақырған жоқ. Керісінше Міржақып Дулатұлы «Оян, қазақ!» (Орынбор, 1909), Байбатыр Ержанұлы «Тұр, қазақ!» (Қазан, 1914) және Әбілқасым Арғыни «Жатпа, қазақ!» (Ташкент, 1917) еңбектерін арнап, елдің рухын оятты [3]. Нәтижесінде, алаш зиялылары артына ертеңгі ұрпағына болашақ бағыт-бағдар ретінде мол мұрасын қалдырды, «Керегеміз ағаш, ұранымыз Алаш» деп барша қазаққа ортақ идеологиялық ұстанымын орнықтырды.

XX ғасырдың басында өмір сүрген ұлт зиялыларының қоғам алдындағы жауапкершілігі, отансүйгіштігі мен биік мақсаттары – бүгінгі ұрпаққа үлкен өнеге. Олар халық алдындағы адалдықтың, рухани кемелдіктің, ұлтжандылықтың үлгісі. Ғасыр басындағы «Оян, қазақ!» ұраны жаңа ХХІ ғасырға өтіп бара жатқан кезде де күн тәртібіндегі негізгі мәселе болып отыр.

Қорыта келгенде, Қазақ халқының ұлттық болмысы мен дүниетанымын өзгелерден ерек ететін бауырмалдығы мен тараған түп тамырға адалдығы Әлихан мен Тұрар бастаған қазақ зиялыларының барлығының жүрегіндегі аялаған арманы, өмірінің ең басты мұраттарының бірі болды. Қазақ халқын ғана емес өзге тамыры бір түркі халықтарының азаттығы бүкіл алаш арыстарының саяси-рухани шамшырағы еді. ХХ ғасырдың басында арман болып, ымырасыз күрес жүргізген мұрат бүгінгі өмірдің шындығына айналды. Кешегі Алаш идеясы – бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан!

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы//<https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>

2. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы (Көмекші оқу құралы). - Алматы: Санат, 1995. - 368 б. 3. Қазақтың оқыған зиялылары // Тураби. – 2000. - № 4. – 40- 42 б.

ӘОЖ / УДК 930 (092)

АЛМА ОРАЗБАЕВА ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР

Байбулсинова А.С.

М.Өтемісов атындағы БҚУ доценті, т.ғ.к.

Залмұқанова А.

М.Өтемісов атындағы БҚУ магистранты

Мемлекетіміз азаттыққа қол жеткізгеннен соң, ел үшін толағай еңбек сіңірген, қасық қаны қалғанша күрескен ерлерімізді ақтап, тарих беттерінде алтын әріптермен есімдерін жазу басталды.

Еліміздің дамуында айтарлықтай із қалдырған азамат пен азаматшалар қаншама... Тарих біреуін айтып мадақтаса, екіншісі туралы үн қатпайтыны өкінішті-ақ.

Қазіргі таңда, қазақ тарихындағы ұлт үшін күрескен мемлекет және қоғам қайраткерлерінің өмір жолдары мен қызметі туралы жан-жақты зерттеулер қолға алынған. Соның ішінде, әйелдер қозғалысы шежіресінде жиырмамыншы — отызыншы жылдары өмір сүрген әйелдер ұрпағының жалынды жетекшісі ретінде танылған, шығыс әйелдерінен шыққан тұңғыш

коммунист ғана емес, сонымен бірге әйелдер арасынан суырылып шыққан алғашқы мемлекет қайраткері - Алма Дінмұхамедқызы Оразбаеваны да атап кеткен жөн.

Жаңа заманның алғашқы қарлығашы атанған, қазақтың тұңғыш коммунист қызы, әйел теңдігінің жалынды жаршысы Оразбаева Алма 1898 жылы желтоқсанның 28-і күні көптеген тарихи оқиғаларға куә, қасиетті Бөкей Ордасының жерінде қарапайым жұмысшы отбасында дүниеге келген [1, 421 б]. Балалық шағы жоқшылық, аштық көрумен өткен. Ата-анасы өте қарапайым жандар болған.

Қазақстан Республикасы Президентінің Архивының жеке ісінде сақталған 1924 жылы 10 қазанда Орынбор қаласында Алма Оразбаеваның өз қолымен жазған өмірбаянында: "Әкем - пеш салушы, анам қырғызша сауатты, жеке сабақтар берген. Бірақ, негізгі табыс көзін кір жуушы болып тапты. Отбасында 5 бала - 2 ұл, 3 қыз болдық [2, 226]" - өзінің отбасы туралы түсінік береді.

Алма Оразбаеваның Жәңгір хан 1841 жылы ашқан мектебінде тәлім алғандығы туралы мағлұматтар бар. Бұл мектепте белгілі ағартушылар С. Меңдешев, М. Сарсембиев, Н.Залиевпен бірге, Бөкей Ордасына арнайы жіберілген орыс және чуваш ұлтының зиялылары сабақ берген. Алма Оразбаеваның құрбысы Мадина Бегалиева: "Орыс-қырғыз (қазақ) мектебінде 20 жыл бойына тек қана 10 қыз білім алған. Соның бірі-Алма Оразбаева еді [2, 22 б], "-деп еске алады. Қазіргі таңда, Бөкей Ордасындағы Жәңгір хан атындағы мектебінің мұражайында, осы мектептің түлегі ретінде Алма Оразбаеваның суреті ілініп тұр.

Алма Оразбаеваның жас кездері туралы Алманың алғашқы ұстаздарының бірі, республиканың халық ағарту жұмысына кезінде көп еңбек сіңірген Разия Дүйсенғалиқызы Меңдешева (1890-1971жж.) айтып берген еді. Разия апай: "Алма өзінің оқып білім алуына алдымен алғашқы ұстазы, орыс-қазақ қыздары мектебінің сол кездегі меңгерушісі Г.А.Воскресенскаяға борышты еді. Шәкіртінің қабілеттілігін, оқуға деген құштарлығы мен зор талабын бірден аңғарған ол Алмаға жанын салып көмектесті. Мен сол жылдары осы кісінің көмекшісі болып істедім. Глафира Андреевна Алманы маған да тапсырып қойды. Алма әсіресе көркем әдебиетті сүйіп оқыды. Оны кітаппен достасуға үйреткен де осы кісі еді",-деген болатын. Меңдешеваның айтуынша, сүйікті оқушысының оқудан басқаға алаңы жоқ, есіл-дерті адам болуға ұмтылу, осы бастауыш біліммен тоқтап қалу оған өте обал, сондықтан оны бұдан әрі оқытудың бір амалын қарастыру керек деп, Воскресенская Орда халық ағартушыларының есіне қайта-қайта сала берген. Осы тілектің нәтижесінде, Алманы Симбирскідегі мұғалімдер даярлайтын чуваш мектебі жанындағы екінші басқыш қыздар училищесіне жіберу мәселесі қолға алынды [3, 224-225 б].

Білім аңсаған Алманы Симбирскіге жіберу, Бөкей ағартушыларына оңай түспеді. 1909 жылдың 6 хамалында (наурызында) Ішкі Қырғыз

(Қазақ) ордасындағы халық училищелерінің инспекторы М.Филиппов чуваштың белгілі ағартушысы И.Я.Яковлевке мынандай хат жолдайды: "Биыл Ордадағы орыс-қырғыз училищесінің әйелдер курсы 13 жасар қазақ қызы (хатта қате кеткен, Алма ол жылы 11 жаста) Алмабет Оразбаева бітіреді,- деп басталады бұл хат, - Ауылдағы әйелдер мектептеріне сабақ беретін мұғалімдердің орнын басатындай азды-көпті білімі бар қазақ қыздарына зәру бола отырып, мен оның білімін жалғастыру үшін Сізге сеніп тапсырылған Симбирск мұғалімдер мектебіне жібергім келер еді. Алмабет Оразбаеваның өзі де Симбирскіге баруға тілек білдіріп отыр. Бас иіп өтінемін...маған бір хабарын берсеңіз екен, аталған Оразбаеваның қабылдануынан үміт етуге бар ма? [3, 225 б]"-деп, өтіне хат жазылғаннан кейін ғана, Алма Оразбаева зор қиыншылықпен Симбирскідегі оқуға қабылданады.

Симбирскідегі оқу, сондағы орыстармен қатынас орнатуы, жас қазақ қызының рухани баюына, ой-өрісі кеңеюіне үлкен септігін тигізеді. Орыс әдебиетімен етене жақын араласуына мүмкіндік туғызады. Пушкин, Лермонтов, Тургенев еңбектерін оқып, білімін толықтыра түседі [4, 214 б]. Лениннің өсіп-өнген үйін, аймағын көріп, олар туралы көп әңгіме естіп, демократтық бағытты түсіне бастайды.

Көп жылдар осы училищеді Ілья Ульянов/Лениннің әкесі/ директорлық қызмет атқарғандықтан және ол қайтыс болғаннан кейін сол училищеді оқыған оқушылардың бәріне "Ульяновшылар" деген құрметті атақ берілетін еді. Алма да ульяновшы атағын алған еді [5,15 б]. Симбирскідегі білім алу оған өмір бойы көмектесті. Соның арқасында Алма Оразбаева орыс тілін жетік меңгереді. Бұны Алма Оразбаева өз анкетасында "тілді меңгеруі: қазақ, орыс, татар және чуваш тілдері [2, 23 б]" ,-деп көрсетуі дәлел бола алады.

Бөкей даласы оқу ағартушыларының көптен бері қойып келе жатқан мәселесі шешіліп, 1911 жылы Ордада екінші басқыш қыздар мектебі ашылады. Бастауыш білімін жалғастырамын деген бірқатар қыздар осы мектепке түсіп, 1912 жылы оның бірінші класын бітірген болатын. Бұлардың ішінде өзінің бұрынғы кластасы Мәдина Бегалиева да болды. 1912-13 оқу жылы басталғанда мектеп басшылары бірауыздан ұйғарып, Алманы екінші класқа алады. Алманың Симбирскіден озық білім, жақсы тәлім-тәрбие алғандығы бірден көзге түсті.

Осы мектепте оқуын одан әрмен жетілдіре түсіп, ақ пен қараны, жақсы мен жаманды айырып қалған бойжеткен сол күннен бастап-ақ анасының біраз бейнетін жеңілдете бастайды. Сөйтіп, Ордадағы жаңадан ашылған 2 кластық қыздар мектебін ойдағыдай бітірген Алма, уақыт өте келе, осындағы жоғарғы бастауыш ерлер мектебі жанындағы 3 жылдық курсты бітіреді. Нәтижесінде,1916 жылы бастауыш класс мұғалімі мамандығын алып шығады [1, 421 б].

Осылайша, Алма Оразбаева, халқымды білім нәрімен сусындатсам деген, асыл арманына қол жеткізеді. Сол кезеңде-ақ тек білімді ғана алға

озатынын ерте жастан бастап ұққан. Қанша қиын болса да, білім алуына барынша талаптанды. Ақыры, өз дегеніне жетті.

Алма Оразбаева ұстаздық жолын Новая Казанка ауылында бастайды [4, 215 б]. Ал Хабиба Сейітқазиеваның жазуы бойынша, Алма Оразбаева алдымен Жаңақала, кейін Қазақ Таловкасында ұстаздық етеді [3, 228 б]. Қалай болмағанмен де, Алма апамыздың осы жақтарда ұстаздық қызмет атқарғаны күмән келтірмейді. Новая казанка, яғни Жаңақазан ауылындағы, қазіргі Мәжит Жүнісов атындағы мектептегі мұражайда, Алма Оразбаеваның фотосуреттері әлі күнге дейін сақталған.

Тек қана балаларды оқытып қана қоймай, өз білімін де ары қарай толықтырғысы келеді. Сол мақсатпен "Оқтар" журналын", сонымен қатар, татар тілінде "Пікір" мен орыс тіліндегі "Уралец" газеттеріне үнемі жазылып, уақытын соларды оқумен өткізетін [2, 23 б].

Ақпан, Қазан төңкерістері қарсаңындағы дүрбелең жылдар қазақ халқының көзі ашық, көңілі ояу өндірдей жастарын да буырқанған өмір теңізінің айдынына алып шыққаны мәлім. Еліміздің саяси-әлеуметтік өміріне Алма Дінмұхамедқызы Оразбаеваның білек сыбанып кірісетіні де осы тұс. 1917 жылы ақпан төңкерісінен соң монархияның құлағандығын естіп, Бөкей даласындағы өзге мұғалімдер секілді Алма Дінмұхамедқызы да бұл жаңалықты зор қуанышпен қарсы алады. Саяси сауатты тұлғалар халықты әлеуметтік және ұлттық теңдік үшін күресуге шақырады. Соған байланысты үгіт-насихат жұмыстарын жүргізе бастайды [4, 215 б]. Демократиялық бағытты ұстанған Алма Дінмұхамедқызы Оразбаева 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін социалистік жолда қызмет істеуге біржола беріледі де, Уақытша үкіметті құлатуға, кадет-алашшыларды жолдан ығыстыруға бар күш-жігерін жұмсайды. Осы кезде ол өзінің большевиктік іс қабілетін, жалыны өшпес жігерлі жан екендігін бұрынғыдан да ерекше айқындап көрсете білді [5, 15 б].

Күрестің саяси бағыттарын нақтылап отырған Орал, Астрахань комунистері Ордаға жиі-жиі келіп, Меңдешев, Генералов, Жаныекешев, Оразбаева, Тұңғашин арқылы партия қарарларын ел ішінде таратып отырды. Алманың өсуіне, шыңдалуына бұлар ерекше әсер етті. Өстіп Алма "эскадроншы", "саяси жетекші", "қызыл үгітші" деген атақ алады. Бұл атақ Алманың ел ішіндегі беделін өсіре түсті [5, 15 б].

1917 жылы мамыр айында Ордада С. Меңдешевтің бастауымен өткізілген бүкіл оқу жүйесін өзгертуді талап еткен мұғалімдер съезінің жұмысына белсене араласады [1, 422 б]. 1917 жылдың күзінде Алма Оразбаева Ордаға қайтіп келіп, саяси өмірге біржолата енеді. Бөкей Ордасына Кеңес билігін орнату үшін күш салады [4, 215 б]. Белгілі революционерлер Бейсен Жаникешев, Хамит Шорин, Сейітқали Меңдешев, Петр Варламовтың қатарына өзінің серіктестері М.Ниязова, Е.Князева, М. Поляковамен бірге 19-жасар Алма Оразбаева да енеді [2, 22 б].

Сатыбаллады Даумов "Роковая судьба" атты кітабында 90 жасар ақсақалдың: " Ордадағы I үлгілі атты әскер полкінің құрылуына

байланысты ұйымдастырылған кеш әлі есімде. Үлкен сахна құрылды. Сахнаға бірінен соң бірі Алма бастаған жас қыздар мен әйелдер шыға бастады. Олар бүкіл кеш бойы әсем ән салып, би биледі. Мен Алманы бірінші рет 1917 жылы көргем. Сахнада жастар К.Мендыхановтың "Малдыбай" атты пьесасын қойған. Қалың малға сатылған жас қыздың ролін Алма Оразбаева сомдаған еді. Алмамен бірге сахнаға 2 қазақ қызы шықты: Мубина Ниязова, Мадина Бегалиева. Бұған қоса, бұл жас қыздардың батыл әрекеттерін "Ұран" газеті мадақтағаны есімде [2, 25 б], - деген естеліктерін жазады.

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінде Қазақ әскери істер жөніндегі комиссариатының 1919 жылғы 17 маусымдағы №45 бұйрығы сақталған. Бұл бұйрық бойынша, Алма Дінмұхамедқызы Оразбаева Комиссариаттың саяси-ағарту бөлімінің үгітшісі болып ресми түрде тағайындалады да, көп ұзамай Мәскеудегі М. Свердлов атындағы Коммунистік университет жанындағы үгітшілер мен насихатшылар курсына оқуға жіберіледі. Сол жақта Алма Оразбаева Н.К.Крупская, Инесса Арманд, Р.С.Землячка, Е.М. Ярославский, В.В.Куйбышев сияқты партияның белгілі тұлғаларымен танысады.

Алма Оразбаеваның еңбек жолында өрлеуі, 1919 жылдың қазан айында РК(б)П қатарына қабылдануымен басталады [1, 422 б.].

1919 жылдың қарашасында Алма Оразбаева Қазревкомның ақпарат бөлімінің меңгерушісі [6, 48 б] болып тағайындалса, 1920 жылы күзде Қазақстан Республикасын құруға шешуші дауыспен делегат болып қатысқан Алма Оразбаева үкімет құрамына мүшелікке сайланады [5, 16 б].

1920 жылы қазан айында Орынбор қаласында Қазақстан Кеңестерінің бірінші құрылтай съезі өтті. Бұл съездде "Қырғыз (Қазақ) АКСР еңбекшілерінің құқықтары туралы декларация" қабылданды. Бұл маңызы бар құжаттың авторларының бірі Алма Оразбаева еді [2, 22 б].

1921 жылы Алма Дінмұхамедқызы аштарға көмек көрсету бөлімінің меңгерушісі міндетін атқарды. Ең бірінші балалар үйін ұйымдастырып, шалғайдағы ауылдарға жәрдемдесті [7, 65 б].

1921 жылы мамыр айында Алма Дінмұхамедқызы Ордада партияға кірмеген әйелдер үшін Бірінші губерниялық (облыстық) конференция ұйымдастырады. Бұл конференцияға алыстағы Теңіз уездінен белгілі күйші, композитор Дина Нүрпейісова да келеді. Конференцияда "Кеңес билігі әйелге не берді?" - деген Алма Оразбаеваның баяндамасы тыңдалады. Кейін, Дина Нүрпейісованың орындауындағы күйлерден соң, Алма Оразбаева тамылжыған нәзік даусымен халық әндерін орындай бастады. Осылайша, Алма Оразбаеваның тағы бір таланты ашылды [2, 26 б].

"Өнер - әрқашан да қасиетті". Қазақтан шыққан өнерлі аға-апаларымыз қаншама. Біреуі тамылжыған үні арқылы қазақ даласын тербесе, екіншісі, мың бұралған биі арқылы, үшіншісі, күмбірлеген қасиетті домбыра үні арқылы тек қазақ еліне емес, сондай-ақ шетелге де кең танылған. Зерттеліп жатқан тұлғамыз Алма Дінмұхамедқызы тек қана

мемлекет, қоғам қайраткері ғана болып қоймай, сонымен қатар, қазақ өнерінің жанашыры ретінде өнерлі жастарға деген қамқорлығы ерекше болғандығы айтылады. Алма Оразбаеваның қазақтың өнеріне, қазақтың өнерлі жастарына жасаған қамқорлығы туралы білмейтіндігіміз өкінішті! Оған дәлел, өнертанушы ғалым, қазақтың музыкалық мұрасын жинастырып, жүйеге келтіруде өлшеусіз еңбек сіңірген әйгілі музыкант-этнограф Александр Викторович Затаевич одан халқымыздың 10 әнін ("Жайық", "Қосай", "Танысу жыры", "Зейнешім", "Саржан", "Төрт пішен", "Ғиндаш", "Айнамкөз", "Қоштасу" әнінің екі түрлі нұсқасы) жазып алып, "Қазақ халқының 1000 әні" жинағына кіргізгені. Алма Оразбаеваның орындауында Затаевич жазып алған "Көкжар" атты тағы бір ән жинаққа кірмей қалғанымен, зерттеушінің қолжазбасы арқылы бүгінгі ұрпаққа жетіп отыр [8, 29 б]. Алма Оразбаеваның дауысы мен орындаушылық шеберлігін А.В. Затаевич: "Алма Оразбаева - жас халық мұғалімі, қазақ әйелін күндіктен құтқару жолында күресуші көрнекті қайраткер. Тамылжыған нәзік (сопрано) даусы бар және әнді нақышына келтіріп мейлінше әсем айтатын музыкаға аса қабілетті жан. А.Оразбаева менің жұмысыма барынша ықылас білдірген және маған өте құнды деректер берген бөкейлік бірінші қазақ қызы болды", - деп жоғары баға берген [9]. Өзінің тұла бойы тұнған өнер екені замандастарының естеліктерінде көп айтылады. Жүрген жері қашанда сауық-сайран екен. Әсіресе, халық әндерін нақышына келтіріп шебер орындайтындығы соншалық, тыңдаған ел қайта-қайта қол соғып, сахнадан жібермей қоятын болған.

Бір орында тоқтап қалмай, Алма Оразбаеваның еңбек жолындағы шарықтау кезеңі басталады. 1922 жылдың наурыз айында Алма, облыстық комитеттің әйелдер арасындағы жұмыс жөніндегі бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалады [3, 229 б].

Алма Оразбаеваның өмірін зерттеген Хабиба Сейітқазиева "Алғашқы қарлығаштар" атты кітапта Алма Оразбаева жөнінде арнайы мақала жазған еді. Бұл мақала бойынша : 1923 жылдың сәуірі. Мәскеуде РК(Б)П съезі өтіп жатқан. Кезекті шешенге сөз берілгенде съездің мінбесіне қараторы өнді, талдырмаш, өткір қара көзді қыз көтерілді. Ол алдымен залға бір қарап, жылы шыраймен жымыып алды да, сөзін бастап кетті. Сөйлеушінің іркілмей, қағазға да қарамай сөйлеуі, мазмұнды, жалынды сөздері жиналған қауымға оның қаншалықты сауатты екендігін аңғартты. Ол Қазақстанда партияның ұлт саясатын жүзеге асырудың барысы туралы сөз қозғады. Ұлт саясаты жөніндегі тезистерге тоқтай келіп, "Біз совет үкіметі мен партияны тиісті ұлттардың жақын досы, бауыр етіне айналдыруымыз керек. Совет үкіметін ұлттандыру керек деген қосымша енгізбекшіміз", - деп ұсыныс жасады. Сөзінің екінші жартысын шешен партияның әйелдер арасындағы жұмысына арнады. Үлкен форумда сөйлеген бұл адам - қазақтың қадірмен қызы, Шығыс әйелдерінен шыққан мемлекет қайраткері Алма Оразбаева еді [3, 222 б], - деп жазады.

20 ғасырдың 20-шы жылдары Алма Дінмұхаммедқызының ұйымдастыруымен құрылған "Қызыл отаулар", ауылдарды кеңінен аралай бастады. Орыс тілін үйрету мақсатында үлкен жұмыстар атқарыла бастады. Әйелдермен кездесу барысында, олардың құқықтары мен ана мен баланың қорғалуы жөніндегі ақпараттар таратылды. "Қызыл отауларда" саяси және экономикалық жағдайлар, елдегі жүргізіліп жатқан саясат түсіндірілді. Одан басқа, әйелдерді сауаттылыққа, газеттерді оқуға, әйелдердің жаңа өмірдегі жаңа рөлін ұғынуға шақырды. Тілек білдірушілерге, жалпы білімдерін толықтыра түсу үшін, микроскоппен айналаны қарауға үйретті. Сол жерден газет те шығарыла бастады. Отауларға тек қана әйелдер емес, сонымен қатар, ер адамдар мен балалардың да келуіне рұқсат етілді. Қанға сіңген қазақ әйелдеріне тән қарапайымдылықтан ба, күйеулерінен қорқу себебінен бе, ұйымдастырылған отауларға келуде, әйелдер тарапынан белсенділік, басында төмен деңгейде болған. Кейін отауларда тігін машиналардың болуы, әйелдерді отауларға үймелетті.

"Қызыл отау" штабы 3 адамнан тұрған - сауатсыздықты жоюмен айналысқан отау меңгерушісінен, медицина қызметкерінен (әдетте ол акушер дәрігер болатын) және заң мен құқықты жақсы білетін адамнан. Бірте-бірте "Қызыл отау" үлкен беделге ие бола бастады. Мысалға, бір ғана Ақтөбе губерниясында 9 айда 1170 қазақ әйелдері өткен деген мәлімет бар. [2, 23-24 б].

1920 жылы желтоқсанда шыққан декрет бойынша қалың мал мен көп әйел алуға тиым салынды. 1924 жылдан бастап 1935 жыл аралығында Алма Дінмұхаммедқызының ұсынысымен "Қырғыз (қазақ) әйелдерінің бостандық алған күні" аталып өтіле бастады [4, 215-216 б]. Ал журналист, әлеуметтік білім магистрі Бақытжан Жумалиеваның "Қазақстандағы әйелдер қозғалысының негізін салушы - Алма Оразбаева" атты "Мысль" журналында жарық көрген мақаласында: "1923 жылы 6 желтоқсанда "қалың мал алуға тиым салу" туралы қаулы, Алма Оразбаеваның арқасында шыққанын бірі білсе, бірі біле бермейді. Сол қаулымен 4 қаңтар - "Қазақ әйелдерінің тәуелсіздік алған күні", - деп бекітілді [2, 22 б],"-деп жазады.

1926 жылдың күзінде Алма Оразбаева БК(б)П Қазақстан өлкелік комитетінің бөлім меңгерушісі болып тағайындалады [10, 173 б].

Талабымен тауды бұзып, тасты жарған қазақтың жалынды қызы Алма Оразбаеваны Клара Цеткин 1928 жылы БК(б)П ОК Қазақстаннан шақырып алып, Саратовқа жұмысқа жібереді. Ол мұнда Нижневолжинск Өлкелік партия комитетінің бюро мүшесі және әйелдер бөлімінің меңгерушісі, әрі Өлкелік колхоз одағы төрағасының орынбасары міндетін қоса атқарады [2, 422 б]. Бұл оның қызмет баспалдағымен өрлеуінің шарықтау шегі екенін ол кезде Алманың өзі де, басқалар да білмеген еді. Бір жылдан соң, яғни 1929 жылы Коминтерннің тапсырмасымен Моңғол Халық Республикасына іссапармен барып, Алма Оразбаева онда тап

дұшпандарының қолына түседі. Ұрып-соғудан ауруға шалдыққан оны лазаретте жатқан жерінен совет барлаушылары бір амалын тауып Қазақстанға жеткізіп салады [5, 17 б].

"Жалынды коммунист, орыс-қазақты аузына қаратқан жезтаңдай шешен, қырағы көзді қыран, өжет, сегіз қырлы, бір сырлы Алма Оразбаеваның қоғамдық-саяси қызметінің өрісі ұзаққа бармағаны қандай өкінішті. Ол ақыл-білімінің нағыз толысып, Ленин партиясының ішкі-сыртқы саясатының мәні мен мазмұнына қаныққан шағында ем қонбайтын ауыр науқасқа шалдығады, одан жылдар бойы азап шегеді [10, 173 б]" - деп Мәриям Хәкімжанова зор күйінішпен жазады.

XX ғасырдың 20-30 жылдары елдің қоғамдық өміріне қоян-қолтық араласқан, сол арқылы өздерінің қайраткерлік тұлғасын сомдай білген қазақстандық қайраткер әйелдер аз болмаған. Әрбір істің басталуының қиын екендігін ескерсек, сол қиын шаруаның басы-қасында болып, көшбастаушылық тізгінді ұстай білген қазақ әйелдерінің арасында Н. Құлжанова, А. Досжанова, Н. Арықовамен бірге, Алма Оразбаеваның да есімі алдыңғы қатарда екендігі сөзсіз. Олардың атқарған қызметі сан-алуан болды. Бұл аталған қазақстандық әйелдер өздері өмір сүріп отырған қоғамның қажеттілігі үшін жан аямай қызмет етті. Олардың атқарған қоғамдық-саяси қызметін санамалай бастасақ оның шегіне жету де мүмкін емес. Солай болса да, олар әйелдер мәселесімен түбегейлі айналысып, оның сан-салалы шешілуі күрделі сәттерінде үлкен қажыр-қайрат танытты. 20-шы жылдардағы ел өмірінде болып жатқан сан-қилы өзгерістерді, оның қазақ әйелінің санасына тигізіп отырған әсерін көрсетіп, оған дұрыс бағыт сілтеуші де осы қазақстандық әйелдер еді [11, 18-19 б].

Шығыстың алғашқы коммунист қызы - Алма Дінмұхамедқызы Оразбаеваның өмір жолы тарихтың ұлы да ұлағат, таңғажайып шежірелеріме тығыз байланысты. Жаңа өмір құру жолындағы революциялық өткел-көпірде жан сала қызмет еткен аяулы аға ұрпақ өкілдерінің бірі ретінде қастерлеу үлкен парыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. Толықтырылған 2-басылымы. - Алматы: Арыс, 2010. -580 бет +32 бет түрлі түсті суретті жапсырма.

2. Жумалиева Б. Основоположница женского движения Казахстана - Алма Оразбаева //Мысль журналы. №11 қараша 2016 жыл.

3. Қазақ халқының тарихи тұлғалары: Қысқаша анықтамалық / Құрастырған: Ә. Көпіш.-Алматы: "Өнер" баспасы,2016. 3-кітап.-424 б. (Хабиба Сейітқазиева.Алма Оразбаева/ Кітапта: Алғашқы қарлығаштар.А.,1993)

4. Борцы за советскую власть в Казахстане (Сост. Х.Г. Айдарова, С.Б.Кульбаев, В.П.Осипов.- Алма-Ата: Казахстан, 1982.-236 с.) (Ин-т

истории партии при ЦК Компартии Казахстана - филиал Ин-та марксизма - ленинизма при ЦК КПСС)

5. Қазақстан тарихы (әдістемелік журнал). №3 (172) 2017.

6. Дусенбаева Г.Б. Женщины в общественно-политической жизни Казахстана в 20-30 гг. XX века. Диссертация на соискание академической степени магистра педагогических наук. - Уральск, 2016.-81 с.- №11843

7. Баймағамбетова Б. Алма Оразбаеваның өмірі, қоғамдық-саяси, мемлекеттік қызметі: дис...канд. ист. наук : Алматы, 1999 ж.-156 б.

8. Даумов С. Роковая судьба (жизнеописание Алма Уразбаевой) - Уральск: Ағартушы, 2010-126 б.

9. А.В. Затаевич "1000 песен казахского народа", Москва, Музгиз, 1963 г.

10. Хакімжанова М. Шығармалары (III том). Естеліктер, мақалалар: - Алматы: Жазушы, 2006. - 368 бет.

11. Сақауова С.Н. XX ғасырдың 20-90 жылдарындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі әйелдер. "Тарих" мамандығы бойынша пед. ғылымд. магистрі акад. дәрежесін алу үшін дайынд. магистрлік диссертация.-Орал, 2014.-119 б.-№ 10233

ӘОЖ / УДК 355: 94 (4/9)

ҚҰҚЫҚ САЛАСЫНЫҢ МАЙТАЛМАНЫ, ГЕНЕРАЛ - А.Е.ЖАМАНБАЕВ

Окасова А.

М.Өтемісов атындағы БҚУ,

1 курс магистранты

Орал қаласы

XX ғасырдағы ұлт зиялыларының арасында Асылбек Есмырзаұлы Жаманбаевтың есімі тарихи тұлға ретінде ерекшеленеді. Ірі қоғам қайраткері, білімдар, елінің тәуелсіздігі үшін аянбай еңбек еткен Асылбек Есмырзаұлын көзі ашық, көкірегі ояу жамағат көрнекті құқықтанушы деп таниды. Бұл біздің зерттеу жұмысымыздың басты кейіпкері ретінде алынып отырған қайраткердің бір ғана қыры.

Асылбек Есмырзаұлының өмірбаянынан шолу жасасақ, қарапайым қазақтың қара домалақ баласы - Батыс Қазақстан өңірінің Казталов ауданы, Казталов ауылында өмірге келген. Бұл сұрапыл соғыстан енді ғана көз ашқан кезде Жаманбаевтар әулетін үлкен қуанышқа бөлеген елеулі оқиға болатын. 1946 жылы тамыздың 28 жұлдызында қазақтың болашақ интеллектуалы Асылбек Есмырзаұлы дүние есігін ашады. Әкесі – Жаманбаев Есмырза мен анасы – Өтешова Меруерт апайдың отбасында сегіз перзент өмірге келген. Осы отбасында Асылбек Есмырзаұлының

алдында екі арқа сүйер ағасы мен төрт әпкесі және қамқоршы інісі болған. Соғыс кезінде еліне қызмет еткен отбасылардың бірі ретінде Жаманбаевтар әулеті майданға көмекке, тылдағы халықтың тұрмыс аухатын қалыпқа келтіруде барынша үлестерін қосты. Соғыс жылдары аяқталғаннан кейін еңбектерінің құрметіне Есмырза мырза мен Меруерт апай Еңбек ардагерлері атанды. Ағасы Хаби соғыс алаңына аттанып оралмаған, әпкесі София – еңбек мобилизациясына аттанып одан кейін ол да отбасына оралмаған. Еліне қызмет еткен жандардың қанынан тараған Асылбек Есмырзаұлы да саналы ғұмырын Отанға қызмет етуге арнайды [1, 56].

Еңбек пен білімді жанына серік еткен Асылбек Жаманбаев өжеттігінің арқасында болашаққа сеніммен қарап, барынша білім алуға тырысты. Білімде де, еңбекте де өзінің жарқын іздерін қалдырып өтті. 1963 жылы Орал құрылыс техникумын бітіргеннен кейін, алғашқы еңбек жолын Есмырзаұлы Жәнібек, Казталов аудандарында ауыл шаруашылық басқармасында инженер-құрылысшы, комсомол комитетінде ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, Орал облысының ЛКЖО комитетінде нұсқаушы қызметтерін атқарған. Мұнымен тоқтамай, Асылбек Есмырзаұлы үнемі ізденісте болды [2, 36]. Ол іздеу жолында жеңіске жеткен тұлға. Қайтпас қайсарлығымен 1970 жылы М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің заң факультетіне түсіп, университетті 1975 жылы үздік дипломмен аяқтайды. Мамандық бойынша құқық саласындағы еңбек жолын Орал халық сотының судьясы болып бастайды. Еңбек еткен жылдарында А.Е.Жаманбаев Ішкі істер органдарына жаңаша басқару үлгісін алып келді, полиция ұғымына жаңа леп берген тұлға ретінде замандастарының есінде қалды. Атап айтқанда, құқық қорғау органдарын басқару жүйесіне түбегелей өзгеріс алып келіп, Мәскеу университетінен алған білімін дұрыс қолдана білді. Жұмыс барысында тергеу жұмыстарын қалай дұрыс жүргізу жолдары, жүйелі басқару жұмыстарын ұйымдастыру, құқықтық саладағы жекелеген мәселелерді шешудің заңдық жүйесі сияқты салаларда аса шеберлік танытатын.

Замандастарының, қызметтес серіктерінің айтуы бойынша Жаманбаев Асылбек Есмырзаұлының бойында Мемлекеттік Ішкі істер органдарының кез-келген қызметкері үлгі-өнеге алатындай тамаша қасиеттер көп болатын. «Ол кісі заңды өте жетік білген, ҚР Конституциясының, қылмыстық және қылмыстық істі жүргізу Кодекстерінің, басқа да нормативтік заңдық құжаттардың кез-келген бабын жатқа айтатын еді» - деп еске алады жолдастары. А.Е.Жаманбаев ұзақ жылдар бойы Ішкі істер органдарына сот, әділет органдарында, облыстық партия комитетінде жұмыс істеп, тәжірбие жинақтап, қатайып, шындала түскен. Ол 1981 жылы наурыз айында сол кездегі Гурьев (қазіргі Атырау) облыстық ішкі істер басқармасының бастығының кадр жұмысы жөніндегі орынбасары болып 35 жасында ішкі істер органдарындағы қызмет жасаған. 35 жасында милиция органдарында басшылық қызметінде жұмыс жасау екінің бірінің қолынан келе бермейтін қызмет болатын. Ол Ішкі

істер органдарының қызметіне тосырқамастан бірден араласып кеткен болатын. Бұл біліктілігі аса жоғары заңгер, ұшқыр ойлы зерек адам ретінде, өмірдің парығын, адамдармен жұмыс істеудің тәсілдерін меңгерген тұлға болғанның арқасы деуге болады [1, 96].

ҚР тарихында 90-шы жылдар ең бір сұрапыл және маңызды, қиыншылықтарға толы кезең болатын. Осы жылдары барлық зиялы қауым мен құқық қорғау органдарының жанталаса жұмыс жасап, барынша сыналған уақыты болатын. Сол жылдары тек саясми науқандар ғана емес, табиғи апаттарда елге үлкен қауіп төндірді. Айталық, 1993 жылы көктемінде Жем өзені арнасынан асып-тасып, тасқын су жолдар мен көпірлерді шайып, елді мекендерді су басып қалу қаупі төнген еді. Ішкі істер бөлімінің жеке құрамы аяқтарынан тік тұрып, табиғат апат аймағында күндіз-түні қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етті. Милиция қызметкерлері кей сәттерде қолдап жұмыс істеп, тасқын судан қорғайтын бөгеттерді салуға, су қоршауында қалған адамдарды қауіпсіз жерлерге алып шығуға қолғабыс еткен еді. Осындай қысыл-таяң уақытта Асылбек Есмырзаұлының өзі жұмыс басына келіп, туындаған проблемалардан сол сәтте шешімін тауып, табиғат апатының алдын алған болатын. Оның сол кездердегі қызметіне деген адалдығы оны ортасына сыйлы етті [3].

Ел арасында сақталған тағы бір қасиеті А.Жаманбаев өте талапшыл тұлға болатын. Ол милиция қызметкерлерінің әскери киімді кию тәртібін мүлтіксіз сақтауды қатаң талап еткен. Жаманбаев Асылбек Есмырзаұлы «Милиция қызметкерінің жан-дүниесі де, сырт бейнесі де, киім киісі де мінсіз болу тиіс» деп үнемі әқызметтестеріне үлгі көрсетіп отыратын. Асылбек Есмырзаұлы қызметте жақсы басшы ретінде талайдың көкейінде қалды. Қызмет бабында жеке құрамды бір тарының қауызына сыйғызарлықтай қаншалықты қатал болса да, әрбір қызметкерді назардан тыс қалдырмай, қадағалап, көтермелеп, қамқорлап отырған. Асылбек мырзаның қатаң талабы, жұмысты ұйымдастырудағы шешімділігі мен шеберлігі, жаңашылдығы арқасында, 90-шы жылдардың қиын қыстау кездерінде де Ішкі істер органдарының жұмыстары ілгері алға басты.

Осы салада А.Е.Жаманбаев көптеген өзінің ізбасарларын, шәкірттерін тәрбиеледі. Оның шәкірттері ұстаздың орнын жоқтатпай, берген білімін көздің қарашығындай көріп, еліміздің Ішкі Істер органдарында қызмет етуде. Атап айтатын болсақ, Әміров Мұхаран, Нәжімов Нұрмұхаммед, Иманова Роза, Мендіғалиев Асылбек, Әбуғалиев Саясат, Төлеуғалиев Қалыбай тағы да көптеген басшы-мамандарды тәрбиелеп өсірген болатын [3].

1995 жылы Жаманбаев Жезқазған облыстық ішкі істер бөліміне ауысып, Ішкі істер басқармасының бастығы қызметін 1997 жылға дейін атқарады. Экономикалық дағдарысқа ұшыраған сонау тоқсаныншы жылдары елімізде үлкенді-кішілі қылмыстың қаулап кеткен еді, сондай қиын кезеңдерде аталмыш облыстардың ішкі істер бөлімін басқарған Асылбек Жаманбаев қылмысты істерге қарсы күресе жүріп, егемендігін

енді ғана алған қазақ елінің өсіп өркендеуіне өз үлесін қосқан-ды. 1995 жылы Республика күні мейрамына байланысты оған Ішкі істер министрлігінің генерал-майоры деген атақ берілген болатын.

1997 жылы Ішкі істер саласындағы қызметін тоқтатып, туған жерге оралып, өмір бойы жинаған тәжірибесі мен білімін келешек ұрпаққа бермекші болады. Осы мақсатпен Еңбек және Әлеуметтік Қатынастар Академиясына және М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде заң саласына қатысты пәндер бойынша студенттерге дәріс оқи бастайды [2, 4 б].

Погон таққан генерал-лектор ретінде А.Жаманбаев үшін маңыздысы – тыңдаушы студенттердің көзіндегі жалын, ол болмаса аудиторияға кірмейтіндей. Құқық саласын ғылым ретінде тану үшін оның құқықтық-философияға негізделген тұжырымдары мен қорытындылары көптеп көмектесті. Асылбек Есмырзаұлы Қазақстанда алғаш рет Еңбек және Әлеуметтік қатынастар академиясында муниципальды құқықтан және әкімшілік құқықтан жаңа дәрістер курсына оқыған лектор болатын, бұл дәрісте құқық салалары барлығы қамтылған. Әрбір дәрісінде қызметінде жинаған бай тәжірибесімен бөлісіп отырғанды. А.Жаманбаев кітапты жаттап айтатындарды ұнатпайтын, ол әрбір студентті терең ойлауға, құқықтық құбылыстардың және құқықтық процестердің тұңғығына түсуге үйрететін.

А.Е.Жаманбаевтың заң саласындағы оқу материалдары, дәріс жинақтары, ғылыми мақалалары заң журналдарында жарияланып жатты. «Ішкі істер органдарында бағдарламалық-мақсаттық басқару», «Ұлттық құқықтық жүйе, құрылуы мен дамуының жекелеген мәселелері», «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқару аппаратының дамуының кейбір теориялық-құқықтық мәселелері туралы», «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы жаңа заңдар» сияқты ғылыми –теориялық жарияланымдардың авторы.

Сабақтан қолы бос кезінде саясатқа да араласып жүрді. 2006 жылы «Ақ жол» партиясының Оралдағы филиалы ашылған болатын. А.Жаманбаев демократиялық партияның белді мүшесі бола жүріп, Орал қалалық маслихатының депутаты болып та үлгерді. Асылбек мырзаның депутаттық бағдарламасынан айтылған сөзінің кесіндісін көрсетер болсақ «Мен билікке халықтың тәуелді болғанын жақтамаймын. Әкімдерді ел-жұрт сыйлап, жалпы, шенеуніктердің қызмет бабындағы өсуі, қоғамдық пікірге тәуелді болуы тиіс» деген сөздерді басшылыққа алып қызмет жасады.

Мейірімсіз ажал 2007 жылдың 2 шілдесінде білімді де, беделді, қара қылды қақ жарған әділдігімен, адамгершілік биік тұлғасымен ерекшелене білген жайсаң, абыройлы азамат Асылбек Есмырзаұлы Жаманбаевты ойламаған жерден жұлып алып кетті.

Құқықтық мемлекет құру жолында өз білімі мен біліктілігін аямаған жан Асылбек Есмырзаұлының жүріп өткен жолы Отанға қызмет етудің шынайы үлгісі, қайырымдылық пен әділдіктің нағыз көрінісі болатын.

Мақаламызды Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Республика дәрежесіндегі дербес зейнеткер, Сәтпаев шаһарының құрметті азаматы Ділдебаев Шынболаттың өлең шумағының үзіндісімен қорытындылағымыз келеді:

Генерал інім


Із қалдыру болғанда ерге басты арман,
Ешкімде келіп түспеген шығар аспаннан,
Генерал болса бүгінгі күні, Асекең,
Ал, басы оның лейтенант болып басталған.
Азамат болдың ардақтап елім мақтаған,
Тындырып көп іс бола бер інім ақтабан.
Мәскеуге барсам генерал көрем қаптаған
Біздеде сонда генерал бар деп мақтанам.

28.09.1996 жыл [1].


Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Год без Асылбека Джаманбаева: воспоминания. – Уральск, АТиСО, 01.07.2008 ж.
2. Орал қалалық "Мәслихат жаршысы" №12(012), 26.06.2008 ж.
3. А.Е.Жаманбаев туралы //"Депутат" газеті, №26, 29.06.2012 ж.
4. Фотоархив. Жаманбаев Асылбек Есмырзаұлының жұбайымен сұхбат.

Қосымшалар: жеке мұрағаттан



Қосымша 1. 1964-68 жыл Орал қаласы [4].



Қосымша 2. Мәскеу мемлекеттік университетіндегі алғашқы жылдары[4].



2006 г. ДПК «Ақжол»: Алихан Байменов и Асылбек Джаманбаев открывают филиал партии в Уральске



2007 г. 60-летие Асеке

56

Қосымша 3. «Ақ жол» партиясының Оралдағы филиалының ашылуы [4].

ӘОЖ / УДК 930 – 94 (574)

«ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨШПЕЙДІ...».

Мухангалиева Г.К.

*М.Өтемісов атындағы БҚУ,
2 курс магистранты, Орал*



«Халық ағарту ісінің озық қызметкері» медалінің, «Отличник просвещения СССР» төсбелгісінің, «Ыбырай Алтынсарин» медалінің және «Еңбек ардагері» медалінің иегері Сахташев Шәкір Сахташұлы 1934 жылы 10-қыркүйекте Атырау облысының Теңіз ауданында дүниеге келген. 1960 жылы Орал Педагогикалық институтын «Химия және биология» факультетін бітіріп, алғашқы еңбек жолын Каршы орта мектебінен



бастау алып, алғаш күннен бастап оқушыларға нәтижелі білім беруге күш



салды. Бір жылдан кейін Шәкір алдыңғы қатардағы мақтаулы оқытушының бірі болды. 1961 жылдан бастап жаңадан құрылған Первомай мектеп -интернатында химия, биология пәндерінен сабақ беріп келеді. Бұл мектепте Шәкір Сахташұлы мақтаулы мұғалімдердің бірі атанды. Осы ұстаздан білім нәрін сусындатқан шәкірттердің көбі институттарға, техникумдарға оқуға түсіп, алды керемет мамандықтарды да меңгерген.



Шәкір Сахташев бірнеше жыл «Первомай» мектеп интернатында оқу ісінің меңгерушісі болып жұмыс істеді.

Ізденімпаз, еңбекқорлығы, өз пәнінен терең білімі арқасында аз уақытта аудан және облысқа жақсы танымал тұлғаға айналды. Шәкір Сахташұлының жұмыс орны химия кабинеті оның творчестволық лабораториясына және аудандағы ең үздік жабдықталған пәндік кабинетке айналды.



Республикалық Одақтық Ғалымдар Академиясымен тұрақты байланыста болып, көптеген ғылыми –педагогикалық ізденістерінің қорытындысын жариялады. Сонымен бірге оның әдістемелік баяндамалары республикалық оқу методикасына ұсынылды. Мұғалімдерге арналған әдістемелік құралдарды жазған болатын. Шәкір Сахташұлы әріптестерінің шексіз құрметіне бөленіп, ол туралы аудан және облыс көлемінде көптеген мақалалар

жарық көрді. Атап айтсам: «Асыл еңбек», «Ең бастысы –білім сапасы», «Жас ұрпақтың тәлімгерлері», «Қадірменді ұстаз», «Біздің мұғалім», «Авторитет», «Твори учитель», «Бағбан десе-болғандай», «Верность долгу», «Үнемі ізденісте», «Наставник подрастающего поколения», «Щедрость сердца -детям», «Школа



педагогического опыта», «Впереди много дел», «Ясная цель», «С настоящим учителем нет разлуки», «Заслужили трудом», «Всегда в поиске», «Благородный труд» және т.б.

Шәкір Сахтасұлы үнемі ізденісте, зерттеуде болған. Ол 1975 жылдан - 1994 жылдар аралығында Бітік орта мектебінің директоры қызметін атқарады. 1994 жылы 60 жасқа толып, зейнеткерлік демалысқа шығады.

Шәкір ағай өмірлік зайыбы Рая апаймен үш ұл және бір қыз бала тәрбиелеп өсіреді. Ұстаздықтың ұлы жолында ерен еңбегімен дараланған тұлға Шәкір Сахтасұлы 2007 жылы, 6-қарашада дүниеден озған.



Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Асыл еңбек. Облыстық халық білімі бөлімінің меңгерушісі И. Сапаров // Приуралье газеті. 06.10.1972 ж.
2. Ең бастысы –білім сапасы//Орал өңірі газеті, 1973 ж. №16.
3. Жас ұрпақтың тәлімгерлері// Труд газеті, 1972 ж., №32.
4. Есеналиев Е. Қадірменді ұстаз // Первомай мектеп-интернаты . Труд газеті, 1972 ж., №33.
5. Есеналиев Е. Біздің мұғалім//Первомай мектеп-интернаты. Труд газеті 1970ж.
6. Утегенов С. Авторитет //Труд газеті 1979 ж.
7. Курманов Ж. Твори учитель//Акжайк газеті 1991 ж.
8. Нәріков А. Бағбан десе-болғандай// Труд газеті , Чапаев ауылы 1973 ж.
9. Мендигалиев Е. Верность долгу// Труд газеті, 1973 ж.
10. Облыстық педагог кадрларды қайта даярлау институтының химия кабинетінің жетекшісі Фомина Г. Всегда в поиске // Приуралье газеті, 01.02.1989 ж.
11. Наставник подрастающего поколения//Облыстық халық білімі бөлімінің меңгерушісі И. Сапаров . Приуралье газеті , 06.10.1973 ж.
12. Щедрость сердца –детям//Труд газеті, 1975 ж.
13. Карашин И. Школа педагогического опыта // Труд газеті 1965 ж.
- 14..Сахтасhev Ш . Впереди много дел // Труд газеті 28.08.1982 ж.
- 15.. Ескалиев Б. Ясная цель// Труд газеті 07.02.1985 ж.
16. Куспаев Б. С настоящим учителем нет разлуки//Акжайык газеті 1989 ж.
17. Джаксыбаев Ж. Заслужили трудом // Труд газеті, 1987 жыл.
18. Сапаров И. Благородный труд// Приуралье газеті 06.10.1973 ж.
19. Опыт сегодняшний-в арсенал будущего// Учитель Казахстана газеті 01.06.1984 ж.
20. Узакбаев К. Главное –качество знаний// Труд газеті, 1972 ж.

ШӘНГЕРЕЙДІҢ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Сатдыкова Н.Н.

М.Өтемісов атындағы БҚУ

2 курс магистранты, Орал

Қазақ тарихында өзіндік орны бар, ал қазақ әдебиетінде сара жол салған классикалық ақын, қоғам қайраткері, аудармашы, ойшыл – Шәңгерей Бөкеев туралы зерттеудің жөні бөлек. Өйткені, қазіргі кезеңде ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы алмағайып саяси алмасулар дәуірінде мемлекет пен ұлттың мүддесі үшін аянбай қызмет еткен тарихи нар тұлғалар қызметі мен өмір жолын зерттеуге жаңаша серпіліс бар.

Шәңгерей Бөкеев 1847 жылы Жасқұс деген жерде туған. Әкесінен жастай айрылған ол ата дәулетінің арқасында қиындық көрмей өседі. Оның ер жетіп азамат болуына әкесінің інілері көп көмектеседі. Өнер-білімге, өлеңге жас кезінен әуес болған Шәңгерей Ордадағы мұсылман медресесін бітіріп, Астраханьдағы реальды училищеде оқиды. Кейін Орынбордағы кадет корпусына түсіп, онда оқыған екі жыл ішінде орыс тілін үйренеді [1, 45]. Орынборда алған біліміне байланысты Самар губерниясында бітімші сот қызметін атқара жүріп халықпен жұмыс жасап, көптеген қоғамдық-саяси істерге араласып, өз пікірлерімен көзге түседі. Біраз уақыттан кейін ол қызметін тастап, туған жеріне оралады. Ол Ресеймен шекаралас өңірде көлборсы деген жерден имение алып, ол жерде ағаштан, тастан сәнді де сәулетті үйлер, медресе, мектеп, мешіт салғызып, онда өз туыстарының балаларын оқытады. Ағаш отырғызып, бау-бақша, егін салумен де айналысады. Асыл тұқымды мал өсіреді. Өз мекенінде оқшау өмір сүріп, саятшылық, аңшылықпен айналысқан Шәңгерейдің ерекше ден қойған бір ісі-әдебиет, өнер, ғылым білім болды [2; 300].

Шәңгерейдің еңбегі жалғыз поэзияда емес былайғы өмірде де айналасын таңқалдырмай ештеңе істемеуі соның айғағы.

Айталық рояль ұстау дәстүрі. Фисгормония қазақ топырағында осы ғасырдың отызыншы жылдарына шейін таңсық аспап болып келді. Ал содан бір ғасыр бұрын Жәңгірде Парижден арнайы алдырылған пианино бар еді. Хан әулетінде осы дәстүрді жалғастырғаны ақсүйек және қоғамдық-саяси тұлғалардың ішінде - Шәңгерей Бөкеев. Бұл атадан қалған, Фатима тоташ саусағы тиген мұра ма, әлде үй ішілік деректерде айтылатындай Петербургтен арнайы алдырылған дүниелік пе, мәселе онда емес. Көлборсы бұтасының түбіндегі рояль қазақтың ән өнеріне жаңадан тыныс бергені анық әуеннің домбыра сүйемелі жетпей қалатын тұсы енді осы үнді аспаптың көмегімен толықты, қазақ ішіне шым - шымдап таспа романс дәстүрі тарай бастады, күйсандық сонымен бірге домбыра

ауқымына сия бермейтін марш ырғағымен күй төгіп, жанрлық пішіндік ізденістерге бара бастаған Құрманғазы тәрізді өнер саңлақтарына зор демеу болды [3; 264].

Шәңгерейдің өз басының да музыкалық қабілеті үздік болған. Тіпті ақын өз жанынанда ән шығарған. Шолпанай Аманжолованың куәлік етуінше, Шәңгерейдің әндерін қазірде ақынның туысы Қалберген Қарамбетовтің қызы Мәриям Байқоңырова орындап жүрген көрінеді.

Шәңгерейдің өлеңдерінің көпшілігі терме, желдірме сияқты дауыспен орындалатын шығармаларға өзінен-өзі келіп тұрады. Бұлардағы өлең өрімінің негізгі екі түрі жеті-сегіз буынды жыр үлгісі де, он бір буынды шумақ өлеңдер де бір әуенді болуы себепті әуендік құбылуы сараң, екпін жағынан жүрдек, динамикасы басым. Шәңгерей поэзиясының тағы бір айырым қасиеті - ондағы дауыссыз дыбыстың, дауысты дыбыстардың молдығы да әнге сұранып тұр.

Ш.Бөкеевтің қазақ халқы үшін мәдениетте қосқан үлесі оның Бөкей жерінде ХІХ ғасырдың өзінде-ақ сол заманның техника ісінің үздігі – фото өнерін әкелуі. Фото ісі - сол кезде озық, жаңа өнер түрлерінің санатына қосылған. Ресейде алғашқылардың бірі болып фото өнерімен Екінші Николай, Лев Толстойдың өзі шындап әуестенген екен. Шәңгерей 1901 жылы Санкт-Петербургқа патша сарайына барған сапарында тақ билігі өкілдерінің қолынан осындай фото құрылғының біреуіне ие болады.

Елге келгеннен кейін ақын осы өнерді тез үйреніп алған һәм суретті өзі арнайы жабдықтаған бөлек бөлмеде отырып шығарған. Қазіргідей тұрақты ток көзі жоқ, табағи жарық күшіне сүйенген уақытта, әрі дала жағдайында сурет басып шығару оңай емес-ті. Шәңгерей түсірген фото-суреттерден қазір қолда бары он шақты, бірақ қай-қайсысы да химиялық талаптар дәлме-дәл орындалып, бейне сапалы, қалың ақ қағазға көшірілгендіктен өте жақсы сақталған.

Ақынның жасырақ кезінде өзге фотограф қолымен түсірілген өз бейнесі уақыт сынына төтеп бере алмай ескіріп, қайта жаңғыртуға жарамай қалғанына қарағанда, Шәңгерейдің бұл өредегі шеберлігі заманында көп фотографтан жоғары тұрған. Немере қарындасы Мәдинаның айтуынша, ол үйіне келген қонақтар мен ағайын-туманы сирақты кара қобдиша алдына біраз уақыт тапжылтпай ұстайды екен. Бұл-фотографияны кәсіп емес, өнер деп ұққан адамның тірлігі. Себебі, шеберлік жетіле келе фотосуретші фотобейне арқылы нысанға деген өзіндік қатынасын да білдіріп отырады.

Шәңгерей фотосуретінің арқасында бүгінгі біз осыдан ғасыр бұрынғы уақыт тынысын нақпа-нақ сезініп, Жазғы орда, Қымыз – орда тәрізді көшпелі һәм отырықшы мәдениет үлгілерін зерделеуге мүмкіндік алып отырмыз. Бақытжан Қаратаев, Жанша Сейдалин, Ғұмар Қараш, Ғабдолкәкім Бөкейханов сияқты қайраткерлеріміз бен Мақар Жапарұлы сықылды өнерпаздарымыздың асыл бейнелерінің қағазға мәңгі-бақи көшіріліп қалуының өзі қандай ғанибет [2; 301].

Фото тст-дүниедегі голографиялық тұрғыдан ауқымды бейнелеуге, яғни бүгінгі теледидарға алып келген жолдың басы . Шәңгерейге фоноаппаратты Ш.Аманжолаваның айтуы бойынша оған Николай патшаның өзі сыйлаған екен [1, 302].

Ғасыр аяғында сонымен бірге саз өнерінде де үлкен қопарылыс болды-американдық өнертапқыш Томас Алва Эдисон 1877 жылы магнитті таспа арқылы дыбысты жазып алып, қайта естіретін құрылғы ойлап тапты.

Өнер тапқыштың өзі «фонограф» деп атаған бұл дыбыс жазғыш музыка мәдениетінің тарихында тұңғыш рет үнді көркем туындыны таспаға түзіп сақтап қоюға һәм бірнеше нұсқамен таратуға жол ашты.

Ұлттық топырағымыздағы алғашқы кәсіпқой фотосуретші Шәңгерей бұл жаналыққа да дереу үн қосқан - ол әлемде санаулы адамның қолы жетіп отырған фонографқа ие болып, ауылға алып келген. Ауыз-екі деректерге қарағанда, Шәңгерей фонографқа үй-ішінің дауыстарын, ән-күйлерді, тіпті өзі Лермонтовтан қазақшалаған шығармаларды мәнерлеп оқытып, жазып отырады екен. Демек, дыбыс тіркегішке ақынның үйінде жетілеп жатып сауық құрып, өнер көрсететін Мақар, Әлікей, Салауат тәрізді өрен жүйріктермен қатар сол өңірде бәйгеге түсіп жүрген Өтемістің Сейіті, Қашқардың Искендірі, Шынтастың Искендірі, Мышайдың Гендашы, Жақыптың Ысқағы сияқты әнші-домбырашылардың бармағына ілінген күйлері, көмекейінде көсілген әндері, Шомат, Кесет сияқты сайқымазақ қияң-қысардың күлдіргілері түсулі. Сөйтіп, көркем сөз оқытып, театрландырылған көріністерді, әбден композицияларды тіркеп отыратын фоно мәдениеттің музыкалық емес бағыты да оңтайлы қолданылған.

Қысқа мерзімде «Шайыр», «Көкселдір» сияқты өз кезеңі үшін мелжемді хрестоматиялық жинақтардың жүйемеліте жарық көргеніне қарағанда, Шәңгерей мен Ғұмар ауыз әдебиеті нұсқауларын жинау, сөйтіп өздері атағандай «Сауат архивасын» жасақтау ісінде фонографтың мүмкіндігін пайдаланған [3; 268].

Ақынның фоно-мәдениетінің бүгінгі ұрпақ үшін ең құнды жері, әлбетте, музыкалық мұрамызды жинап, игеруге қатысты. Егер Шәңгерей фонографы сақталғанда бүгінгі ұрпақ саз өнерінің белгілі өкілдерінің табиғи дауысын естір еді, музыка зерттеушілер талай ән-күйіміздің әдепкі орындалуының қалтарыстарына бойлап, дағдылы шығарушы-орындаушы мен тыңдаушы арасындағы дәнекер буын-фонограф орындау мәнеріне қаншалықты әсер ете алғандығын, бұған дейін құлақтың құрышын діттеп шырқалған ән, төгілген күй дыбыс жазу қауғасы алдында қалай өзгеріске түскендігін пайымдаған болар еді. Мәдениеті озық елдерде бір кезде жазып алынған Шаляпин, Карузо дауыстарын тазалап, стериодыбысқа көшіріп, жаңадан дыбыс кеңістігі дарытылып жатқанындай тірліктер жасалар еді.

Не шара, ұлттық фономәдениетіміздің бастау бұлағы – Шәңгерей фонографы да бір кездегі П.И.Пашина, А.Жемгужинов, А.Ф.Эйхгорн,

В.А. Машков, Г.И. Гизлер іспетті зертеушілердің қазақ ән-күйлерін жазып алған аспаптары сияқты бүгінгі бізге жетпей қалды.

1917 жылы патша тақтан тайып, халыққа саяси ерік тиген кезде Әлихан Бөкейханның да бір ойы Шәңгерейді елге бас ету, бәлкі хан көтеру болған. Ақынның өзі бұл ниетке дәл қалай қарағандығы белгісіз. Алайда ғылыми-фактілік салыстыру тұрғысынан, Шәңгерей қоғам ісіне ең белсенді араласқан уақыт 1909 жылдың соңғы кезеңіне тұспа тұс келеді.

Шәңгерей Бөкеевтің бізге жеткен шығармалары аз болғанымен оның сол аз мұрасының өзінен де ақынның жазба әдебиетіміздің тамаша бір өкілі болғанын көреміз. Шәңгерей негізінен көңіл күйі махаббат, табиғат лирикасын жазған үлкен лирик. Ол- халқымыздың бай ауыз әдебиеті мұраларынан, орыс татар әдебиеттерінен нәр алған ақын.

Шәңгерей Бөкеев - көптеген мәдени, саяси тұлғалардың ұстазы, ақылшысы, пікірлесі және өз туыстарының жанашыры, тірегі, ең бастысы ел үшін ерен еңбек еткен сыршыл, дарынды ақын, ұлағатты ойшыл болды.

Зерттеушілер Шәңгерейдің әлеуметістерінен бойын аулақ салып, маңайына тек өнерпаздарды жинап, өмірін өз мекенінде жеке-дара өткізген өзіне ғана тән ерекшелігін «дарашылдық» деп бағалаған.

Шәңгерей Бөкеевтің өмір, ескі заманды аңсау, ғылым-білім, махаббат, достық, саятшылық, табиғат құбылыстары, өз өмірі туралы жазған «Ағасың, ақылың артық», «Бір күнде жас көңілім», «Құйрық атып құлия», «Қосаяқ», «Өмірдің өтуі», «Алдаушы жалған» деген өлеңдері бар.

Ақын Ш.Бөкеев өз өлеңдерінде жастарды ғылымға үндей отырып, ғылымға ұмтылушы жастарға:

Бұлғылым – бір бәйтерек шектен асқан,

Таусылмас бұтақ сайын бар жемісі.

Әр өнер – сол жемістің бір демесі.

Эдиссон – мұны істеген ғалым адам

Оқымас жалқау біздей емес надан.

Көпсырлар ашты түпсіз дариядан... –деп жастарға ғылым, білім, өнерді үйренуді өсиеттеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аманжолова Ш. «Бүтін бітім» (мақала). – Алматы, Жалын, 1997. №7-8.

290-308 бб.

2. Тәжімұратов М. Шәңгерей. (жасампаздық өмірі). – Алматы, Өлке, 1998. -335 б.

3. Қирабаев С., Асыл Ұ., Құрманбай Г., Дүйсебаев С., Әрінова Б. Қазақ әдебиеті (XIX ғасыр). – Алматы, Мектеп, 2006. -376 б.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

Ерсаяев М.Б.

М.Өтемісов атындағы БҚУ

2 курс магистранты, Орал

Бүгінгі таңда облысымыздың орталығы Орал қаласының нақ орта тұсынан жасыл мұнаралары көз тартатын, архитектурасы ерекше тарихи ғимаратты бірден байқауға болады. Бұл ғимарат 1869 жылы шығыстық стильде салынған орыс-қырғыз мектебінің үйі болатын. 1980 жылдан бері осы ғимаратта Қазақстанның ең көне музейлерінің бірі болып саналатын Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі орналасып, қызмет жасап келеді. Облыстық музейдің 185 жылға жуық тарихы бар. Осыншама уақыт ішінде музей үйі қаламыздың әр түрлі ғимараттарында орналасып келді. XX ғасырда қазіргі «Пушкин» қонақ үйі ғимаратында, Жәбірәил Михаил шіркеуінде, Құтқарушы Христос храмында көрермендерге қызмет еткен. Ал 1980 жылдан бері осынау тарихи ғимаратты иемденуде. Музейіміз қоры жағынан еліміздегі ең бай музейлердің қатарында. Онда 140 мыңнан астам археологиялық жәдігердің, зергерлік, этнографиялық бұйымдардың мол коллекциясы жинақталғанын зор мақтанышпен айтуға болады. Ақ Жайықтың тарихи шежіресін жинап, сақтап, ұлттық салт-дәстүрімізді, рухани құндылықтарымызды насихаттап отырған музейдің құрамында 18 филиалы бар. Мұнда өз ісіне ғашық жандар еңбек етеді десем артық айтқандық болмас. Жалақысы көп емес, бірақ қызметі тынымсыз жерде өз елінің, өз өлкесінің тарихын шексіз құрметтейтін адамдар ғана бола алады. Олар ұлттық құндылықтарды келешек ұрпаққа жеткізу жолында аянбай еңбек ету үстінде. Ал маған осындай тамаша ұжымға басшылық жасау бағы бұйырыпты.

Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры болып тағайындалған 2015 жылдан бері мен өзіме дейін қызмет жасап, ел құрметіне бөленген Ұрқия Ибрашқызы, Сара Есқайырқызындай апаларымның, Әбіл Тауфиықұлы, Айдар Тапашұлындай ағаларымның игі істерін жалғастырып, ұрпақтар сабақтастығын сақтауға тырысып бағудамын. «Өткенін ұмытпағанның келешегі кемел болады»-деп тегін айтылмаған. Өйткені маған дейін басшылық жасаған адамдардың да басты мақсаты өлкеміздің тарихи шежіресін насихаттау, жинақтау, сақтау, толықтыру болды. Осы жылдар аралығында «музей қандай деңгейге көтерілді, музей қызметкерлері қандай жетістікке жетті, қандай жобалар халықтың көңілінен шықты, өзім қандай дәрежеге жеттім?», - деген сауалдар төңірегінде әркез өз-өзіме сұрақ қоямын. Әсіресе, әрбір жылдың соңы өз ісімізге, атқарған жұмысымызға есеп беру уақыты деп түсінемін.

Тұңғыш Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өз сөзінде «Жалпақ жұртыңды, игі алашыңды құрметтеу алдымен өзің тұрған өлкенің тарихын, табиғатын танудан, адамдарын ардақтаудан басталады», - деген болатын. Музей арқылы ғасырлар бойы ата- бабаларымыз жасап кеткен мәдени қазына байлықтары мен бүкіл қоғамның рухани жетілуін танимыз. Өйткені музей – адамзат еңбегімен жер бетінде жасалған материалдық, рухани игіліктердің, үлгі нұсқалардың әр алуан саласын зерттеп, жинақтаушы, сақтаушы және сол тарихи ескерткіш мұраларды ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, насихаттап отыратын мәдени мекеме. Ғылыми деректерді, көне заман ескерткіштерін, олардың үлгі нұсқаларын, өнер туындыларын, мәдени құндылықтар тағы басқа да мұраларды зерттеп жинақтаушы, дәуір тілінде «сөйлеп» тұратын экспозициялар жасақтаушы, сақтаушы, әрі бұл мұраларды ұрпақтан - ұрпаққа жеткізе отырып, солардың негізінде жалпы қоғам мүшелеріне тәлім - тәрбие беретін ғылыми, мәдени және рухани мекеме болып табылатын музей жұмысын жандандыру еш уақытта назардан тыс қалған емес.

Қазіргі уақытта облыстық музей залдарының экспозициясы толықтай жаңғыртылды. Зал экспозициясы өңірдің тарихи кезеңдері туралы мәлімет беретін зағтай жәдігерлермен толықтырылды. Бұл өзгерістердің көрермендер ризашылығына бөленуі бізге жаңа күш сыйлайды. Орал қаласының тұрғындары асыға күтетін Халықаралық музейлер күніне орай мамыр айында өткізілетін «Музей түнінің» халықтық мерекеге айналуы, музей жәдігерлерімен Астана, Алматы, Қостанай, Түркістан, Атырау қалаларына шығып, үлкен көрмелерге қатысуы, мәдени-ойын сауық саласында тәжірибе алмасу, қазақстандық патриотизм мен ұлттық мәдени бірлікті дамыту аясында ұлттық мәдениетті насихаттау, аймақтық мәдениет ұйымдарының имиджін көтеруге бағытталған әлеуметтік-мәдени, білім беру тәжірибелерін көтеру, бірыңғай мәдени кеңістікті дамыту, өңірлердің мәдени мұраларымен танысу, қызмет бойынша тәжірибе алмасу, қоғамдық сананы жаңғырту аясында мәдениет ұйымдары қызметінің мазмұнын жаңарту бойынша идеялар іздестіру, мәдениет қызметкерлерінің кәсіби шеберлігін шыңдау мақсатында оздырылған мәдениет саласы ұйымдары мен қызметкерлерінің «Рухани қазына-2019» ІІ облыстық фестивалінің қорытындысы бойынша музейіміздің филиалы Сырым Датұлы атындағы тарихи-өлкетану музейінің республика музейлері ішінен «Үздік аудандық маңызы бар мемлекеттік музей» аталу да көп нәрсені байқатады.

Музейдің осындай бүгінгі жетістігі бұл әрине тек қана менің еңбегімнің нәтижесі, менің еңбегімнің жемісі ғана емес, бұл бүкіл БҚО тарихи-өлкетану музейі ұжымының еңбегі, жетістігі. «Бірлесе көтерген жүк жеңіл» деп тегін айтпаса керек дана халқымыз. Музей ұжымындағы 154 адамның ауызбіршілігі, біліктілігі, еңбекқорлығы бізді осындай дәрежеге көтерді. Алдағы уақытта да жаңа істерімізбен көпшілікті қуантатынымызға сенімдімін. Ақ Жайықтың тарихи құндылықтарын

сақтап, насихаттап отырған БҚО музейі әрқашанда ерекше рухани орда, құнды жәдігерлер әлемі болып қала бермек. Ендеше әлі талай жобаларды жүзеге асырып, елді, жерді сүйетін, оны мақтан ететін жастарды бірлесе тәрбиелеуге мүмкіндігіміз бар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. БҚО тарихи-өлкетану музейі қоры. Музей ғимараты туралы №1 қор. Іс-№1.
2. Olke.kz // БҚО тарихи-өлкетану музейінің ресми сайты.
3. youtube.com>channel/UC-w3p9Waopik4zlOYe9_LA
4. Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің youtube желісіндегі ресми каналы.

ӘОЖ / УДК 069.4

КӨНЕККЕТКЕН АУЫЛЫ ҚОРЫМЫНДАҒЫ ҚҰЛПЫТАСТАР

Байбулсинова А.С.

М.Өтемісов атындағы БҚУ доценті, т.ғ.к.

Нұржанов А.Е.

М.Өтемісов атындағы БҚУ магистранты

Орал қаласы

Біздің ата – бабамыздың кереметтігі сол – ұрпағы тарихын білгісі келсе еңбектеніп іздеп табарлық белгілер, мәліметтер қалдырған. Солардың бірі және ең жиі кездесетіні – құлпытастар.

Құлпытас – қазақтың ұлттық рухы, тілі, діні тарихы, жазба мәдениеті, сәулет және қолөнер өркениеті, жердің нағыз иесі кім екендігін дәлелдейтін белгі, әр адамның ата –тегі. Құлпытас сөзінің астарында терең мән жатыр. Зерделеп зерттесек, сипаттамасын жазып, аударсақ тегіміздің кім екенімізді білеміз. Елдің қамын ойлаған хан, би, батыр, әулие, ғұламалардың жатқан жері болашақта туризмнің өзегіне айналары анық. Себебі, кім болсада, ұрпағының елге адал қызмет ету арқылы танымал болып, ізін аброймен жалғастырғанын қалайды. Өзі үшін, елі үшін үлгі тұтарлық бабаларымыздың басына барып, туған жерді аралап халқын, жерін сатпайтын ұрпақ тәрбиелеуге тырысады. Оның сыртында сырттан келген қонақтарды да сол жерлерге апарып, туризмді жандандыра түседі. Сондықтан елу не жүз жылдан кейін бұл құлпытастар жаңбыр мен қар, күннің көзі, жел т.б. табиғаттың түрлі әсерінен тозып, жазбалар оқылмай қалары анық. Оған мал сүйкеніп, жазуын кетіріп, не құлатып тастау мүмкіндігі және құм көшуінен көміліп, жер астында қалып қоюын қосыңыз. Демек, құлпытастардың өмірі өлшеулі. Қорыта айтқанда бабаларымыз құлпы тасқа қашап қалдырған көне жазуларды оқып, танып, түсініп, ертеңгі ұрпаққа аманаттау – бүгінгі біздің перзенттік парызымыз. Сол парымыздың кішкене ғана болсада өтегендейміз.

2018 жылы жазғы маусым айында Ақжайық ауданы Көнекеткен ауылы О.Исаев атындағы орта білім беретін мектебінің ұйымдастыруымен мектеп ішінен құрылған топ мүшелері Тарих пәнінің мұғалімдері Айгерім Қаланғалиқызы, Айгүл Жеңісқызы, әлеуметтік педагог, дінтану пәнінің мұғалімі Нұрболат Мәулетұлы, музей жетекшісі Гүлбаршын Зайдоллақызымен және үйірме мүшелері, көне эпиграфикалық ескерткіштерді зерттеуді қолға алған болатын. Негізі көне эпиграфиялық ескерткіштерді зерттеу жұмыстарына аудандық мамандар Туризм және экология орталығының бас маманы Зейнолла Нұрмұханбетов бастаған топ, ардагер журналист Бақтығали Қоспаев, Фотоға түсіруші Сакен Әбілхайыров келген еді. Осы мамандардың салып кеткен сара жолымен тоқтап қалмай, жоғарыда айтылған топ жалғастырып жұмыстанды. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесі облыс орталығындағы белгілі зерттеуші, тарихшылардың, журналистердің қолына табыс етілген еді.

Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған «Өз өлкеңді өзгеден бұрын таны» атты ғылыми – танымдық конференциясының материалдары кітабындағы «Батыс Қазақстан облысы аумағындағы көне ескерткіштер – XVIII-XX ғасырдағы араб жазулы құлпытастарды қорғау, кешенді зерттеу мәселесі» атты Жантас Сафуллиннің мақаласында «Аудан, ауыл әкімдері мектеп басшылары болсын осыған белсене араласса, құрамына жергілікті өлкетанушы, тарих пәнінің мұғалімдері, басқа, елінің болашағына еңбек етуге дайын ауыл белсенділерін, қосып топ құрса. Топ мүшелері өз ауылының аумағына кіретін барлық қорымды анықтап, арнайы дайындалған нұсқаулыққа сай бірін қалдырмай нөмерлеп, суретке түсіріп беруді ұйымдастырылса, негізгі жұмыс атқарылады» делінген болатын. Осы мақаланы негізге алып, мектеп басшысының қолдауымен құрылған топтың ізденуімен өзіміздің жергілікті құлпытастарды, «DANA kaz» журналының бас редакторы, республикаға белгілі журналист – Қазбек Құттымұратұлына қолқа салып, сол кезде 8 құлпытас оқылған болатын. Одан әрі тағы да ізденуімен біраз оқи алады деген жандармен хабарласып, қазіргі уақытта Бөкей Орда тарихи мұражай кешенінің бөлім меңгерушісі Гүлмару Самифоллақызының телефон нөмерін берген болатын, міне Қазбек ағаның арқасында Гүлмару Самифоллақызына, әр құлпытасты фотоға түсіріліп, сипаттамасын жазып, нөмерлеп жіберілген болатын. Нөмерленген **58** құлпытастың саны **8** құлпытасты DANA.KZ. журналының редакторы Қазбек Құттымұратұлына оқытсақ, Бөкейорда музейінің жетекшісі Гүлмару Самифоллақызына әр құлпытасты **2000** теңгеден саны **44** құлпытас оқытылды. Сонымен қатар саны 6 құлпытас сипатталып тағыда жіберілді.

Қазіргі таңда **Әйтiмбет, Әлiп, Қызылақырап, Байтоқа, Қойбас** қорымдары зерттелiп сипатталып болды. Алдағы уақытта **Үлкен Қарасу, Кiшi Қарасу, Саржала, Әлжан,** жерлерiндегi қорымдарды зерттеу жұмыстары тоқырып тұр. Бұл ендi болашақтың еншiсiнде ауқымды жұмыс болмақ.

Сонымен Көнеккеткен ауылына қарасты қорымдағы құлпытастардың сипаты:

Әйтiмбет қорымы: Қорым Қамыстыкөл ауылының терiскей жағында 3 шақырым жерде орналасқан. Қорымның аумағы 200х 150 м, сыммен қоршалған. 50- ге тарта ежелгi құлпытастар бар.

Әйтiмбет қорымындағы құлпытастардан оқылған тұлғаларға тоқталып кетсек. Жалпы бұл қорымда Байбақты руы, Қынық тайпасы, Жолдығұлдың балалары, Қаратай, Ерубай, Итестен тараған ұрпақтар жерленген.

Әйтiмбет батыр Қаратайұлы XVIII ғасыр өкiлi. (1741ж – 1826ж) Қосымша №1

Әйтiмбет батыр туралы ауыл ақсақалдарынан тараған үлкен аңыз бар. Біз бала кезiмiзде, атамыз әңгiмелеп отыратын дейдi, қазiр 80-нен асқан ауыл қариясы Жәрдем Ғабдөшұлы бiз барғанымызда.

- Ай, қарақтарым – ай, кешегi бiр күндерде ескi әңгiменi бiлетiн қарттар көп едi – ау! Бәрi кетiп қалды ғой! Бар бiлгенiмдi айтайын деп әңгiмесiн бастады..

Әйтiмбет батыр нар тұлғалы, қайратты, өжет, бiрбеткей қырсық адам болған деседi. Менi жерлегенде аяғымды батыс жаққа берiндер, аяғыммен кәпiрлердi тiреп жатамын дептi.

Батырдың құлпытасына зерделеп қарасақ, қорымның сай жақ жағына, күннiң шығыс бағытына қойылған екен. Содан ойға келдiк Жәрдем атамыздың айтқан аңыз әңгiмесi болған оқиға екен деген. Қорымның Әйтiмбет аталуы, сол қорымнан батырдың құлпытасы табылғаны, сол құлпытаста **Әйтiмбет батыр Қаратайұлы** жазылғандығы, артында үлкен аңызы қалғаны, бұл деректiң бәрi Көнеккеткен ауылында осындай батырдың өмiр сүргенiнiң дәлелi емес пе? Аты аңызға айналған ауылымыздан шыққан тұлғаны әрi қарайда тоқталмай терең зерттелсе, әлi де тың деректер табылатына сенiмдiмiз.

Өтеген би Ерубайұлы. XVIII өкiлi (1749ж – 1834ж) 85 жас .

Өтеген Ерубайұлы, Жантөре хан, Үкi би заманында би, старшын болғаны тарихта мәлiм. Оған дәлел «Өз өлкеңдi өзгеден бұрын таны» кiтабындағы Жантас Сафиуллиннiң «Үкi би және оның заманы» зерттеуiнде Үкi бидi хандыққа сайлауға Яссинге хат жолдаған би, старшындардың iшiнде мөр басқан билердiң iшiнде, Өтеген Ерубайұлыда бар. Тарих парағында бар тұлғаның, бiздiң ауылымыздан табылғаны кейiнгi ұрпақ үшiн мақтаныш. Жантөре хан құлпытасы бiздiң елдi-мекеннен солтүстiк бағытта 12 шақырым жердегi Теректi ауданы Қызылжар ауылындағы «Хан зираты» табылғаны, бiздiң туған жерiмiзде, ат тұяғының iздерiнiң қалғанының айғағы емес пе? Ендеше тарих беттерiндегi iрi тұлғалардың бiздiң қасиеттi топырағымыздан шыққандығы, ауылымыздың тарихы терең, шежiрелi ауыл екенiн айғақтайды деген ойға келдiк.

Елші бай Қаратайұлы (1744 – 1834) Фото №18, №52 құлпытас
Сапи Жомартұлы (1787 – 1858) Фото № 19 №54 құлпытас

Елші Қаратайұлы өз заманында бай болған көрінеді. 1806 жылдың күзінде Бөкейдің иелігінде қазақтар Жантөре ханға қарасты қазақ руларынан біраз жылқы барымталаған. Осыған орай Жантөре хан Орал әскери кеңсесінен Мергеновск форпосты маңында көшіп қонған Байбақты руының Қынық бөлімінен Жантелі Жанғұттыұлын, Бармақ Жанғұттыұлын, Жантөре Есенаманұлын, Сапи Жомартұлын, Елші Қаратайұлын, Батақ бөлімінен Маяқұл мен Мәкен Жантайұлдарын, Жарбол Жарлықамысұлын, Қарқамыс, Төлеп, Шоланды бауырларымен бірге тұтқындауды және қуып алынған жылқыларды кері қайтарғанша оларды ұстап тұруды сұрады. Оның бұл ісін дұрысқа санаған Орал казак – орыстарының әскери кеңсесі 1807 жылы 27 ақпанда хан талабын тез арада орындауды ұсынды. [18,4п].

Тасшеген құдығы бұрын «Тайлан құдығы» деп атаған. Фото №20,21,22

Көнекеткеннен солтүстік шығыс бағытта 12 шақырымжерде орналасқан. Тасшеген күтірінен 200 м жерде оңтүстік батысқа қарай орналасқан.

Тасшеген құдығының ертеректе «Тайлан құдығы» аталуы туралы аңыз қалған. Тайлан мырза ауылы суға тапшы болған екен ел болып құдық қазса да су шықпаған деседі. Содан Тайлан мырза Аллаға мінәжат етіп «Жалғыз ұлымды алсаңда су берегөр деген аңыз бар», халқымен бірігіп қазған құдығынан су шығыпты. Алла тілеуін естігенбе, Тайланның жалғыз ұлы дүние салған. Сол қазылған құдықтың ішін Шалқар тауынын тасымен қалаған екен. Құдықтың суы көбейе бергеннен көзін үлкен таспен жапқан. Құдық ішінің кеңдігі түйе айналып жүргендей дейді аңызды айтушы Әбілтай және Жәрдем атамыз. Ал кейбір аңыздарда құдыққұмыра тәріздес келген деседі. Ішіне Тайлан мырза баласы мінген асау тайды түсіріп, тапатқан екен. Барып зерттеу жүргізгенде 4 метр тереңдіктен су шығып тұрғанын, сол қосында тұратын Әліби ағамыз бұл құдықтың суы қысы жазы тартылмайтынын, және күннің ең ыстық кезінде сап – салқын күйінде тұратынын айтады. Салқындай суын ішкенде мейірің қанады дейді (Қосымша ведиосы бар)

Осы аталған Тайлан құдығы, Науша Қаржауұлының жерленген жері Тайлан қорымы, Әйтiмбет қорымындағы Ағайынды екі жігіт жерленген №5 құлпытас, №36 құлпытас белгі қойған Тайлан мырза делінген деректер бойынша Тайлан мырза тарихта өзіндік орны бар тұлға ретінде айтуға болады.

Өлке тарихынан ойып орын алуға лайықты тұлғалардың бар екенін осындай аңыз – әңгімелер айшықтай түседі. біздің де ел ішінде болғандығы, біз секілді ұрпаққа мақтаныш, мәртебе.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құттымұратұлы Қ., Сафуллин Ж. Құлпытас сырын ашайық. – Орал, 2014.

2. Сафуллин Ж. БҚО аумағындағы көне ескерткіштер – XVIII-XX ғасырдағы араб жазулы құлпытастарды қорғау, кешенді зерттеу мәселесі.

3. Ақжайық ауданы, Көнекеткен ауылы, О.Исаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің тарихи музейі қорынан. Арнайы тарихи фото альбом.

Қ о с ы м ш а л а р:

Қосымша 1.



(Әйтiмбет батыр Қаратайұлы XVIII ғасыр)

Қосымша 2.



(Көнекеткен ауылындағы Тайлан құдығы)



(Көнеккеткен ауылындағы Тайлан құдығын зерттеу барысы)

ӘОЖ / УДК 94 (574, 1) 314

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ОРАЛ ҚАЛАСЫНЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ КЕЛБЕТІ

Балықова А.М.

т.ғ.к., БҚИТУ доценті

Оразбаева Л.

БҚИТУ магистранты, Орал

Отан соғысы жылдарында орын алған аймақтағы демографиялық үдерістерді зерттеудің мәні зор. Қазақстанның батыс аймағының бұл жылдардағы Қазақстанның басқа аймақтарынан ерекшелігі, оның тікелей майдан шебіне кіруімен байланысты еді. Екіншіден, Қазақстанның басқа өңірлерімен салыстырғанда соғыс жылдарында батыс аймақта халық санының күрт қысқаруы орын алды. Үшіншіден, бұл жылдарда қала халқында, жекелеген қалаларда кең көлемді демографиялық, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен жаңарулар орын алды. Соғыс жылдарында қала халқының демографиялық сипаты өзгерістерге ұшырап, урбанизациялық үдерістер одан әрі жалғасты. Қалаларда ірі өнеркәсіптер жүйесі қалыптасып, жұмысшы табының саны өсті.

1939 жылғы халық санағы бойынша Қазақстанның халқы 6 151 102 адамды құраса [1, 21 бб.], мемлекеттік статистикалық комитеттің 1941 жылғы 1 қаңтардағы мәліметі бойынша 6 425 000 адам болды [2, 35 б.]. Соғыс жылдары бойы Қазақстаннан әскери комитеттердің деректері бойынша 1 196 164 адам әскер қатарына алынды. Толық емес мәлімет бойынша оның 329 508 адамы қаза болып (шайқаста, жарақаттан, аурудан және тұтқында қаза болғандар мен тұтқыннан оралмағандар), 271 503 адамы хабарсыз кеткен [2, 35-36 бб.].

Батыс Қазақстан аймағындағы жекелеген облыстар бойынша соғыс жылдарында қанша адамның, оның ішінде, қанша қалалықтардың әскер қатарына алынғандығын анықтауда қиындықтар бар. Солардың ең бастысы барлық облыстарда 1995 жылы «Жеңістің 50 жылдығына» арналып шығарылған «Боздақтар» жинағы. Жинақтарда облыстар бойынша әскерге алынғандардың саны жан-жақты нақтыланып, барынша толық берілген. Дегенмен, бұл бағыттағы ізденістер бүгіннің өзінде жалғасуда.

«Боздақтар» жинағы бойынша Батыс Қазақстан облысынан майданға 1941-1945 жылдары 74083 адам алынған. Ал, жалпы 1938-1945 жылдары ұрыс даласында 76635 адам шайқасты. **Оның ішінде, 1941 жылдың 1 қаңтарындағы мәлімет бойынша 67575 адамдық тұрғыны бар Орал қаласынан 11015 адам әскер қатарына алынды.** Бұл жалпы қалалықтардың 16,3 %-ы. Осы дерек бойынша облыстың жалпы әскери шығыны 36548 адам (әскер қатарына алынғандардың - 47,7 %-ы). Оның 15695-і (42,9 %) ұрыстарда өлгендер, 2803-і (7,7 %) госпиталдерде өлгендер, 157-сі (0,4 %) тұтқында өлгендер, 17893-і (48,9 %) хабарсыз кеткендер [3, 22-23 бб.; 2, 35-36 бб.]. Статоргандардың мәліметі бойынша Батыс Қазақстан облысында халық саны 1941 жылдың 1 қаңтарына қарай 395631 адамды құрады. Оның 15 мыңнан астамы облысқа 1940 жыл бойы қоныс аударып келгендер. Соғыс жылдары бойы осы халық саны 1945 жылғы 274284 адамға дейін азайды. Осылайша, халық саны 121347 адамға дейін қысқарған [4, 159 б.]. Олардың арасында жоғарыда келтірілген 36548 адамды құраған соғыс шығыны да бар.

Соғыс жылдары басқа ұлттармен салыстырғанда әскери шығын қазақтар арасында басым болды. Оның ең басты себебі қазақтардың майданға көптеп алынуы болатын. Мысалы, сол кезеңде өзбектермен салыстырғанда қазақтардың жалпы саны аз болғанмен, майданға екі есе көп мөлшерде мобилизацияланған. Одан басқа қазақтар арасындағы әскери шығынның көп болуының тағы бір себебі, көпшілігі ауылдық жерден келгендіктен қазақтардың әскери дайындығының төмен деңгейде болуы, орыс тілін, орысша әскери бұйрықтарды түсінбеуіне байланысты орын алған. Осындай факторларға байланысты түрлі ұлттар арасындағы әскери шығын тең болмады: орыстарда – 6 %, украиндықтарда – 8 %, белорустарда – 10 %, қазақтарда – 12 % [5, 174 б.].

Соғыс жылдарындағы аймақтағы қала халқының қысқаруына халықты еңбекке мобилизациялаудың да ықпалы болды. Тылдағы жұмыс кезінде еңбек ету және әлеуметтік жағдайдың күрделілігіне байланысты халықтың бұл тобының түрлі ауруларға шалдығу, өлім-жітім факторлары орын алды. Оның үстіне тылда еңбек етушілердің көпшілігі әйелдер мен жас балалар болатын. Мысалға, соғыс жылдары Батыс Қазақстан облысында байланыс жүйесінде қызмет етушілердің 88 %-ы, Орал механикалық зауыты жұмысшыларының 61 %-ы, Орал ет-консерв комбинатының жұмысшыларының 53 %-ы, өнеркәсіптік комбинат жұмысшыларының 65 %-ы әйелдер болды. Түрлі мамандықтар бойынша оқу курстарында дайындалған мамандардың да көпшілік бөлігін әйелдер құрады. 1943-1944 жылдары облыстың өнеркәсіптік кәсіпорындары мен жол-көлік саласында 8 мыңнан аса әйелдер қызмет етті [6, 142 б.]. Негізінен қалаларда шоғырланған ауыр және жеңіл өнеркәсіп нысандарында, көлік саласында әйелдер көптеп еңбек етті.

Тылдағы жұмыс күшінің негізін әйелдер және жас балалар құраған еді. Ауыл еңбеккерлері кейде өз еңбектері үшін жалақы алмай, тіркеу кітаптарына жұмыс істегені жөнінде белгі ғана соғылды. Бұл жылдары эвакуацияланған халықтарға да оңай болған жоқ. Олардың еңбек және тұрмыс жағдайлары өте төмен болатын. Соғыс жылдарында халықты карточкі бойынша қамтамасыз етудің өзі үнемі сақталып қала бермеді. Кейбір жағдайда қалаларда жұмысшыларға күніне тек 600 грамм нан берілді. Ауыл халқы болса өзін-өзі қамтамасыз етті. [4, 162 б.]. Жалпы, Қазақстанда халықты қамтамасыз етудің карточкалық жүйесі облыс орталығы болған қалаларда 1941 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізілген еді. 1942 жылдың басына қарай республика халқының 55 %-ы ғана мемлекет тарапынан нанмен қамтамасыз етілді [7, 92 б.].

Сондықтан, қалалардағы халық санының қысқаруына соғыс жағдайында туындаған осындай көптеген объективті факторлар әсер етті. Соған қарамастан соғыс жылдары қалалардағы халық саны эвакуацияланғандар, соғыстан мүгедек болып оралғандар, ауылдан қалаға қоныс аударушылар есебінен тез толығып отырды. Бұл үдерісті қалалардың соғыс қарсаңындағы халық саны мен соғыстан кейінгі жылдағы көрсеткіштерін салыстыру арқылы бағамдауға болады. **Мысалы, 1939 жылғы санақ бойынша Орал қаласының халқы 67575 тұрғын болса, 1946 жылғы 1 қаңтардағы мәлімет бойынша олардың саны 66613 адамды құраған [8, 7 п.].** Сонда Орал қаласының халқы осы уақыт аралығында 962 адамға кеміген болып тұр. Бұл тұста Орал қаласы халқының соғыстың соңғы жылдарындағы күшті көші-қон үдерістерінің есебінен толығып отырғанын ескеру керек.

Орал қаласы халқының қазіргі заманғы демографиялық құрылымына соғыс жылдарындағы көші-қон үдерістері де маңызды ықпал етті. Бұл кезеңдегі көші-қон үдерістері майдан шебіндегі халықтардың Қазақстанға эвакуациялануынан және халықтарды күштеп жер аудару оқиғалары

арқылы жүзеге асты. Соның нәтижесінде, этникалық құрылым күрделеніп, халық құрамында жаңа ұлттар мен ұлыстар пайда болды, негізгі ұлттардың арақатынасының өзгерісі одан әрі жүрді. Соған сай, жергілікті ұлт - қазақтардың үлесі қысқарды.

Халықтарды эвакуациялау үдерістерінің нәтижесінде Орал қаласы халқының саны өсті. Эвакуацияланған халықты қабылдау үшін эвакуопунктер құрылды. Бірақ, босқындар толқынының күшеюіне байланысты облыстарда арнайы қоныс аудару басқармалары ұйымдастырылып, жұмыс істей бастады. Олар тікелей Қазақ КСР-ның Халық комиссарларының кеңесі мен КСРО ХКК Қоныс аудару басқармасына бағынды. Батыс Қазақстан облысында бұндай басқарма 1941 жылдың шілдесінде құрылды [4, 165 б.].

Батыс Қазақстан облысына да халықтарды эвакуациялау қарқынды жүргізіліп, 1941 жылы тамыз айының алғашқы жартысында 1178 адам көшірілді. Олардың ішінде 526 адам Орал қаласына орналастырылды. Оның 186-сы ерлер болса, 340-ы әйел адамдар болатын. Бұл уақытқа дейін облысқа 2647 адам эвакуацияланған еді. Бұдан кейінгі уақыттарда Орал қаласына көшірілгендердің саны тұтас облыс территориясына эвакуацияланғандар санына қарай ауытқып отырды. Мысалы, 1941 жылы тамыз айының екінші жартысында қалаға 906 адам келсе, қыркүйек айының бірінші жартысында – 776, екінші жартысында – 441, қазан айының бірінші жартысында – 373, қараша айының бірінші жартысында – 61, ал екінші жартысында – 969 адам орналастырылған. Деректерге сай, Батыс Қазақстан облысына 1942 жылдың қаңтар айының екінші жартысына дейін барлығы 17320 адам эвакуацияланған. Олардың 6853-і ерлер болса, 10467-сі әйел адамдар болатын [9, 18-55 пп.]. Сонда эвакуацияланғандардың 60,4 %-ын әйел адамдар құраған.

1941 жылы Батыс Қазақстан облыстарындағы қалаларға 1941 жылдың өзінде толық емес мәлімет бойынша 56574 бала эвакуацияланған. Оның ішінде Орал қаласына 16 жасқа дейінгі 5473 бала келген [10, 24-59 пп.]. Балалар үйінің көпшілігі Харьков, Тула, Полтава, Ворошиловград, Могилев, Хотимск және басқа да қалалардан көшірілді. Алғашында жатын орын, жылы киім-кешектер жетіспеді. Орал комсомолдары қалалық білім беру бөлімімен бірлесе отырып, қысқа уақыт ішінде халық арасынан 1 мыңнан астам жылы сыртқы киім, аяқ киім жинады. Балаларды тұрақты ыстық тамақпен қамтамасыз етіп отырды.

Эвакуацияланған халықтың қатарын аймаққа көшіріліп әкелінген кәсіпорындар жұмысшылары да толықтырды. Дегенмен, соғыс жағдайында кәсіпорындардың жұмысшылар құрамын толық көшіру қиын болды. Кәсіпорындардың құрал-жабдықтарымен бірге тек біліктілігі жоғары санаулы маман-кадрлар көшірілді. Қалған жұмысшылар майданға алынды немесе тылдағы еңбекке жұмылдырылды. Мысалы, 1941 жылдың 17 қыркүйегіне дейін Қазақстан территориясына 36 кәсіпорын келсе, оның ішінде 8 кәсіпорын Батыс Қазақстан аймағына жолданған. Осы

кәсіпорындармен бірге Орал қаласына – 6430 маман, инженер-техникалық жұмысшылар және қызметкерлер келген [9, 3 п.].

Келгендердің көбі Ленинград және Мәскеу облыстары мен Ленинград, Мәскеу қалаларынан, майдан шебіндегі қалалар – Курск, Орлов, Воронеж, Тульск, Ростов, Мурманск, Калинин, Смоленскіден эвакуацияланушылар құрады [11, 11 п.]. 1941 жылдың өзінде Батыс Қазақстан облысына 25 ұлт өкілдері келген екен [4, 167 б.]. Өлкемізге көптеген ұлттар мен ұлыстардың келуі жалпы халықтың, оның ішінде қала халқының этникалық құрамының өзгеруіне әкелді. Нәтижесінде, Қазақстанның көпұлтты халқының қалыптасу үдерісі жалғасты.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Орал қаласы халқының санындағы өзгерістерді төмендегі кесте мәліметтерінен бағамдауға болады. Соғыс жылдары Орал қаласы халқының саны 67 575 адамнан 66613 адамға кеміген (жалпы шығын - 962 адам) [12, 6 б.]. Ал Орал қаласынан майданға 11015 адам аттанса, майдан даласынан 5972 адам оралмаған. Орал қаласы халқының санының азаюына соғыс жылдары көшірілген халықтардың кері Отандарына оралу үдерістері де ықпал етті.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Орал қаласы халқының демографиялық ахуалы төмендегі кестеден көрінеді:

4-кесте-Ұлы Отан соғысы жылдарында Батыс Қазақстан облысы бойынша халық санының кемуі (адам)

Қала	1941 жылғы 1 қаңтардағы халық саны	Әскерге алынған халық саны	Соғыстан оралған халық саны	Жалпы шығын	1946 жылғы 1 шілдедегі халық саны	Халық санының кемуі
Орал қаласы	97575	11015	5043	-5972	66613	-962
Батыс Қазақстан облысы	395631	76635	16417	-60218	285830	-114048

Сонымен, Ұлы Отан соғысы жылдарында Орал қаласының демографиялық үдерістерін талдай келе, бірқатар қорытындылар шығаруға болады. Біріншіден, Орал өңірінің майдан шебіне жақын орналасуына байланысты мұнда ерекше демографиялық ахуал қалыптасты. Екіншіден, Қазақстанның басқа өңірлеріне қарағанда Орал өңірінен майданға көп адамның алуына байланысты халық саны қысқарды. Үшіншіден, соғыс жылдары Орал қаласы халқының этникалық құрамы үлкен өзгерістерге ұшырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Всесоюзная перепись населения 1939 г.: Основные итоги. – Москва: Наука, 1992. – 254 с.
2. Боздақтар: Жинақтама том. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 480 б.
3. Боздақтар. Батыс Қазақстан облысы. – Орал, 1995. – 1-т. – 285 б.
4. Сдыков М.Н. Население Западного Казахстана: история формирования и развития (1897-1989 гг.). – Алматы: Ғылым, 1995. – 220 с.
5. Козыбаев М.К. Проблемы методологии, историографии и источниковедения истории Казахстана (Избранные труды). – Алматы: Ғылым, 2006. – 272 с.
6. Букаткин П.Р. Западноказахстанцы в годы суровых испытаний. – Уральск: 2005. -199с.
7. Султангазиева М.Н. К истории снабжение городского населения Казахстана в годы Великой Отечественной Войны 1941-1945 гг. // Вестник КазНУ. – 2004. – №4. – С. 91-93.
8. Казахстан в период Великой Отечественной войны Советского Союза. 1941-1945. Сборник документов и материалов. – Алма-Ата: Наука, 1964. – Т. 1. – 596 с.
9. ҚР ПМ. 708-қор, 5-тізбе, 1191-іс.
10. ҚР ПМ. 708-қор, 5-тізбе, 1188-іс.
11. ҚР ОММ. 698-қор, 14-тізбе, 251-іс.
12. Казахская ССР. Административно-территориальное деление на 1 января 1945 г. – Алма-Ата: Каз.ОГИзд., 1945. – 100 с.

ӘОЖ / УДК 4 (23.37)

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ АУМАҒЫНДАҒЫ РЕСЕЙДІҢ САЯСИ- ЭКОНОМИКАЛЫҚ МҮДДЕСІ

Ибатова А.

БҚИТУ магистранты, Орал

Қазірге дейін Ресейдің Орталық Азия мемлекеттерімен екі жақты, көп жақты негізде қарым-қатынас орнатуға ұмтылыстар жасағанымен, осы аталған аумаққа қатысты түбейлі, ұзақ мерзімді саясатты бекіте алмады. Ресей Федерациясының Сыртқы саясат концепциясына сәйкес «Ресей ТМД мемлекеттерінің әрқайсысымен тең құқылы, сыйластық пен өзара мүдделерді ескере отырып, одақтас елдердің кеңістіктеріндегі интеграциялық интенсификацияға ұмтылыстар жасау негізінде достық қарым-қатынас жасайды. Осы аталғандарға дайындық пен келісім танытқан мемлекеттермен стратегиялық серіктестік пен одақтастықтық қарым-қатынастар одан әрі дамуда» [1, 118б].

Қазіргі таңда бұрынғы Кеңестер Одағы аумағындағы мемлекеттер арасында саясат, экономика және әлеуметтік саладағы қауіпсіздікке қол

жеткізу жолдарын қарастыруға деген ғалымдар арасында қызығушылықтар артуда. Осы мәселелерге деген қызығушылықтың артуы-қазіргі заманауи гуманитарлы халықаралық білімге деген қажеттілікке, сондай-ақ тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейінгі Ресей мен Орталық Азия арасындағы елдер арасындағы әлеуметтік-экономикалық және саяси қарым-қатынастардың жүргізілуіне байланысты тарихи тәжірибені қайта қарастыруға деген ұмтылыстармен байланысты.

Бүгінде батыстың көптеген ірі мемлекеттері, шығыс, АҚШ өз дамуындағы экономикалық дағдарыстың шарықтау кезеңдерін бастан кешіріп жатыр. Бірқатар елдерде саяси режим ауысып, АҚШ халықаралық аренада өз ықпалдастығын одан әрі арттыруда. Осы фактілерге байланысты, аталмыш саяси оқиғалар Орталық Азия аумағындағы елдермен Ресей арасындағы саяси-экономикалық, әлеуметтік байланыстарына, елдердің экономикалық қауіпсіздігіне қалай ықпал ететіндігі туралы ғылыми болжам жасауды қажет етеді.

Ресей Федерациясы посткеңестік кеңістікте 144 млн.нан астам халқы бар, өндіріс өнеркәсібі мен ауыл шаруашылық саласы дамыған, мол табиғи байлық көздеріне ие, ғылыми және білім беру потенциалына ие, ядролы күш-қуатқа ие мемлекет. Ал, Орталық Азия мемлекеттері өзінің әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша, потенциалы, мүмкіндіктері мен саяси модернизациялануы бойынша әр-түрлі деңгейде, сондықтан РФ аталған елдердің жергілікті менталитеті мен мәдениет ерекшеліктерін ескере отырып, осы мемлекеттермен қарым-қатынас жасаудың жаңашыл креативті бағыттарын ойлап табуды талап етеді.

Орталық Азия мемлекеттері геосаяси тұрғыдан мұсылман әлеміне бағытталған саясатты ұстап отыруымен бір мезетте атыс елдерімен де байланысты дамытуда. Бұл бір-біріне қарама-қарсы келетін идеялар немесе ұстанымдар РФ сыртқы саяси векторына сәйкес келмейді. Нәтижесінде Орталық Азия аумағындағы мемлекеттермен қарым-қатынаста Ресей мен Батыс елдерінің арасында «мүдделілік» талас-тартыс қарқыны байқалады. Ресейлік бизнестің инвестициялық іс-әрекеттері объективті және субъективті себептерге орай бірегейлік сипатқа ие[2, 30 б].

Орталық Азия мемлекеттерінің сыртқы саяси қарым-қатынастары бойынша Ресеймен біріктіре немесе Ресейдің шеңберінде қарастыруды жөн санайтын кейбір ресейлік сарапшылар Орталық Азия мемлекеттерінің батыс елдерімен байланыстарының дамуын антиресейлік саяси курс деп те бағалауда. Орталық Азиядағы жергілікті бақылаушылардың ішінде ұлтжандылық идеяларымен қарулана отырып, РФ ықпалының өз аймақтарынан шығарылуын талап ететіндері де кездеседі.

Қазіргі таңда Ресей мен Орталық Азия мемлекеттерінің арасында өзара байланыстың өте жоғары дәрежесі сақталып келеді. Осындай қарым-қатынастардың сақталуының бірінші себебі - 7 мың километрге созылған шекара. Ресей жағынан шекарада федерацияның 12 субъектісі орналасқан.

Екінші себебі Орталық Азия мемлекеттері бұл Ресей тауарларына сұраныс жоғары нарық болып табылады. Аталмыш аймаққа ресейлік өндіріс өнімдері, машиналар, көлік құрал-жабдықтары, соңғы кездері текстиль өнімдері экспортталады. Үшінші себебі, Орталық Азия мемлекеттерінен Ресейге еңбек мигранттарының негізгі ағымдары бағытталады. Төртінші себебі, Орталық Азия аймағы Ресей арқылы Еуропалық Одақ нарығына энергоресурс көздерін транспорттайтын ірі тасымалдаушы мемлекеттер болып табылады. Осы аталған себептерді ескере отырып Ресей Орталық Азия аумағындағы өз мүдделерін бекітуді көздейтінін жасырмай келеді.

Ресей аталмыш аймаққа қатысты энергетикалық және қорғаныс салаларындағы кооперацияны күшейту саясатына көңіл бөледі [3, 20 б]. Орталық Азия мемлекеттерінде Ресей инвестициясының табыстылығын қамтамасыз етуші немесе осы аймақта бизнесті жүргізуге оң әсер ететін келесідей факторларды көрсетуге болады: 1. Орталық Азия аумағы мол табиғи байлық көздерінің отаны. Аумақта мұнай, газ және уран ресурстарының кен орындары көп. 2. Еңбек ресурстарының қол жетімділігі. Еңбек мигранттарын Ресейге шақыру немесе ОА (Орталық Азия) мемлекеттерінде ресейлік тауар өнімдерін шығару жолымен жүзеге асыруға болады. Мысалы, Қырғызстан тігін өнеркәсібі бойынша мол потенциалға ие, аталмыш өнеркәсіп ресейлік тұтынушыларға бағытталған. 3. Күн сайын қарқынды өсіп келе жатқан ішкі нарық. ОА мемлекеттерінің ішкі нарығында ресейлік экспорт пен ресейлік кәсіпорындар мен банктерінің экспансиясы үшін мол мүмкіндіктер ашылуда. Дәл осы мемлекеттердің ішкі нарығында бәсекелестік дамымаған және өнімнің техникалық дәрежесі бойынша талаптар жоғары деңгейде қойылмайды. 4. Ескі немесе бұрынғы кооперативті байланыстардың сақталуы және жаңа байланыстарды дамытуда объективті алғышарттардың болуы (Ресейге қатысты сенімділіктің жоғары болуы, ортақ байланыс тілдің бірлігі, туысқандық байланыстар). 5. Ресей мен Орталық Азия мемлекеттерінің арасындағы транзиттік мүмкіндіктердің басым болуы. Осы сәтте Ресейдің өз территориясынан мұнай-газ құбырлары арқылы Еуропа мемлекеттеріне табиғи өнімдердің тасымалдануына қызығушылық танытпайды, дегенмен де ОА территориялары арқылы тасымалдаушы құбырларды салуда дайын екенін мәлімдеп отыр. Жоғарыда аталған салаларда жұмыс жасау үшін РФ алдына келесі міндеттерді шешуді талап етеді: сыртқы экономикалық байланыстарды жүзеге асыру және ОА елдерінде ресейлік бизнесті дамыту үшін оңтайлы жағдай жасау.

ОА елдері аумағында Ресейдің экономикалық мүдделерін жүзеге асыру мақсатында бірқатар экономикалық институттар құралды, олар: - Кедендік одақ, ТМД аумағында еркін сауда зонасы туралы келісім, ЕврАзЭС (экономикалық одақ), Дағдарысқа қарсы Қор [4,102 б].

ОА елдерімен экономикалық байланыстарды нығайтуда артықшылықтармен бірге келесідей күрделі кедергілерді де айта кеткен

жөн, ол кедергілерге: 1. Орталық Азия аумағындағы нарықта жаңа белсенді ойыншылардың пайда болуы, бәсекелестіктің күшеюі Ресей компанияларының әрекеттерін қиындатып отыр. 2. ОА мемлекеттерінде жемқорлықтың басым болуынан жергілікті бизнесте ресейлік кәсіпкерлердің енуі көп қиындықтарға тап болады. Жергілікті билік органдары әкімшілік ресурстарды өз мүдделері үшін пайдалануына байланысты ресейлік компаниялардың лицензияларын еш себепсіз мойындамау, тексерістердің көп болуы, тендерді алып қою іспеттес қысым көрсетуі мүмкін. Тәуелсіз сот жүйесінің болмауынан ресейлік компаниялар өз құқықтарын қорғаудың қиындығы одан да арта түседі. 3. Ресейлік бизнестің өзіндік ерекшеліктеріне қарай шектеулердің жасалуы. Ресейлік кәсіпкерлердің кейбіреулері жоғары тәуекелділік аймағынан қауіптеніп, қысқа уақыт ішінде табысқа қол жеткізу мақсатында ОА елдеріне инвестиция тарту үшін өз талаптарын жоғарылатады, нәтижесінде ресейлік кәсіпкерлер мен жергілікті билік органдарының арасында түсініспеушіліктер туындайды. Шығыс елдерінің қоғамында жеке келісімге келу, адамдар арасындағы позитивті қарым-қатынастарды орнату өте үлкен рол ойнайды, ал ресейлік бизнес өкілдерінің өзін ұстауы және өз ұстанымдарын жариялау мәнері достық қарым-қатынас жасауға ықпалын тигізбейтіні анық. 4. Орыс тілі ОА мемлекеттері аумағында еркін келіссөздер жасауға үлкен септігін тигізгенімен, жергілікті ұлттың тілін білу сол ұлттың мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне қатысты сыйластықты білдіреді. Мәдени факторды мойындамау, ОА халықтарының психологиялық ерекшеліктері осы аталған факторлардың барлығы болашақта аймақтағы ресейлік бизнестің дамуына кедергі келтіруі әбден мүмкін [5, 71 б].

Қорыта айтқанда, РФ үшін Орталық Азия мемлекеттерінің өзіндік құндылығымен қоса (геосаяси тұрғыдан орналасуының маңыздылығы, экономикалық және сауда мүмкіндіктері, орыс мәдени ықпал етуінің басымдылығы, орыс тілде сөйлейтін диаспора өкілдерінің көптеп болуы) Ресейдің посткеңестік мемлекеттер арасындағы беделін сақтап қалудың басты құралы деп санауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Дүйсен С.Ж. Қазақстан дипломатиясы. - Астана, 2018. – 334б.
2. Афанасьев Н.В. СНГ: опыт стратегического партнерства. – СПб, 2010.
3. Жильцов С.С., Зонн И.С., Ушков А.М. Геополитика Каспийского региона. - М., 2003. – 445 с.
4. Кушкумбаев С.К. Центральная Азия на путях интеграции: Геополитика, этничность, безопасность. - Алматы, 2012. – 385 с.
5. Пивовар Е.И. Постсоветское пространство. Альтернативы интеграции. – СПб, 2008.

МҰХАММЕД ХАЙДАР ДУЛАТИ ЕҢБЕГІНІҢ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ТАРИХЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Мырзабекова А.М.

№49 ЖОБМ мұғалімі, Орал

Түркі дүниетанымы-өте күрделі мәдени-тарихи кеңістік және қазақ өркениетінің төл арнасы. Түркілік дүниетаным негізінде қалыптасқан түркі халықтары бүгінгі таңда ұлттық ерекшеліктері мен тарихы туралы зерттеулер жүргізуде. Әрбір ұлттың өзіне тән мәдениеті мен өркениеті болатынын ескерсек, қазақ өркениетінің де жалпы мазмұнын тануға болады.

Түркі өркениеті мазмұны әрбір түркі халықтарының мәдениеті мен өркениетіне бастау болған. Сондықтан да, қазақ өркениетінің әлемдік өркениетке қосқан үлес салмағын бағдарлау барысында да жаңа мазмұнға ие болып, толығыны даусыз.

Өз философиялық көзқарастарымен дала өркениетіне қомақты үлесін қосқан тұңғыш ұлт тарихшысы Дулати оны адамзаттың рухани мәдениетінің деңгейін көрсететін ғалым деп санады. М.Х.Дулатидің философиялық тұжырымдарын талдау арқылы түркі өркениетінің мәдени-тарихи құндылықтары мен даму негіздерін, ұлттық болмысын танып-білуге болады.

XVI ғасырдағы белгілі тарихшы және әдебиетші Мырза Мұхаммед Хайдар Дуғлаттың «Та’рих-и Рашиди» деген шығармасы XIV-XVI ғасырлардың басында Қазақстан аумағы мен көрші аумақтарда өмір сүрген ірі мемлекеттердің бірі Моғолстан тарихына арнайы арналған. Бұл еңбек-Қазақ хандығының тарихын зерттеу үшін де аса маңызды бастапқы деректеме. Онда тоқсан жыл ішіндегі қазақ хандарының тарихы тым қысқа болғанымен, дәйекті түрде баяндалған.

Шонжарлардың жоғары топтарына жататын Мырза Мұхаммед Хайдар ибн Мұхаммед Хұсайын Дуғлат (1499-1551 жж.) Моғолстанның аса ірі тайпаларының бірінен шыққан. Мырза Мұхаммед Хайдардың ата-бабалары –дуғлат тайпасының әмірлері мен бектері- Моғолстан мемлекетіне кірген Оңтүстік Шығыс Қазақстанның, Қырғызстанның, Шығыс Түркістанның саяси тарихында зор рөл атқарған; олар аса маңызды мемлекеттік қызметтер атқарып, ұлысбектер болған.

Мырза Мұхаммед Хайдар хижра бойынша 905 жылы (1499/1500 жж.) сол кезде моғол хандарының билігінде болған Ташкентте туған. Оның анасы Моғолстан ханы Сұлтан Жүністің кіші қызы болған, ал Сұлтан Жүніс белгілі мемлекет қайраткері, тарихшы және ақын Захир ад-дин Бабыр мен Моғолстан ханы Сұлтан Сайидтың немере туысы еді. Мырза Мұхаммед Хайдар 1512 жылдан 1533 жылға дейін Сұлтан Сайид ханның сарайында болып, билеушінің мұрагері Абд ар-Рашид сұлтанды

тәрбиеледі. 1533 жылы Абд ар-Рашид хан дуғлаттардың жоғарылауынан қауіптеніп, оларға жазалау шараларын үйіп-төкті. Мұхаммед Хайдар Кашмирге қашып барып, Үндістан, Ұлы Моғолдар билеушілері атынан 1551 жылы шайқастардың бірінде өлтірілгенге дейін билік етті [1;14-156б].

Мырза Мұхаммед Хайдар жақсы білім алған, өз дәуірінің саяси оқиғалары мен қайраткерлерінен хабардар болды. Ол түркі тілінде әдеби шығармалар жазғанымен де, мұсылман тарихнамасына тарихи «Та'рих-и Рашиди» еңбегінің авторы ретінде енді. Шығарма 1542-1546 жылдары Кашмирде ортаазиялық парсы тілінде жазылған. Екі бөлімнен – дафтарлардан тұрады.

I дафтар моғолдың Шағатай ұрпақтарынан шыққан хандардың тарихынан тұрады, онда әмір Болатшы дуғлат 1348 жылы Тоғлық-Темір ханды хан тағына көтерген уақыттан бастап, Мұхаммед Хайдар мырза Абд ар-Рашид ханның құрметіне арнаған өз шығармасы 1533 жылы Қашғарияға (Моғолияда) оның билік ете бастағанына дейін Моғолстанда болған оқиғаларды баяндаған.

II дафтар автор 1541 жылға дейін жеткізген мемуарлар болып табылады. Бұл бөлімде өз өмірбаяны және сол дәуірдің көптеген тарихи адамдары туралы өмірбаяндық материалдармен қоса, бірінші бөлімде баяндалғандарына қосымша Сұлтан Сайид ханның Моғолстандағы билік үшін күресі, оның 1514 жылы Қашғарияның дуғлат әмірлерін басып алып, Моғолия мемлекетінің негізін қалағаны, Моғолстанның бұрынғы аумақтарында-Жетісу мен Тянь-Шань өңірінде Шағатай ұрпақтарының билігін қалпына келтіру әрекеттері туралы мәліметтер бар [1;16 б].

Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашидиінде» Қазақ хандығының XV-XVI ғғ. тарихы жай тарихи фактілердің жиынтығы түрінде емес, нақты бір мәселені ғылыми принциптерді сақтай отыра, арнайы түсіндіруге бағытталған түрде беріледі. Сол себепті де Мұхаммед Хайдар Дулатиды Қазақ хандығы тарихының алғашқы кезеңдерін алғаш зерттеген ғалым деп саналады [2;16 б].

Мұхаммед Хайдардың шығармасы медиавистикада кеңінен мәлім. Оны XVI-XVII ғасырлардағы көптеген шығыс авторлары мен соңғы орта ғасырлардағы Орталық, Орта Азия тарихын қазіргі зерттеушілер түпнұсқа ретінде пайдаланады [3;58 б].

«Та'рих-и Рашиди» қолжазбасы парсы тіліндегі көптеген тізімдерде, түрік тіліндегі аудармаларда сақталған [4;506 б].

М.Х.Дулати Орта Азиядағы мемлекеттер мен халықтардың XV-XVIII ғасырлар аралығындағы екі жүз жылға жуық тарихына шолу жасап, соның негізінде сол дәуірдегі қоғам өміріне, ондағы болған тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғалардың іс-әрекеттеріне рухани және адамгершілік құндылықтар тұрғысынан баға беріп, терең әлеуметтік – философиялық ақыл-ой жүйесінде тарих философиясының бастамасын қалаған деп айтуға толық негіз бар.

Ойшылдың «Тарихи Рашиди» шығармасында туған жерге, халқына деген ыстық сезімдері, толғаныстары жазылып, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып жалғасып отыр. Сондай-ақ, жастарды ерлікке тәрбиелеудегі арман-тілектері айқын байқалады. Бұл туралы «Мұхаммед Хайдар Дулати өзінің шығармаларында батырдың тұлғасын сомдап, жауына қаншалықты қатал мейірімсіз болса, бауырларына, еліне халқына, отбасына соншалықты мейірімсіз болып суреттеледі. Ойшылдың шығармаларында барлық тәрбие негіздері қарастырылады. Яғни патриоттық тәрбиемен қатар дене тәрбиесі, имандылық пен адамгершілік тәрбие негіздері де беріледі. Мұның өзі халқымыздың ерлікпен қатар адамгершілікті жоғары бағалағанын, яғни балаға тән тәрбиесі мен жан тәрбиесін қатар беруді мақсат еткендігі байқалады» [5;98-101бб]-деп түйеді зерттеуші Б.Қалыбекова.

М.Қозыбаев: «Мұхаммед Хайдар Дулати кешенді түрде көшпенділерді динамикада қарап, олардың көшуден отырықшылыққа ауысуын, даладан қалаға орнығуын, тайпалық одақтан мемлекетке өтуін қарастырумен бізге қымбат» [6; 369 б.]–десе, « Мұхаммед Хайдар өз еңбегінде көшпелілердің отырықшылыққа ауысуын, даладан қалаға орнығуын, тайпалық одақтан мемлекетке өтуін тұңғыш рет қарастырған ұлы тұлға. XV-XVI ғасырлардағы Шыңғыс хан, Әмір Темір шапқыншылығына ұшырап күйреген ел, құлазыған дала көрінісін шынайы суреттейді.

Шындығында да, адамзат тарихында талай мәдениеттердің жаугершілік замандарда өзін-өзі қорғай алмай, дәрменсіздік көрсетіп, ассимиляцияға ұшырағандығы немесе мүлде жойылып кеткендігі қолың көпшілікке белгілі тарихи-мәдени фактілер болып табылады. Ал сындарлы кезеңдерде тағдыр талқысына қанша ұшыраса да әлемдік философияда, мәдениетті бүгінгі таңда да, өзінің өміршеңдігін танытып отыр [7;12 б.].

Қазақ халқы-басқа да түрік халықтары секілді қиын да бай тарихты бастан кешірді. Қазіргі таңда өз ұлттық тарихымызды терең танып-білуде ең алдымен рухани байлығымыздың қайнары болған тарихи тұлғалар өмірі мен шығармашылығын зерттеу қажет.

М.Х.Дулатидің шығармашылық мұрасы-қазақ ұлтының өз шаңырағын құрып, жеке хандық құрған, аса ауыр да дүрбелең уақытындағы түркі тілдес халықтардың мәдени-тарихи өмірін шежірелеуден туған, өмір философиясына тұнған, болмыс пен таным туралы, адам тұлғасы жайлы жан-жақты сыр шертетін философиялық мазмұнымен ерекшеленеді. М.Х.Дулати өзінің «Тарихи Рашиди» мен «Жаһаннаме» секілді еңбектері арқылы түркі тілдес халықтарға ортақ рухани тұлға болып қана қоймай, бүгінгі таңда да жоғары деңгейдегі рухани көшбасшы болуда.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін) бес томдық. 2-том. - Алматы: Атамұра, 1998.

2. Кәрібаев Б.Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы. - Алматы: Сардар, 2014.

3. Тынышбаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа. Ташкент, 1925. 4. Валиханов Ч.Ч. Записка о судебной реформе. Том 4 // Академия наук Казахской ССР.- Алма-Ата, 1985.

5. Қалыбекова Б. Адам өмірінің мәні- М.Х. Дулати шығармашылығының философиялық өзегі// ҚазҰУ хабаршысы.- Алматы, 2006.-№1.

6. Қозыбаев М. Өркениет және ұлт. - Алматы: Сөздік-словарь, 2001.

7. Карашин Ө. Халықтық философияға бетбұрыс// Ақиқат. 2003. №3.

ӘОЖ / УДК 81:001.12/18

ОСНОВНЫЕ АСПЕКТЫ ЯЗЫКОВОЙ ПОЛИТИКИ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА

*Макулова Р.К.,
старший преподаватель кафедры
русской филологии ЗКУ имени М. Утемисова*

Казахстан - это многонациональная страна с богатейшим культурным и историческим наследием. В нашем государстве наряду с задачами экономических и политических трансформаций одной из серьезных целей является задача мирного сосуществования народов многонационального сообщества.

На всех этапах своего становления в ходе осуществления политических реформ наша страна настойчиво стремилась определить наиболее эффективные пути проведения языковой политики. Краеугольным камнем языковой политики независимого Казахстана являлось планомерное решение проблем культурного и социального развития всех национальных групп в республике, которое должно основываться на признании приоритета прав личности на изучение и использование родного языка, а также соблюдении правового равенства всех национальностей [1].

Новые социально-политические реалии Казахстана как суверенного государства требуют языковой политики, отвечающей потребностям многонационального населения страны, а также учитывающей особенности языковой, демографической и политической ситуации.

Первый Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев придает большое значение проблемам языка и языковой политики в стране. В своей работе «Хранить память и крепить согласие» он указывает на то, что «...необходимо сделать все, чтобы язык, как иногда говорят, титульной нации был востребован к жизни – и на государственной службе, и в производстве, и в науке, и в образовании также, как русский, должен стать

для всех нас руководством к действию. Стремление к уважению других языков без проявления при этом заботы о родном языке означает отсутствие уважения к чести и достоинству своего народа. Независимость языка означает также независимость мышления каждого человека и является основополагающим условием государственного суверенитета ».

В законе «О языках в Республике Казахстан» подчеркнуто, что одним из важнейших аспектов государственной идентичности является наличие государственного языка и следование языковой политики определенным приоритетам. Закон адекватно отражает языковую ситуацию в Казахстане и защищает интересы всех без исключения народов Казахстана, направлен на всемерное обеспечение развития языков всех национальностей, проживающих в республике.

В первые годы независимости в республике стала проводиться языковая политика, направленная на развитие всех языков народов Казахстана. Особое внимание при этом, несомненно, уделялось государственному языку. Был создан уполномоченный орган по развитию и внедрению государственного языка — Комитет по языкам Министерства культуры и информации. В республике проводились мероприятия, направленные на реализацию языковой политики: из бюджета были выделены огромные средства; по инициативе первого Президента Казахстана Н. Назарбаева был создан Президентский фонд развития государственного языка [2].

Современная языковая политика осуществляется в Казахстане в соответствии с Конституцией Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О языках в Республике Казахстан» (от 11 июля 1997 г.), Государственной программой функционирования и развития языков в Республике Казахстан на 2001–2010 годы, Государственной программой развития и функционирования языков в Республике Казахстан на 2011–2020 годы и другими документами, регулирующими государственно-правовые аспекты языковых отношений.

Совершив небольшой экскурс в историю становления современного Казахстана, можно выделить основополагающие этапы языковой политики нашего государства.

Советский этап (1923–1989 гг.) знаменуется принятием Декрета о языках, постановления «Об увеличении числа сотрудников, владеющих казахским языком», постановления «Об усилении контроля за увеличением числа сотрудников, работающих на казахском языке», Постановления Краевого комитета ВКП(б) «О препятствиях великодержавного шовинизма в привлечении казахов в аппарат и промышленность республики», Постановления Краевого комитета ВКП(б) «Об очередных мерах обеспечения предприятий представителями коренного населения». Данные документы способствовали увеличению занятости казахов в промышленности и в органах управления, а также расширению сферы применения казахского языка. А Постановлением

Краевого комитета ВКП(б) от 4.04.1933 г. вообще предусматривался полный перевод делопроизводства на казахский язык в таких структурах, как ЦИК Казахской Республики, Народный комиссариат просвещения, Народный комиссариат по здравоохранению, Народный комиссариат юстиции, Рабоче-крестьянская милиция. В тех регионах, где представителей казахского населения проживало немного, вводили двуязычие, а там, где казахов было более 40 %, вводился документооборот на казахском языке. В регионах, где проживали компактно малочисленные этнические группы, давалось право на подготовку документов на своих родных языках. В 1934 г. было принято Постановление ЦИК республики «Об обязательном изучении казахского языка в неказахских школах» [3].

Как видим, языковая политика, проводимая Советской властью на территории Казахстана в 1920–1930-е годы, поднимала статус казахского языка.

К сожалению, в последующие годы (1940– 1950-е) издаются нормативные документы, существенно понижающие статус казахского языка. Это такие документы, как Постановление 1941 г. «Об отмене льгот за владение казахским языком», Инструкция 1955 г. «Об освобождении русских школ от изучения казахского языка», а Постановление от 9 мая 1955 г. способствовало началу закрытия казахских школ. [4].

По мнению специалистов, следующий этап языковой политики, охватывающий период с 1989 по 1997 гг., характеризуется созданием новой законодательной базы, отвечающей реалиям новой политической системы.

В 1989 г. был принят Закон «О языках Казахской ССР», который не смог побороть общую тенденцию второстепенности казахского языка в казахстанском обществе. По-прежнему русский язык был преобладающим, а в таких сферах общественной жизни, как государственные органы, транспорт, армия, медицина, казахский язык оказался невостребованным. [5].

Ситуация меняется с обретением нашей страной долгожданного суверенитета.

В кратчайшие сроки были разработаны нормативные документы, способствовавшие поднятию статуса казахского языка до уровня государственного.

В Законе РК «О языках в Республике Казахстан» 1997 г. и ряде других законодательных документов, легших в основу национальной языковой политики независимого Казахстана, закрепляется статус казахского языка как государственного и русского языка как официального. [6].

В статье 4 Закона Республики Казахстан о языках написано: «Государственным языком Республики Казахстан является казахский язык. Государственный язык — язык государственного управления, законодательства, судопроизводства и делопроизводства, действующий во

всех сферах общественных отношений на всей территории государства. Долгом каждого гражданина Республики Казахстан является овладение государственным языком, являющимся важнейшим фактором консолидации народа Казахстана. Правительство, иные государственные, местные представительные и исполнительные органы обязаны: всемерно развивать государственный язык в Республике Казахстан, укреплять его международный авторитет; создавать все необходимые организационные, материально-технические условия для свободного и бесплатного овладения государственным языком всеми гражданами Республики Казахстан; оказывать помощь казахской диаспоре в сохранении и развитии родного языка» [7].

При этом в статье 5 Закона четко оговаривается статус русского языка: «В государственных организациях и органах местного самоуправления наравне с казахским официально употребляется русский язык».

В статьях 6 и 7 Закона защищаются права других языков народов республики: «Каждый гражданин Республики Казахстан имеет право на пользование родным языком, на свободный выбор языка общения, воспитания, обучения и творчества. Государство заботится о создании условий для изучения и развития языков народа Казахстана. В местах компактного проживания национальных групп при проведении мероприятий могут быть использованы их языки». В Республике Казахстан не допускается ущемления прав граждан по языковому признаку. Действия должностных лиц, препятствующих функционированию и изучению государственного и других языков, представленных в Казахстане, влекут за собой ответственность в соответствии с законами Республики Казахстан» [8].

Для ускорения реализации Закона РК о языках были поэтапно утверждены Государственная программа функционирования и развития языков в Республике Казахстан на 2001–2010 гг. и Государственная программа развития и функционирования языков в Республике Казахстан на 2011–2020 гг.

Концепция расширения сферы функционирования государственного языка, повышения его конкурентоспособности направлена на улучшение качества обучения государственному языку, обеспечения его функционирования во всех сферах общественной жизни, повышение его роли как фактора укрепления патриотизма и межнационального согласия.

Концепция языковой политики Республики Казахстан определяет русский язык как основной источник информации по разным областям науки и техники, как средство коммуникации с ближним и дальним зарубежьем. Вместе с тем интеграция в мировое экономическое пространство не представляется возможной без знания мировых языков, в частности, английского языка. В связи с его интенсивным изучением языковую ситуацию для большинства казахстанцев в полной мере можно

определить как многоязычную. То есть объективные реалии на сегодня складываются таким образом, что свойственный для казахстанского общества билингвизм постепенно начинает сменяться полиязычием.

Составляющими многоязычия является родной язык, который закрепляет осознание принадлежности к своему этносу, казахский язык как государственный, владение которым способствует успешной гражданской интеграции, русский язык как источник научно-технической информации, иностранный и другие неродные языки, помогающие интеграции личности в мировом сообществе. Поэтому изучение языка как одного из главных индикаторов адаптации человека к новым социально-политическим и социально-культурным реалиям становится в настоящее время актуальной научно-теоретической и научно-практической задачей. Кроме того, возникла объективная необходимость по-новому осмыслить сложившиеся в период независимости традиционные концепции языковой политики и языковой ситуации.

Внедрение обучения на трех языках в учебно-воспитательный процесс - это, безусловно, значительный шаг вперед в направлении реализации главных концепций языковой политики государства, базовыми компетенциями которой являются трехязычие, евразийская поликультурность, коммуникативность и технократичность.

Программа полиязычного обучения предусматривает создание новой модели образования, способствующей формированию конкурентоспособного поколения, владеющего языковой культурой. Знание казахского, английского и русского языков даст молодежи ключ к мировым рынкам, науке и новым технологиям, создаст условия для формирования мировоззренческой установки на конструктивное сотрудничество на основе приобщения к этнической, казахстанской и мировой культурам. Следует отметить, что программа полиязычного образования, внедряемая в Казахстане, является уникальной и подразумевает в отличие от западных аналогов параллельное и одновременное обучение на трех языках. В своем Послании народу Казахстана «Новый Казахстан в новом мире» Главой государства, Н.А. Назарбаевым, было сказано, что «Казахстан должен восприниматься во всем мире как высокообразованная страна, население которой пользуется тремя языками. Это казахский язык – государственный язык, русский язык как язык межнационального общения и английский язык – язык успешной интеграции в глобальную экономику».

Современное казахстанское общество характеризуется общественной модернизацией и стремлением к мировым интеграционным процессам, где ведущую позицию занимает образование. Известно, что только то общество может успешно развиваться и гармонично вписаться в ряд ведущих стран мира, которое сумеет создать для своих граждан достойные условия в приобретении качественного и современного образования.

Современная языковая политика нашего государства должна стать активным фактором решения языковых проблем, на практике доказывающим свою эффективность и результативность. Необходимо координировать усилия государственных органов, общественных объединений, религиозных и иных организаций для проведения единой языковой политики в стране [9].

Основная цель всей языковой политики заключается в том, чтобы обеспечить полномасштабное функционирование государственного языка как важнейшего фактора укрепления национального единства при сохранении языков всех этносов, живущих в Казахстане. Языковая политика является важной частью национальной политики государства, и поэтому от ее эффективности зависит сохранение межнационального согласия в казахстанском обществе [10].

В соответствии с этим языковая политика как стратегически важная часть внутренней политики Казахстана обязана обеспечить решение важных задач по укреплению и развитию нашего государства.

Список литературы:

1. Абдыгалиев Б. Языковая политика в Казахстане: состояние и перспективы / Б. Абдыгалиев // Казахская миссия: сб. ст. — Алматы: Дайк-Пресс, 2007. — С. 237–244.

2. Хасанулы Б. Развитие государственного и других языков- фактор демократизации Республики Казахстан / Б. Хасанулы // Вестн. Павлодарского гос. ун-та. Сер. Социологические науки. - № 1. - С. 166–176.

3. Жангазы Р. Системный подход в реализации государственной языковой политики Республики Казахстан до 2020 года: анализ, стратегия, политика, прогнозы / Р. Жангазы. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://zhangazy.yvision.kz/post/190934>

4. Амирхамзин А. О казахах, о казахском языке / А. Амирхамзин. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: http://www.neotech.kz/print/article1_KZ_language.html.

5. Культура. Еженедельная газета интеллигенции. — № 42 (7202). — 1999. — 18–24 нояб. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: http://www.kultura-portal.ru/tree_new/cultpaper/article.jsp?number=94&rubric_id=200 — 10.02.2008 г.

6. Жумашев Р.М. Очерки истории культуры Казахстана (1917–1991 гг.) / Р.М. Жумашев. — Караганда: Изд-во КарГУ, 2002. — 148 с.

7. Закон Республики Казахстан «О языках в Республике Казахстан» (с изм. и доп. по состоянию на 01.2013 г.) от 11 июля 1997 года № 151-І. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1008034

8. Стратегии и программы Республики Казахстан. Государственная программа развития и функционирования языков в Республике Казахстан.

— [Электронный ресурс]. — Режим доступа:
http://www.akorda.kz/ru/category/gos_programmi_razvitiya

9. Об утверждении Плана мероприятий на 2011–2013 годы по реализации Государственной программы развития и функционирования языков в Республике Казахстан на 2011–2020 годы. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа:

<http://archive.mki.gov.kz/showarticle.php?lang=rus&id=6439>

10. Кыдыралина Ж.У. Нация и история / Ж.У. Кыдыралина. — Астана: Елорда, 2009. — 304 с.

ӘОЖ / УДК 341.24; 94 (574)

ДОСТИЖЕНИЯ КАЗАХСТАНА ЗА ГОДЫ НЕЗАВИСИМОСТИ

Куржалиева В.М.

Магистрант КАЗИИТУ (г. Уральск)

За годы своей независимости Казахстан добился больших успехов в самых различных сферах, таких как политика, экономика, социальная сфера, культура и спорт. Все это вкупе сделало нашу страну узнаваемой во всем мире. Одним из самых больших достижений и богатств казахстанского народа является единство всех этносов, проживающих на территории страны в мире и согласии. К слову, именно этот факт особо выделяет Казахстан на фоне других стран, которые страдают от межэтнических конфликтов.

10 главных достижений Казахстана за годы Независимости

За годы Независимости Казахстан благодаря политике Елбасы — Первого Президента Нурсултана Назарбаева превратился в государство с развивающейся экономикой и демократическими устоями.

1. Казахстан входит в число самых безопасных стран в рейтинге ядерной безопасности. Этому способствовал указ Первого Президента о закрытии Семипалатинского ядерного полигона 29 августа 1991 года. 29 августа 1949 года на полигоне было проведено первое испытание. Спустя больше 40 лет именно в этот день вышел указ о закрытии полигона. За это время было произведено 500 взрывов, которые нанесли урон здоровью и жизни тысяч людей.

По инициативе Казахстана ООН объявила 29 августа Днем международных действий против ядерных испытаний.

2. В 1995 году по инициативе Елбасы Нурсултана Назарбаева создана Ассамблея народа Казахстана. Ее цель – обеспечение общественно-политического согласия в стране. Впервые идея об организации озвучена на форуме народов Казахстана в 1992 году. Сначала Ассамблея была консультативно-совещательным органом при Президенте, затем

трансформировалась в конституционный орган с общественно-политическим статусом.

Авторитет организации признан на международном уровне. Генеральный секретарь ООН Кофи Аннан, посетивший нашу страну, назвал Казахстан «примером межнационального согласия, стабильного, устойчивого развития для других государств». По его словам, «благодаря деятельности Ассамблеи народов Казахстана разнообразные, этнические, культурные, религиозные группы, составляющие великую нацию, могут участвовать в процессе принятия важных решений, влияющих на их жизнь».

3. Одним из главных успехов Казахстана является строительство столицы – города Нур-Султан. За небольшой срок появился современный город, который стал визитной карточкой страны. Уже в 1999 году столица Казахстана добилась мирового признания. Город был удостоен награды ЮНЕСКО «Город мира». Эта награда присваивается новым городам планеты, которые за короткий срок достигли больших результатов в социально-экономическом, политическом и культурном развитии.

Сегодня Нур-Султан — это не просто административный центр, а символ Независимости и развития страны. Город стал площадкой для международных политических и культурных событий.

4. За период Независимости республика стала участником авторитетных и влиятельных международных организаций. Среди них ООН, ОБСЕ, ОИС, ШОС, СНГ, ЕАЭС, ЕЭП, ОДКБ, ОЭСР. Казахстан стал первой страной Центрально-Азиатского региона, где прошел саммит ОБСЕ после десятилетнего перерыва. Его проведение укрепило авторитет страны и Первого Президента на международной арене. Также в столице Казахстана ежегодно проводятся съезды лидеров мировых и традиционных религий.

5. Спорту в Казахстане с подачи Первого Президента страны уделяется большое внимание. За 28 лет казахстанские спортсмены завоевали свыше 60 олимпийских наград. Среди успешных казахстанских спортсменов Геннадий Головкин, Дмитрий Баландин, Ельдос Сметов, Илья Ильин, Ольга Рыпакова, Александр Винокуров, Зарина Дияс, Элизабет Турсынбаева и многие другие. Главным спортивным событием страны за период Независимости стало проведение Зимних Азиатских игр в 2011 году. В них приняли участие представители около 30 стран. [5]

6. В 2012 году Казахстан вошел в число 50-ти конкурентоспособных стран мира в глобальном отчете Всемирного экономического форума 2013-2014 года. Еще в начале 2000-х годов Первый Президент РК поставил общенациональную задачу войти в число развитых стран мира. За это время объем ВВП вырос в 18 раз, доходы населения увеличились в девять раз, уровень бедности сокращен в 10 раз.

7. В 2017 году Казахстан стал первой страной СНГ, которая провела Международную специализированную выставку ЭКСПО. В ней приняли

участие 115 государств и 22 международных организации. Выставку посетили порядка четырех миллионов человек, из которых полмиллиона приехали из других стран.

8. За период Независимости Казахстан привлек более 300 миллиардов долларов иностранных инвестиций. Наиболее крупными инвесторами являются Нидерланды, США, Швейцария, Франция, Великобритания, Россия, Италия, Япония, Бельгия и Канада.

9. С момента обретения Казахстаном суверенитета в стране создано более 300 тыс. рабочих мест и 1250 новых предприятий. Более 100 стран являются потребителями казахстанской продукции. За последние годы освоено производство более 500 видов изделий, экспортировано около 50 новых товаров.

10. В 2018 году по инициативе Первого Президента начал свою работу Международный финансовый центр «Астана». На его территории действует английское право. Центр создан с целью привлечения в страну инвестиций. [1]

Анализируя усилия и достижения Казахстана, можно с уверенностью констатировать: республика выбрала стратегически правильный путь. В настоящее время Казахстан считается по праву региональным лидером и стремится занять достойное место в числе 30-ти государств с наиболее конкурентоспособной экономикой.

Говоря о достижениях страны, нельзя обойти вниманием столицу Казахстана. Сменив название с Астаны на Нур-Султан, город продолжает оставаться одним из самых современных на пространстве Евразии. Об этом говорит полученная еще в 1999 году награда от ЮНЕСКО «Город мира» - это почетное звание присваивается только тем городам, которые за относительно короткий срок показали результаты во всех основных сферах развития.

Список литературы:

1. Анализируя усилия и достижения Казахстана, можно с уверенностью констатировать: республика выбрала стратегически правильный путь / [Зарина Козова](#) / новости Казахстана. <https://liter.kz/13927-10-glavnyh-dostigeniy-kazahstana-za-gody-nezavisimosti/>

ҒАБДОЛҒАЗИЗ МҰСАҒАЛИЕВТІҢ ҚЫЗМЕТ ЖОЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНДЕГІ РӨЛІ

Зулкарова Т.Н.

*БҚО, Жәнібек ауданы, Жәнібек ауылы
«№ 1 мектеп-лицейі» КММ,
М.Өтемісов атындағы БҚУ магистранты*

XIX ғасырдың аяғы, XX ғасырдың басында Бөкей ордасынан шыққан қазақ зиялыларының арасында шығыс мәдениеті мен әдебиетін жете меңгерген, Кабул мен Мысырда қос университет бітірген, жеті жұрттың тілін білген ғұлама ғалым Ғабдолғазиз Мұсағалиевтің орны ерекше.

Ғабдолғазиз Мұсағалиев 1888 жылы Астрахан губерниясының Бөкей ордасында, қазіргі Қазталов ауданының Қараоба ауылдық округіне қарасты Әбдіраш ауылында ауқатты, сол аймаққа танымал әулетте дүниеге келген екен. Руы – Нәртелі Қостаңбалы. Әкесі заман талабына сай білім алған, ел арасында өзінің әділ, жанға жағымды қасиеттерімен, жомарттығымен танылған адам болған.

Алғашқы сауатын өз әкесінен және ауыл молдасынан ашқан Ғабдолғазиз Мұсағалиевтің білімге талабын байқаған әкесі оны Қазан медресесіне жібереді. Сөйтіп, Ғабдолғазиз Қазандағы Алатай медресесінің табалдырығын аттайды. Мұнда ол шарифатпен қоса, жалпы ислам дінінің, шығыс халықтарының тарихынан сусындайды. Араб, татар, орыс тілдерін жетік меңгереді. Медреседен кейін арнайы ақсүйектер мектебінде оқиды. Соңынан зайырлы мектепке ауысады. Осы мектепте жүргенде қазақ тарихын зерттеп, ел аузынан әдеби мұраларды жинауға ден қояды. XX ғасырдың басында медресені ойдағыдай аяқтап, еліне оралғанда өзіне қамқоршы болып, білім алуына барлық жағдай жасап жүрген әкесі қайтыс болады. Ал шаңыраққа ие болып қалған ағасы Ғабдолғазиздің білім құғысы келетін ниетін онша қолдамапты. Бірақ әке дәулетінен өзіне қалған еншісін ақшаға айналдырып, Ғабдолғазиз Мысыр еліне, Каирге оқуға кетеді. Мұнда ол атақты әл-Азһар университетінің заң факультетіне түседі. Әлемге әйгілі Каир университеті қабырғасында Ғабдолғазиз Мұсағалиев өзінің бар қайрат-жігерін терең білім алуға жұмсайды. Шығыс халықтарының тарихын, этнографиясын, жыр-қиссаларын зерттеп, мұсылман құқық жүйелерімен жетік танысады. Ғабдолғазиз 1907-1908 жылдары университетте жүрген кезінде араб тіліндегі «Гүлжиһан» дастанын жаттап алған. М.Ысмағұловтың өз естелігінде: «Мен Ғабдолғазиз Мұсағалиевті көрген адаммын. Оның терең білімі, сауаттылығы таң қалдыратын. Әсіресе, «Гүлжиһан» дастанын жаттап алуын ерлік деп есептеймін» деген.

Мысыр университетін бітірген соң Ғабдолғазиз Үнді мұхиты арқылы кемемен бүкіл Африка, Азияны аралайды. 1909-1910 жылдары Үндістан,

Пәкістан, Индонезия, Жапония сияқты Шығыс елдерінде болады. Жүріп өткен жолдарын, ол жерде тұратын ұлттар мен ұлыстардың тұрмыс-тіршілігі жайлы ғылыми-танымдық мақалалар жазады. Мысалы, «Айқап» журналының 1914 жылғы 24-санында «Мысыр» деген мақаласы жарық көрген. Осы сапар барысында көптеген құнды жазбалар, күнделіктер де жазылған. Бірақ, өкінішке орай, кейін Қазан төңкерісі кезеңінде олардың бәрі жоғалып кеткен.

Сапарының соңында Ғабдолғазиз Порт-Артур арқылы Владивосток қаласына келеді. Сосын теміржолмен Новоузенск стансасына жетеді. Бұл станса Қараобаға 35 шақырым болатын. Осы бекетте Ғабдолғазиз Мұсағалиевті қарсылауға Шәңгерей Бөкеев, Ғұмар Қараш секілді ел азаматтары шығыпты. Сөйтіп, Каирда оқыған қазақ талай жылдан соң туған ауылына аман-сау оралады [1].

1923 жылдан бастап бірыңғай әдеби қызметпен айналысты. 1929 жылы Ордадан Алматыға көшеді. Ғ.Мұсағалиевтің бұдан кейінгі өмірі жөніндегі деректер тым аз. 1930 жылы Алматыда шығармашылық қызметпен айналысады. Академик Салық Зиманов Ғ.Мұсағалиевтің 1933 жылы Алматы қаласында дүние салғанын жазған [2].

Ғ.Мұсағалиев өмірінің тағы бір ерекше қыры – ұстаздығы. 1899 жылы Жетісу облысында 3 жылдық «Мамания» медресесі дүниеге келіп, 1909 жылы 8 жылдық мектепке айналған еді. Мектеп жанынан интернат ашылып, онда кедей-кепшіктің балалары ақысыз оқытылды. Ілияс Жансүгіров, Біләл Сүлеев, Сұлтанбек Берсүгіров, Мейірман Ермектасов, Әубәкір Жайшыбеков, ақын Сара сияқты атақты адамдар сауатын осында ашқан. Ал медресеге білікті ұстаздар «Айқап» журналы арқылы конкурстық негізде шақырылыпты. Осындай таңдаулылардың қатарында Ф.Есенгелдина, М.Малдыбайұлы, Ф.Жиһангерұлы, З.Назарұлы сынды ұстаздардың қатарында Ғабдолғазиз Мұсағалиев те болған.

Академик С.Зиманов, зерттеушілер С.Дәулетова, М.Ысмағұлов Ғабдолғазиз Мұсағалиевтің сегіз тілді жетік меңгергенін айтады. Соның ішінде араб, парсы, түрік тілдерін жетік меңгеріп, орыс, испан, француз тілдерінде мүдірмей оқып, аудару және жаза да білген.

Ғабдолғазиз Мұсағалиев 1911 жылдың күз айларынан бастап «Мамания» мектебінде меңгеруші қызметін атқарады. Ол мектеп бағдарламасын өзі жасап, қай пәнді қалай оқыту қажеттілігін оқушылардың санына және сапасына қарай өзгертіп отырыпты. Мектеп шәкірттері оқу барысында жазу, арифметика, Құран, география, Пайғамбарлар тарихы, Ислам тарихы, зоология, татар тарихы сияқты пәндерді меңгеруге міндетті болған екен.

Патша құлап, ақ пен қызыл тартысқан аласапыран кезде де Ғабдолғазиз ағартушылық жұмыстарынан қол үзбеген. 1918 жылы 2-5 қыркүйекте Орда қаласында Бөкей губерниялық мұғалімдердің I съезі шақырылғанда Ғабдолғазиз Мұсағалиев делегат болып сайланып, оның президиумының тұрақты төрағасы болады.

Бірақ ағартушылық жұмыстан қол үзбейді. Ауылдық жерлерде мектеп салдырып, кедейлердің, шаруалардың балаларын Тіленшісай, Жақсыбай, Әбдіраш ауылдарына оқытуға атсалысады. «Нариман бек Нариманов» атты несиелік серіктестікті (кредитное товарищество) ұйымдастыруға белсене қатысады.

Ғабдолғазиз Мұсағалиев 1920 жылы елде қарап жатпай, аудармашы болған. 1923 жылы ол Мәскеуде көрмеде болып, А.В. Луначарскиймен кездеседі. Аталмыш қызметтен кейін әдеби қызметпен айналысты. Сол жылдары (1923-1933 ж.ж.) ол бірсыпыра естеліктер мен әдеби және ғылыми еңбектер жазған. Әсіресе, қазақ мектептеріне, педагогикалық техникумдарға және жоғарғы оқу орындарына арнап хрестоматиялар шығарып отырды. Бірақ, өкінішке орай, олардың көпшілігі жоғалып, осы күнге дейін зерттеушілер қолына түспей отыр [3].

Ғабдолғазиз Мұсағалиев өз мақалаларын «Мұса Ғ.», «Мұса Ғабдолғазиз», «Мусин Ғабдолғазиз» деген аттармен жариялаған.

Ғабдолғазиз Мұсағалиевтің есімі қазақ баспасөзінің алғашқы қарлығаштарымен де бірге айтылады. Мысалы, қазақ жерінде шыққан тұңғыш қазақ басылымы – «Қазақстан» газетін шығарушы 27 адамның бірі Ғабдолғазиз болған. «Айқап» журналын шығарушы Мұхамеджан Сералинмен де достық қарым-қатынаста болады. Ол 1912-1914 жылдары «Қазақ», «Айқап» сияқты ірі басылымдарда көлемді ғылыми-танымдық бірнеше мақала жариялады. Оның ішінде қазақ халқының 1731 жылы Кіші жүз ханы Әбілхайыр тұсындағы Ресейге қосылу жөнінде мақала да бар. Өзінің «Қазақ жайында» атты тарихи очеркінде Ғабдолғазиз мәселеге заңгер ретінде құқықтық сараптама береді [1].

Ғ.Мұсағалиев 1911-1915 жылдары Троицк қаласында (қазір Ресей Федерациясы аумағында) шығып тұрған «Айқап» атты алғашқы қазақ баспа журналына қатысып, оған түрлі мақалалар, хабарлар жазып тұрды. Ғ.Мұсағалиевті қазаққа алғаш таныстырған және танытқан басылым - осы «Айқап» болуы керек. Айталық, оның өз атымен 1911-1913 жылдары алдымен Хан Ордасында (қазір Орда аталады), кейіннен Орал қаласында шығып тұрған «Қазақстан» атты алғашқы қазақ газетінде жариялаған материалдары кездеспейді. Дегенмен, Ғ.Мұсағалиевтің Жетісу өлкесіндегі ірі байлар - Маман балалары мен жергілікті қайраткерлерді ұйымдастырып, «Қазақстан» газеті үшін қаржы жіберген фактілері осы газетте жазылады.

Ғабдолғазиз «Айқап» журналына дейін де әдебиет, жазушылық қызметпен айналысқаны туралы фактілерді оның Уфа қаласында 1908-1918 жылдары шығып тұрған «Шура» журналында тәлім-тәрбие туралы «Ғақыл нечик тәрия илелми?» (1910, №22, 693-695-бб.; 1911, №2, 51-53-бб.; №5, 150-151-бб.; №10, 309-311-бб.; №14, 435-437-бб.; №15, 466-469-бб.), сөздердің этимологиясы жөнінде «Курган уа уба һәм «қала» (1911, №1, 8-9-бб.), қазақтар жөнінде «Қазақ тарихы хақында» (1911, №5, 134-135-бб.), ұлт мәселесіне байланысты «Қазақтар мөнқариз улачакмы?»,

(1911, №6, 175-177-бб.) т.б. бірнеше мақала жариялайды. Осы кезде оның қаламы төселген әдебиетші, ағартушы ретінде танылғаны байқалады.

«Уахшат, бәдауиат һәм маданият» «Айқапта» журналының 1912 жылғы екі нөмірінде (№3, 58-60-бб.; №4, 76-80-бб.) басылған көлемді ғылыми-публицистикалық мақала. Соңында өзі туралы «Ғ.Муси» деп жазылған. Онда автор XIX ғасыр мен XX ғасыр басында әлемдік және еуропадық жаратылыстану-философиялық ғылымдар саласында қалыптасқан жер бетіндегі халықтардың қайсысы адамзат мәдениетіне қаншалықты үлес қосқандығы туралы ой-пікірді ғылыми-публицистикалық тұрғыдан саралап, адам баласы дамуының ғылыми үш мәдени сатысындағы қазақ халқының орны мен жағдайы туралы өз көзқарасын ұсынады. Автор осы мақаласы арқылы қазақ халқына дамудың «мәдени» стысына көтерілу қажеттігін дәлелдейді. Мақала адамзат дамуы туралы ой-пікірдің қазақ топырағындағы қазақ тіліндегі алғашқы ұшқынын әкелген, осы теорияны қазақ топырағында таныстырған әрі оны қазақ халқының шығу тегі, қалыптасу жолы және қазіргі (XX ғасыр басында) қалпы бойынша алатын орны туралы көзқарасымен толықтырып дамытуымен аса құнды.

«Айқапты» үлкейту хақында» «Айқаптың» 1912 жылғы бір санында (№4, 89-90-бб.) басылған шағын мақала. Автор жазбасының соңында «Ғабдолғазиз Муси» деп білдірген.

«Бөкейлік жайынан» атты мақала 1912 жылы «Айқаптың» бір нөмірінде (№10, 226-228-бб.) басылды. Соңында жазушы туралы «Ғ.М. деп жазылған [4].

1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін де Ғабдолғазиз Ресейде шығып тұрған «Шора» және «Тәржіман» журналдарында, «Уақыт» («Вахт») атты татар газетінде бірнеше мақала жазған. Оның мақалалары қазақ халқын бостандыққа, теңдікке шақырып, халықтың ұлттық санасын оятуға үлкен әсерін тигізді [3].

Қазіргі таңда «Ұран» газетінің 10 нөмірі табылып отыр. Нақты айтсақ: № 6, 1 қыркүйек, № 7, 12 қыркүйек, № 8, 26 қыркүйек, № 9, 7 қазан, № 20, 31 желтоқсан, ал 1918 жылы № 24, 16 ақпан, № 28, айы белгісіз, № 30, 16(3) мамыр [1].

1917 жылдың ақпан айында патша тақтан түсіп, Уақытша үкімет құрылғанда Ғабдолғазиз Мұсағалиев («Ғ.Мусин» деген бүркеншік атпен) Орал қаласында шілде айынан бастап өз әріптестерімен бірге «Ұран» («Призыв») деп аталатын жартылай ресми газет шығарады. Ұлт істері Комиссариатының қазақ бөлімшесі Бөкей облысына көшкенде «Ұран» газеті Қазан төңкерісінің мұраттарын насихаттайды. Бұл газет бетінде Ғабдолғазиз Мұсағалиев 1917 жылы желтоқсан айында Ордада революциялық комитеттің құрылуын қостаған.

Ұран газетінің № 24 санында «Ұран» газетінің бағасының артуына байланысты және газет редакторы ретінде мақала жариялайды. Мақала мазмұны мынадай: «Ұран» бағасын арттыру Қағаздың бағасы адам етер

емес. Баспахана жұмысшыларының хақы да 3-4 есе артып кетті. Сондықтан «Ұранның» да бағасын екі есе арттыруға мәжбүр болдық: 1918 жылдан бастап жылдығы 8 сом, жарты жылдығы 5 сом, үш айлығы 3 сом. бұрын жазылып қойғандардан 1 есе ақшаларын жіберіп, бағаны толықтыруларын өтінеміз. Бермегендердің 5 сомы жарты жылға, 3 сомы 3 айға есеп болады. Агенттеріміз осыны ескерсін. «Ұран» жетісіне екі рет шыға бастайды [1].

Ордада 1918 жылы 17 қарашадан бастап «Хабар» және «Известия» газеті шыға бастағаны белгілі. Бұл қазіргі «Орал өңірі» газетінің бастауы болатын. Осы газет 1919 жылғы 20 ақпаннан «Дұрыстық жолы» деген атаумен шыға бастағанда оның редакция алқасында Мұстафа Көкебаев, Ғұмар Қарашев, Халел Есенбаев, Тамимдар Сафиевпен бірге Ғабдолғазиз Мұсағалиев те болған [3].

XX ғасырда қоғамдық-саяси өмірде болып жатқан оқиғаларға белсене араласқан Ғабдолғазиз Мұсағалиев өзінің еңбектері арқылы халқын ағартушылыққа шақырған қайраткер ретінде таныла білді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 Ж.Сафуллиннің редакторлығымен «Ұран» газеті. - Орал: 2014. – 400 б.
- 2 Ж.Сафуллиннің редакторлығымен «Қазақстан» газеті. - Орал: 2012. – 400 б.
- 3 Муттайрова Т.М. XX ғасырдың басындағы ұлттық демократиялық ағымдағы қазақ зиялыларының бірі Ғ.Мұсағалиевтің қызметі// ҚазҰУ хабаршысы. – 2010. № 2 – 15-17 б.
- 4 Қазбек Құттымұратұлы «Алаштың ұраны»// Орал өңірі. – 2017.

ӘОЖ / УДК 94 (574) 930

ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫНЫҢ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНА ҚАЙТА ОРАЛУЫ

Ихсанова А.Б.

М.Өтемісов атындағы БҚУ,

ҚР тарихы кафедрасының оқытушысы, магистр

Әбу Насыр әл-Фарабидің өмірі мен энциклопедиялық ғылыми мұрасы, рухани әлемі оның көзі тірі кезінде-ақ сол заман ғалымдарының назарын өзіне аудара бастаған. Фараби өмірден өткеннен кейін бұл зерттеулер бүгінде әлемнің алуан тілде жазатын ғалымдар шығармаларымен толығып, «Фарабитану» атты тұтас бір ғылым саласына айналды. Фарабитануды құрайтын сол мұраны шартты түрде бес топқа жіктеуге болады.

- Бірінші топқа ортағасырлық араб, парсы ғалымдарының жазбалары кіреді.

- Екінші топқа фарабитанудың тағы бір үлкен саласын ХІХ-ХХ ғғ. Мысыр, Сирия, Ливан, Иран және Ауғанстан ғалымдары толықтырды.
- Фарабитанудағы үшінші топты батыс авторлары құрайды. Бұл саладағы Фараби мұрасына қызығушылық ХV ғасырдан басталады.
- Фарабитанудағы төртінші топқа патшалық Ресей және кеңес заманындағы шығыстанушылар жатса, фарабитану ғылымының
- бесінші тобына түркітілдес халықтар ғалымдарының еңбектерін жатқызуға болады.

Қазақстанда Әбу Насыр әл-Фараби мұраларын аудару, зерттеу, насихаттау жұмыстары мен әрекеттері ХХ ғасырдың 60-70 жылдарынан басталып, Қазақстан фарабитанудың әлемдегі ең үлкен орталықтарының біріне айналды. Қазақстандық фарабитанудың басында, негізгі ұйытқысы, мұраларын тұңғыш іздеуші, аударушы, мәселені көтеруші ретінде Ақжан Жақсыбекұлы Машани есімі аталады. Әл-Фараби мұрасы аясында зерттеулердің жаңа толқыны 1968 жылы ҚазКСР ҒА Философия және құқық институтында «Әл-Фараби мұраларын зерттейтін шығармашылық топ» құрылған кезде басталды. Топты ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, философия ғылымдарының докторы, профессор Ағын Хайроллаұлы Қасымжанов басқарды. Шығармашылық топ құрамында белгілі ғалымдар И.О.Мұхаммед (Иран), **Еуропа тілдерінің маманы Б.Я. Ошеревич, шығыс математикасының маманы А.Қ. Көбесов, арабтанушылар А.С. Иванов, К.Х.Таджикова, Н. Караев** сынды ғалымдар болды, сонымен қатар **мәскеулік арабтанушылар Б.Г. Ғафуров және А.В. Сагадеевпен** байланыстар орнатылды. Осы ғылыми шығармашылық топтың арқасында ұлы ғұлама философ әл-Фарабидің шығармашылығымен, қолжазбаларымен мұқият танысуға зерделі зерттеулер басталып кетті.

Сүбелі жұмыстардың нәтижесінде әл-Фарабидің «Философиялық трактаттары», «Әлеуметтік-этикалық трактаттары», «Логикалық трактаттары», «Математикалық трактаттары», сондай-ақ «Птоломейдің «Алмагестіне» түсініктеме» атты мирастары қазақ-орыс тілдерінде жарық көрді.

1970 жылдары кеңестік қоғамның академиялық ортасында әл-Фарабидің философиялық мұрасына ерекше қызығушылық пайда болды. 1970 жылы Алматыда әл-Фарабидің таңдамалы философиялық трактаттары үзінділерінің аудармасы жасалды, одан кейін математика, әлеуметтік-этикалық мәселелер, логика бойынша трактаттарының үзінділері жарыққа шықты. Бұдан әрі кеңестік идеологияның қағидаларына сәйкес жасалған философия тарихына әл-Фарабидің қосқан үлесін қорытуға арналған еңбектер пайда бола бастады. Қазақстанда әл-Фараби есімі ХХ ғасырдың 70-жылдары айрықша танымал болды. Әл-Фараби еңбектерін қазақ-орыс тіліне аудару үшін белсенді жұмыстар жүргізілді. Оның мұрасына арналған көптеген мақалалар мен бірқатар көркем

шығармалар жазылды, оның есімімен көшелер мен ғылыми орталықтар аталды.

Фараби мұраларын зерттеуде тек қана шығыс, орыс ғалымдары ғана емес, Батыс ғалымдары да зерттеп, еңбектерін жариялауда. Бұл тұрғыда америкалық ғалым Николас Решерді айтуымызға болады. Николас Решер – АҚШ-тың Питсбург университетінің профессоры. Ол – Фараби және оның шәкірттерінің ғылыми мұраларын көп зерттеген ғалым. Николас Решер ұзақ ізденудің нәтижесінде 1962 жылы ағылшын тілінде «Фарабидің аннотацияланған библиографиясы» деп аталатын, Фарабиді зерттеушілер үшін құнды еңбегін жариялады. Мұнда 1000 жыл бойында Фараби жөнінде кім не жазды, Фараби шығармалары қай тілдерге аударылды, оның мұрасының аса құнды екенін дәлелдейді.

Отандық фарабитанудағы сүбелі еңбек туралы айтатын болсақ, 1975 жылы Әбу Насыр әл-Фарабидің 1100 жылдығына арналған үлкен халықаралық ғылыми конференция «Мәскеу-Алматы-Бағдад» қалаларында болып өтті. Сөйтіп Алматы аз уақыттың ішінде әл-Фараби мұраларын зерттейтін ғылыми орталыққа айналып, ол жұмыстар шетел ғалымдары арасында да кеңінен танымал болды.

Сондай-ақ, 1975 жылы Мәскеу қаласында белгілі шығыстанушы ғалым Б.Г. Гафуров пен А.Х. Қасымжановтың орыс тілінде шыққан «Әл-Фараби мәдениет тарихында» («Аль-Фараби в истории культуры») атты кітабы араб-мұсылман философиясы мен мәдениетін, фарабитанумен шұғылданушы ғалымдар арасында үлкен сұранысқа ие болса, ал 1982 жылы Мәскеу қаласындағы «Мысль» баспасынан ғалымның «Аль-Фараби» атты кітабы көпшілікке кеңінен танымал болды. Сондай-ақ, белгілі жазушы, қоғам қайраткері Ануар Алимжановтың «Ұстаздың оралуы» атты романы қазақ оқырмандары арасында үлкен резонанс туғызды. Қазіргі таңда жарты ғасырдан астам ел ғалымдарының ізденістері терең тарихқа айналып та үлгерді. Алайда, әл-Фараби мұраларының елімізде тамыр жаюында және аудару мен зерттеу жұмыстарын жүргізуде кеңестік идеологияның көңілінен шығу оңайға тиген жоқ. Сол кездегі фарабитанудың басында тұрған отандық ғалымдардың жанкешті еңбектері мен ғылым алдындағы адалдықтары – олардың бүкіл өмірі мен шығармашылықтарын ғұлама мұраларын зерттеу, насихаттау, әлем кітапханаларынан іздеу жұмыстарына арнағаны айғақ. Осы орайда айтатын нәрсе әлем мұрағаттары мен кітапханаларында сақталған Фараби мұрасын жинап, жүйелеп, зерттеп, ғылым игілігіне, ұлт мүддесіне жаратуды Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев басшылығымен жасалған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде әл-Фарабидің он томдық еңбектерінің жарыққа шығуы үлкен маңызға ие. Қазақстанда Фараби мұрасына деген қызығушылық Фараби ілімін зерттеп, зерделеуге ұмтылған ғалымдардың екінші жаңа толқыны өмірге келді.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігіне қол жеткізіп, Қазақ Ұлттық университетіне 1991 жылы Әбу Насыр әл-Фарабидің есімі берілді. Ал 1993 жылы әл-Фараби ғылыми-зерттеу орталығы ашылды. Орталықты отандық фарабитанудың негізін қалаушылардың бірі профессор А.Х. Қасымжанов басқарды.

Ұлы жерлесіміз, ғұлама ғалым әл-Фараби еңбектері күні бүгінге дейін маңызын жоғалтқан жоқ, мұраларының қазақ даласына қайта оралуы және оның мемлекет басқару жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік-этикалық, саяси, философиялық, діни көзқарастары қазіргі жаһандану аясындағы қоғамымыз үшін өте маңызды. Сөзімізді қорытындылай келе келесі ойды айтқымыз келеді: ұлы адамдардың шығармашылығына зейін салып қарасақ, олар өз заманының перзенті ретінде өздері өмір сүрген дәуірдің айқындаушы бейнесі болып табылады. Қазақ даласы Отырарда дүниеге келіп, түркілік дүниетанымның мүмкіндігін әлемге паш еткен Әбу Насыр әл-Фараби адамзаттың кемелдікке деген үздіксіз ұмтылысын бейнелейді! Батыс пен Шығыстың өркениеттер аралық сұхбаттастық идеалына жақындай түсуіне жағдай жасайды. Әлемдік өркениетте өз орнын ойып алған ұлы жерлесіміз әл-Фараби іліміне қайта оралу, танып білу, ұлт мүддесіне жарату – таусылмас рухани азық, баға жетпес рухани құндылық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Алимжанов А. Возвращение учителя: Роман. – Алматы: «Санат», 2001. – 192 стр.
2. Алтаев Ж. Аль-Фараби – великий мыслитель Востока/ Жакипбек Алтаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 210 с.
3. Алтаев Ж. Әл-Фараби – Шығыстың ұлы ойшылы. Аль-Фараби – великий мыслитель Востока. / Жақыпбек Алтаев. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2020. – 400 бет.
4. Гафуров Б.Г., Қасымжанов А.Х. Ал-Фараби в истории культуры. Москва, «Наука» - 1975. – 184 с.

ӘОЖ / УДК 94 (574)

БӨКЕЙ ОРДАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК- ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ

Ысхақова Д.

М.Өтемісов атындағы БҚУ,

2 курс магистранты

Бөкей хандығы 19 ғасырдың басында, Қазақстан мен Ресейдің байланыстары тығыз бола бастаған кезде пайда болды. Бұл кезеңнің көптеген ерекшеліктері, атап айтқанда: Қазақстандағы патша үкіметінің

саясаты, оны жүзеге асырудың әдістері мен формалары, қазақ қоғамын империя мүдделерінің орбитасына тарту, ең бастысы-қазақ халқы өмірінің әртүрлі салаларында болып жатқан объективті процестер Ішкі Орда тарихына да айтарлықтай әсер етті

Бөкей Ордасының құрылуына XVIII ғасырдың екінші жартысында орын алған қазақ қоғамындағы негізгі үрдістер алғышарт болды. Бөкей хандығы құрылып, дамыған XIX ғасыр жалпы қазақ қоғамы өмірінің күрт өзгерістерге ұшыраған кезеңі. Бұл уақытта қазақтың дәстүрлі көшпелі өмірінің шаруашылық, әлеуметтік-экономикалық, саяси дамуындағы күрделі өзгерістер алдымен, Бөкей хандығының XIX ғасырдағы тарихынан көрініс тапты [1, 9 б.].

1801 жылдың басында Бөкей сұлтан өзінің қарамағындағы руларымен Ресейдің қарамағына кіруге өтініш білдіріп, Еділ мен Жайықтың арасында көшіп қонуға рұқсат сұрады. 1801 жылы 11 наурызда І Павелдің «Председательствующего в Ханском совете киргиз-кайсацкой Малой орды Букея султана сына Нуралы-хана принимаю к Себе охотно, позволяю кочевать там, где пожелают, и в знак моего благоволения назначаю Я ему медаль Золотую с Моим портретом, которую носить на черной ленте» - деген жарлығы шығып, тұңғыш рет қазақтар Жайықтың оң жағалауына орналасуға рұқсат алады [2, 21 б.]. Алғашында Бөкей сұлтанмен бірге Жайық-Еділ аралығына 5000 түтін көшті, 1803 жылы ол 7500-ге жетті. Кейіннен жаңа құрылған Бөкей ордасының шекарасы белгіленді: солтүстігінде - Самара губерниясының Новоузен уезі, оңтүстігінде - бұрынғы канцлер Безбородко және князь Юсуповтың мұрагерлерінің Каспий жағалауындағы саяжайлары болды, батысында Астрахань губерниясының Царевский уезі, шығысында Жайықтың оң жағалауына жетті. Барлығы Бөкей ордасы қазақтарының иелігінде 6 миллион десятина жер болды [3, 95 б.]. Бөкей сұлтанның билігіне: Адай, Алаша, Байбақты, Беріш, Жаппас, Есентемір, Ысық, Қызылқұрт, Кете, Масқар, Ноғай, Жетіру, Таз, Тана, Төлеңгіт, Шеркеш рулары - 5 мың шанырақ отбасы Оралдың ішкі ордасына көшіп келеді. Кейін бұл жерлердің барлығы Ішкі орда немесе Бөкей ордасы деп аталады. 1812 жылы 1 маусымда І Александр Ішкі Орда ханы етіп Бөкей сұлтанды тағайындайды [2, 31 б.].

1801 жылы құрылған Бөкей хандығында ішкі-сыртқы факторлар әсерінен әлеуметтік қатынастар өз дамуының жаңа түріне ене бастады. Хандық халқының көз алдында өзгеріп жатқан ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі қоғамның дәстүрлі белгілерінен қазақтардың бас тартуы өте қиындықпен жүрді. Капиталистік тауар-ақша қатынасының дендеп енуі, жерді тартып алушылық, тағы басқа көріністер шаруашылықта дағдарысты күшейтіп, көшпелілердің тұрмыс деңгейін құлдыратты, нәтижесінде дәстүрлі қоғамдық құрылымды дағдарысқа ұшыратты. Отаршылдық саясаттың экстенсивті көшпелі мал шаруашылығына килігіп, араласуы, хандық қазақтарының әлеуметтік дамуына әсер етті. Хандықтың

әлеуметтік өміріндегі ірі өзгерістер көшпелі мал шаруашылығы дағдарысынан бастау алған. Хандықтағы экстенсивті мал шаруашылығының дағдарысқа ұшырауы ХІХ ғасырдың алғашқы 20 жылында анық көрінді. Сондықтан, қазақ қоғамының барлық саласын қамтитын қатынастар ХІХ ғасырдан бастап өзгеріске ұшыраған. Ресеймен экономикалық-сауда қатынастарының үдеуі, хандық қазақтарының шаруашылық өміріне өзгерістер енгізуі арқылы, дәстүрлі әлеуметтік құрылымы мен құндылығына кері әсерін тигізді [4, 9 б.].

Хандықтың әлеуметтік өміріндегі ірі өзгерістер көшпелі мал шаруашылығы дағдарысынан бастау алған. Хандықтағы экстенсивті мал шаруашылығының дағдарысқа ұшырауы ХІХ ғасырдың алғашқы 20 жылында анық көрінді. Сондықтан, қазақ қоғамының барлық саласын қамтитын қатынастар ХІХ ғасырдан бастап өзгеріске ұшыраған. Ресеймен экономикалық-сауда қатынастарының үдеуі хандық қазақтарының шаруашылық өміріне өзгерістер енгізуі арқылы, дәстүрлі әлеуметтік құрылымы мен құндылығына кері әсерін тигізді. Шаруашылық құрылымының үздіксіз басылымдыққа ие бола бастаған сыртқы факторлар шеңберіне еніп, ықпалына тартылып, бейімделе дамуы прогрессивті құбылысқа айналса да, соның әсерінен әлеуметтік өмір үлкен қиындықпен, қайшылықты өзгере бастады. Хандықтағы қоғамдық топтардың әлеуметтік жіктелісіндегі бұрынғы басымдықтар өзгеріске ұшырап, санының көптігіне байланысты сұлтандар бұрын міндетті түрде сақталып келген артықшылықтарынан, айрықша құқыларынан айырылғандары да болды. Бірақ, бұл өзгерістердің қайшылықты, зардаптары мол, қиындықпен дамуының мәнісі — ол өзгерістер қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының табиғи жолынан тыс, ішкі-сыртқы факторлар әсерінен түбірлі өзгеріске ұшырап, еріксіз дамыды [4, 11 б.].

Алдымен, қазақтың дәстүрлі құқысы бойынша өндіріс құралдарына орныққан қауымдық меншік түрлері өзгеріп, енді жайылымға, су көздеріне жеке иелік түрі басым сипатқа ие болды. Сыртқы факторлар әсерінен шаруашылық құрылымының күрделенуі қоғамдағы өндірістік қатынастарды өзгертіп, әлеуметтік ұйымдасуына әсерін тигізді. Жерге иелік әлеуметтік құрылымының жаңадан пайда болған тобын құраушылардың экономикалық және қоғамдық пайдалы іс-қызмет саласындағы міндеті мен ролін байланыстырып, сабақтастырған жаңа факторға айналды. Хандық аумағындағы табиғи климаттық жағдайдың күрделене бастауынан қысқы жайылымдық жерлердің маңызы артып, жерге иелік, жер қатынасы әлеуметтік өмірде шешуші, айқындаушы роль атқарды. Бұл қоғамның әлеуметтік жіктелісін күрт күшейтті. Малға және жерге жеке иеліктің қалыптасып, орнығуы қазақ қоғамының ақ сүйек және қара сүйек өкілдері қатар қол жеткен жаңа әлеуметтік топ, жік - феодалдар тобын шығарды. Нәтижесінде, табыстың, қанаудың, баюдың жаңа түрлері шықты.

Хандық әлеуметтік өміріндегі өзгеріс - сұлтан, би, старшынға жер үлестіріп, әлеуметтік тірек табуды көздеуден туған. Өте терең ойластырылған бұл әлеуметтік саясаттың жүзеге асырылуы барысында ру басқарушыларының ықпалы әлсіреп, тарих сахнасына шыққан жаңа әлеуметтік топ өкілдерінің ықпалы көтерілді. Бұлар хан саясатын қолдап, жүзеге асырушы топ болды. Бұл топтың қатарындағылар хан енгізген жаңа атақ-дәрежелерді иеленді. Жаңа атақ-дәрежеге ие болушылар түрлі міндеткерлік пен алым-салықтан босатылғандықтан және хан тағайындаған жаңа қызметіне сәйкес белгілі бір өкілдік дәрежесіне байланысты түрлі қосымша табыс, пайда табу мүмкіндігіне ие болды. Әсіресе, жаңа ру басқарушылар, сұлтандар, билер, старшындар қосымша «тархан», «хан биі», «хан қызметкері», т.б. атақтарға ие болып көп жеңілдіктер иеленді [4, 12 б.].

Жәңгір ханның өзіне әлеуметтік тірек табудағы өте ұтымды саясаты-хандық территориясының ықшамдығынан және табиғи-климаттық жағдайдың күрделене түсуінен көпшелі мал шаруашылығының дағдарысын ескеріп, шаруашылыққа өте қолайлы жерлерді жаңа әлеуметтік топ өкілдеріне жеке меншікке беріп, оларды өзіне әлеуметтік тірек етіп топтастыруы.

Хандықтағы қоғамдық іс-қызметтен сандық мөлшері өте көп сұлтандар жиынтығынан жаңа әлеуметтік топ - «сұлтандар руы» қалыптасты. Оның басты ерекшелігі - қарапайым қазақ руларымен ортақ белгілері молая түсті.

Хандықтың XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы экономикалық өмірінде шаруашылық факторлар зор роль атқарып, тіпті ол хандық құрылуында да алдыңғы орында болған. Оның басты себепке айналуы - хандық құрылған «атамакеннің» орталығында Нарын құмдарының қазақтардың XVIII ғасырдағы көшпелі мал шаруашылығы үшін өте маңызды роль атқаруы. Өз дамуында дағдарысқа аяқ басқан көшпелі мал шаруашылығы үшін қатаң сын саналатын қысқы маусымнан өту сыртқы факторлар әсерінен Кіші жүз қазақтарына әбден күрделі мәселеге айналды. Сондықтан, Нарын құмдарының қажеттілігі, маңыздылығы тіпті артты [4, 13 б.].

Көшпелі мал шаруашылығы үшін өте қажетті саналатын, ықтасыны мол Нарын құмдарының мұндай артықшылығын «ата қонысқа» қайтадан тұрақтану арқылы қажетке жарату күн тәртібінде тұрды. Сонымен қатар, Нарын құмдарының географиялық- территориялық орналасуының да Ресеймен шектес болуы да маңыздыға ие болды. Оңтүстіктегі айырбас-сауда орталықтарынан айырылған Кіші жүз рулары осы «атамакен» орталығындағы Нарын құмдарына орнығуы арқылы сауда айырбасын дамытатын болды. Сондықтан, әрқашанда «атамакен» жерлеріне мүмкіндік туса қайта оралуға дайын қазақтарға, соның ішінде Байұлы руларына дәл осы кезде Нарын құмдарының маңызы өте зор еді. Осы жерде құрылған Бөкей хандығының XIX ғасырдағы шаруашылығы дамуы, енді Ресей экономикасымен, шаруашылығымен тығыз қатынаста дамыды және

империяның шикізат шылауына Қазақстан бойынша алғаш айналған аумақ бола бастады.

Хандықтағы шаруашылықтың дамуы барысындағы өзгерістер, кейінен Қазақстанның басқа аумақтары империя құрамына енгесін шаруашылық дамуының жалпы алғанда дәл осындай жолдан өткенін көрсетті. Бұл хандықтың шаруашылық, экономикалық дамуының бағыты, жолы, кезеңдері Қазақстан бойынша алғаш рет Ресей империясы құрамында даму жолын айқындағанын көрсетіп берді.

Хандық қазақтары өзге типтегі және орасан күшті шаруашылық салаларын дамытқан империя ықпалымен алғаш қарсы келді. Хандық халқы сол күштің ықпалымен қарсы қойылған барлық шаруашылық саласындағы өмір қиындықтарына алғаш ұшырады. Соған қарамастан, XIX ғасырдың алғашқы 20 жылында хандық халқы дәстүрлі саналатын көшпелі мал шаруашылығын тұрақты дамытты. Хандықтағы шаруашылық дамуының ерекшелігі сонда - ол өзінің даму эволюциясында XIX ғасырдың алғашқы ширегінде-ақ пайда болған дағдарыс құбылыстарынан шығуға ұмтылып, өзіндік даму жолын, даму динамикасын табуға ұмытылыс жасауы. Нәтижесінде империяның ықпалына тартылған шаруашылық саласы өзінің дамуында өзгеруге тиісті, міндетті кезеңдерінен тез өтті [4, 14 б.].

Хандық құрылғасын, XIX ғасырдың алғашқы 20 жылында халық территорияны кеңінен пайдаланып, шаруашылық экстенсивті дамуының соңғы жетістігіне жетті. Оның сыры 1771-1801 жылдар аралығында «тыныққан» хандық территориясының табиғи жағдайы, жайылыстың молдығына байланысты еді. 1801-1821 жылдарда хандық халқының ал-ауқаты, тұрмыс жағдайы жақсарып, байыды. Хандық экономикасының өскендігінің белгісін мал басы көлеміне байланысты айқындалатынын ескерсек, 1819 жылы хандықтағы мал басы санының өсуі өзінің тарихында шарықтау шегіне өтіп, 5 млн-ға жеткен. Бірақ, хандықтағы шаруашылықтың тұрақты дамуын, экономикалық жетістігін табиғи жағдай мен мол жайылыс анықтамайтын еді. Экстенсивті шаруашылық үшін қажетті басты шарт-жер, жайылыс көлемінің молдығы, хандық билеушілерінің бірден көршілес жерлерді игеріп алуға ұмтылыс көрсетсе, екіншіден, хандықтағы шаруашылық дамуының бірден экстенсивті дами бастағанын, үшіншіден, жалпы мал шаруашылығы үшін қажетті жердің өзінің жетіспеушілігін көрсетті [4, 15 б.].

Алғашқы 20 жылда халық қолындағы мал басы тез қарқынмен өсті. Ірі мал иелері саны көбейді. 1820 жылдан кейін хандықта мал басы көлемінің тұрақты төмендеу құбылысы басталғанына қарамастан жекелеген адамдар қолында 15700 жылқы немесе 10000 бас қойы барлары көптеп кездесті. Мал байлық көзі, дәулет дәрежесін көрсетті.

Бұл алдымен, халық қолында малдың көптен жинақталғанын анықтаса, екіншіден, Қазақстанның басқа аймақтарымен салыстырғанда хандықта қазақ байларының пайда болуы және көбеюі ерте жүзеге асқан.

Бұған бастапқы 20 жылдағы табиғи және саяси-әлеуметтік жағдайлардан туған мүмкіндіктер үлкен оң ықпал жасады.

1806 жылдан соң сыртқы жақтан жасалған түрлі қысымшылық, шектеулерге хандық халқының қарсылығы, қазақтардың хандық жерін мейлінше еркін де, кеңінен қоныстанып, көпшелі шаруашылықты дамыта түскенін көрсетеді. Бұл кезеңде хандық халқы «жаңа жердің» шектеулігін, аймақтың қатаң климаттық-табиғи жағдайы ерекшеліктерімен әлі де толық «түсінісіп», экологиялық тұрғыдан игеріп кетпеген еді. Хандық территориясындағы көпшелі мал шаруашылығы дамуының дағдарысқа тірелгенін, сыртқы территориялық қысымшылықтарға төтеп берудің қиындығын, экономикалық «теңсіздікке» қадам жасала бастағанын алғаш Жәңгір хан да халық өкілдері де сезді. 1824 жылы сұлтан, старшындармен қатар «қадірлі адамдар» бірлесіп, жер пайдаланудың, шаруашылықты дамытудың тиімді үлгісіне көшуді қолдап, қорытынды шығарады [4, 16 б.].

XIX ғасырдың басында хандық халқының шаруашылық және экономикалық дамуының бірқалыпты дамып, өсе түсуі шектес қоныстанушылардың хандық жеріне қызығушылығын, тіпті қызғанышын туғызды. Бұл хандық жерінің «бағасын» көтерді де, нәтижесінде хандыққа тиесілі жерлер үшін тартыс басталып, өршіді. Ешқандай толастамаған жер үшін тартыстардың басталуына Каспий теңізі жағалауындағы жерлерді тегін иеленген помещиктердің балық кәсіпшілігі өнімінің төмендеуіне байланысты, ол жерлерді басқаларға жалға көптеп беруі тікелей әсер етті. Халыққа тиесілі жерлерді иеленіп алған помещиктер арендатор болып, қосымша табыс көзіне айналдырып, қазақтар шаруашылығына зор нұқсан келтіруді бастады. Хандықтың солтүстігінде кордон шебінің тартылуы Орал казак-орыстарының да келіп орнығуына, жер үшін тартыстың ушығуына әкелді. Орал казактары да қосымша табыс табуға құлшына ұмтылды. Жердің қазақтардың мал шаруашылығы үшін қажет екендігін көріп, әрі ол жердің қазына меншігіне жататындығын пайдаланып, ол жерлерді қазақтардан жырымдап алып қалуға, сол алған жерлерін жалға беріп, қосымша табыс көзіне айналдыруға тырысты. Хандық қазақтарының шаруашылығына үлкен кері әсері тигені, әрі бұл құбылыстың ұзақ басымдыққа ие бола бастағанын бірден сезіп, алдын ала шараларын жасауға ұмытылған Бөкей хан болды. Бастапқыда ол қоныстандыруды белгілі бір халықтық дәстүрлерді басшылыққа алып, көшкенде өзін қолдаған руларды өздерінің «атақоныстарына» орнықтыру принциптерін басшылыққа алды. Осындай белгілі бір артықшылықтар беріліп, соған баса көңіл бөліп, үміт артса, қоныстану, орнығу мәселесі шешілсе де, енді мұның да уақыт талабына және жаңа жағдайға сәйкес келмейтіні бірден байқалады. Сондықтан, түпкілікті орнығып, шаруашылықты тиімді жүргізудің бағыттарын айқындап, дамытуға күш салынды. Үй, ықтасыны бар мал қораларын салып, мал азығын дайындауды жүзеге асыру басталып, шаруашылықтың маңызды, перспективалы салаларының негізі берік қаланды [4, 17 б.].

XIX ғасырдың 20 жылдарында-ақ шаруашылықтың экстенсивті әдістерін басқа түріне ауысу қажеттігін хандықтағы сұлтан, старшын және билер анық сезінді. Олар 1824 және 1827 жылы екі дүркін кеңес-жиын өткізіп, жерді пайдаланудың тиімді әдістеріне көшуді қолдайды. Хандықта бұрынғыдай жер иелену түрінің өзгеріске ұшырауына қосымша алғышарттар жасалады. Бірақ, мұның алғышарттары Бөкей хан тұсында-ақ тұрақты үйлердің салынып, мол жерлерде меншіктік көзқарас пен құқының айқындала түсуінен басталған. Шаруашылықты дамыту бағытындағы өте маңызды бастама, бағыттардың таңдалып, қадамдар жасалуын таңдауға халық өкілдерінің де қатысқаны көрінеді. Бұл қиындықтардан шығу жолдарының бастапқы 28 жылдай уақытта өзара үйлесімді, түсіністікпен қолдау тапқан шаралар ауқымында жүргенін айғақтайды. Бірақ, көшіп-қону жолдарының әбден тарылуы, жерге тартыстың одан әрі ушығуы және бұл мәселенің шешілмес түйінге айналуы, жерді иелену түрлерінің өзгеріске ұшырау мүмкіндігінің жоғарылығы, бейімділігі басым сипатқа ие болып, жерді жеке иелікке беру қажеттілігін айқындай түсті және шешуші қадамдарға итермеледі [5, 18 б.].

Жәңгір XIX ғасырдың алғашқы 20 жылындағы шаруашылықтың даму бағытын және зор жетістігін көрді. Халық саны өсті, мал басы көлемі орасан көп мөлшерде көбейді. Бірақ, шаруашылықты экстенсивті әдіспен дамыту мүмкіндігінің жойылғандығын ол анық ұғынады. Сондықтан, ол шаруашылықтың құрылымына, даму бағытына өзгерістер жасап, жетістікті сақтауға ұмтылды. Ол шаруашылық құрылымындағы өзгерісті жайылымдық жерлердің басым көпшілігін жеке шаруашылықтарға беріп, қолдау, көрсету арқылы күшейте отырып, хандықтағы жалпы шаруашылық дамуының жетістігін төмендетпеуге тырысты. Бұл жеке иелікке жер алған шаруашылықтар жаңа құрылым жағдайында жетекші орынға ие болды. Жартылай көпшелілік пен егіншіліктің кеңеюіне үлгі болып, шаруашылық дамуының сенімділігіне негіз қалады. Бұл жалпы хандықтағы шаруашылықтың даму бағытын, болашағын айқындау еді.

Ресеймен шаруашылық экономикалық қатынастардың кеңеюіне сәйкес шаруашылық дамуының жалпы талабы да өзгерді. Сауда қатынастарының дамуы, жәрмеңкелер ашылуы осы талаптардан туындайды. Жаңа жағдайға, талапқа шаруашылық мүдделеріне үйлестіре жүргізуді де жеке жер иелері икемділік таныпты. Сонымен қатар, бұл жалпы хандық қазақтарының шаруашылық құрылымын жетілдіре түсті.

Жерді жеке иелікке беруде бірнеше мақсаттар көзделген. Алдымен, малы көп, жер өндеуге мүмкіндігі бар, экономикалық қуаты мол сұлтан, старшын, билер жерлерге ие болды. Бұлардың жаңа жағдайдағы өзгерістерге, өтпелі кезең қиындықтарына төтеп беретіндігі, хандықтың экономикалық қуатын сақтап- қалатындығы, шаруашылықты жаңа әдістер тұрғысынан дамытуға үлгі болатындығы ескерілді. Екіншіден, ең бастысы хандықтың осы шеткері іргелес жерлерін жеке иелікке беріп, ол жерлерге «байларды» тұрақтандыру арқылы хандық жерінің тұтастығын сақтап,

шекарасын бекіндіру көзделді. Бұл мақсат өте өміршең, әрі стратегиялық тұрғыдан дұрыс таңдалған экономикалық саясат болды [5, 19 б.].

Сонымен қатар, жерді иелікке алғандар қатарында экономикалық қуаты әлсіз сұлтандардың болуы, ханның өзіне әлеуметтік тірек табуға ұмытылысынан туындады. Сұлтандардың көпшілігіне жерді жеке иелікке беру арқылы қосымша табыс көзін ашу, бұқараға көп зардаптарын тигізді, бірақ ол хандықтың, сонымен қатар, жалпы қазақтың жер тұтастығын сақтау мәселесінде маңызды роль атқарды.

Нарын құмдарының тек қана қазақтың көшпелі мал шаруашылығы үшін жарамдылығы мен қажеттілігі де XVIII ғасырда-ақ айқындалады. XIX ғасырдың басында құрылған хандық қазақтарының шаруашылық өмірінің тарихы осы Нарын құмдарының табиғи жағдайына тікелей байланыста, тіпті тәуелділікте дамыды.

Жайық бойына XVI ғасырдың соңында-ақ қазақтардың, XVIII ғасырдан қалмақтардың келіп, қоныстана бастауы, бұл аумақтың этникалық тұрғыдан күрделенуіне, территориясының саяси-әкімшілік тұрғыдан бөлшектенуіне әкеліп, Кіші жүз қазақтарының өз жерінде тұрақанып, қалыпты өмір сүруіне тек қана кері әсерін тигізген құбылыстар түпкілікті басым сипатқа ие болды. Осы орныққан құбылыстарды өте зор, орасан күш жұмсау арқылы Бөкей бастаған Байұлы рулары біртіндеп ретке келтіріп, жөнге салды. Автохтонды этностың өлкеде қайтадан түпкілікті тұрақтануын жүзеге асырды. Бірақ, Жайықтың баты- сының Ресей империясының құрамына еніп, «қазына жеріне» айналып кетуі, Бөкей хандығының саяси-экономикалық, шаруашылық өміріне отаршылдықтың зор әсерін тигізді [5, 20 б.].

Бөкейдің тұсында халықты мүмкіндігінше сендіріп, Жәңгірдің тұсында «алдап», «күштеп» ұстап, Жайықтан шығысқа жібермей қоныстандырып, тұрақтандыруы әрбір қазаққа, оның отбасына үлкен зардабын тигізсе де, саяси-әкімшілік тұрғыдан автономия дәрежесінде өмір сүрді. Хандықты билеген хандардың еңбегі сонда, сол территория сол халқымен Қазақстанға қайта қосылды.

Хандық жерінде сауда бірден қызу дамыды. Кең көлемде жүрді. XIX ғасырдың алғашқы жартысында хиуалық саудагерлер хандықтағы сауданың дамуында өз орнын сақтап қалды. Бастапқыда Еділдің төменгі ағысына жақын орналасқан Байдақ, Ақ Мешіт елді мекендерінде сауда айырбасы ұйымдастырылса, біртіндеп хандық жерінің шектес аумақтарының бәрінде сауда- айырбас орындары пайда болып, XIX ғасырдың 20-шы жылдарында сауда орындары хандық жерінде көптеп ашылды.

Хандық жеріндегі саудада мал мен оның шикізатын «алыпсатарға» да, өсімқор саудагерден несиеге тауар сатып алу да зауыт-фабрика өнімдеріне қолындағы мал мен оның шикізатын айырбас жасаған натуральды айырбас та қатар дамыды. Ақша эквиваленті жетіспеушілігінен шыққан мұндай сауда жасау түрлері XIX ғасырдың

екінші ширегінде хандықта кеңінен орын алып, тауар-ақша қатынасының дамуындағы өтпелі кезеңді қамтиды. Ақша эквивалентінің жетіспеушілігі және айырбас сауданың болуы отаршылдық сауданың үстемдігін айқындап тұрды. Бірақ, мұның кемшілігін жоюда маусымдық жәрменкелердің және тұрақгы сауда түрлерінің дамуы зор көмегін тигізді. Қазақтардың тек сауда жасау мүмкіндігіне, жергілікті өнім түрлерін саттыққа шығаруына, ішкі қажеттілікті өтейтін қолөнер т.б. бұйым түрлерін жасап, өндіруіне және шығаруға әкелді. Бірақ, киіз үй бөлшектері және оған қажетті материалдар, пішен, т.б. тек қана хандықтың ішкі айналымдағы қажеттілікті өтеуге бағытталады. Соған қарамастан, жәрменкелердің қызмет жасаған кезеңінде келген адамдарға түрлі қызмет шараларын жасау үшін зор мүмкіндіктер ашуы, қазақтардың жаңа кәсіп түрлерін игеруіне итермеледі [4, 21 б.].

Хандықтағы жер қатынасындағы ерекшеліктерің бірі - маусымдық жайылымдардың пайдалануы. Қазақстанның басқа аумақтарымен салыстырғанда хандықта жер көлемі шағын болғандықтан кезекті маусымдық пайдалануына қарай бос қалып «иесіздікке» ұшырайтын жайылыстар болмады. Қысқы жайылыс «тебіндіктің» де жазда бос қалып, «тыныстайтын» мүмкіндігі жоқ болды.

Кезекті пайдаланылуында бос қалатын өте көлемді маусымдық жайлыстарға байланысты туындайтын «меншік» мәселесі мұндағы жер қатынастарында соншалықты өзекті емес. Үнемі бос болмайтын жайылымдық жерге түскен үздіксіз салмақтар жердің жетіспеушілігінен туындап, жерді «жеке иелікке» беру мәселесін күн тәртібіне шығарады. Жердің жеке иелікке берілуінің маңызды мәнісі сонда - «қазына жері» аталып, Ресейге қарап кеткен жерін сол қазақтың жеке иелігіне беріп, хандық жеріне талап қоюшыларға шектеу қойылды, алдымен хандық жерінің, сол арқылы қазақ жерінің тұтастығын хан сақтап қалды.

Мал азығының дайындалуы, егіншіліктің дамуы, шабындығы немесе топырағы құнарлы жерлерді иеленуге итермеледі. Бұл ру (бөлімдерінің) арасында жер үшін тартыс туғызатын еді. Шекаралық аумақтағы мұндай тартысты жерлердің жекеге берілуі — осы тартыстар салдарынан жердей айырылып қалу қауіпін жойды. Ал хандықтың ішкі аумағынан жекеге жер беру міндетті түрде әлеуметтік қайшылыққа әкеліп отырған. Хандықта 2 млн. десятина жердің жеке иелікке берілгеніне қарамастан, XIX ғасырда әлі де қауымдық, рулық жер қатынастары үстем болып қала берді [1, 22 б.].

Жартылай көшпелі шаруашылықтың XIX ғасырдың екінші ширегінде орнығуы хандықта сауданың дамуынан да көрінді. Келген адамдарды тынықтыратын киіз үйлерді жасақтап, жалға беріп табыс табу, малды бағып, күту, сумен қамту, тағы басқа қызмет түрлерін ұйымдастыратын, табыс көзін тапқан қазақтар да шыға бастады. Жәрменкенің ашылуы - қазақтардың шаруашылық өміріне үлкен қозғалыс әкелген қозғаушы күш болды.

XIX ғасырдың алғашқы жартысынан бастап мал басы құрамын өзгертуге талпыныстар жасалған. Хандықта жер көлемінің аздығы, шабындықтың жетіспеушілігі, мал азығының жеткілікті дайындалмауы себептеріне байланысты ол жүзеге аспайды. Соның ішінде мүйізді ірі қараны көбейту кешеуілдейді. Бірақ, ғасырдың екінші ширегінен бастап хандықта түйенің көлемді мөлшері тұрақты сақталған. Бұл сауда қатынастарында, тұз, балық кәсіпшіліктеріндегі тасымал қатынасында түйенің үлкен роль атқаруымен байланыстырамыз. Сонымен қатар, түйе Ресейдің саяси-әскери, соғыс-экспедициялық саясатын жүзеге асыруда хандықта үлкен сұранысқа ие болуымен және хандықтың өз ішінде қазақтардың күнделікті өмірінде жалдамалы жүк тасымалын жүзеге асыратын көлік малы ретінде де қосымша табыс көзіне айналды. Жылқының жақсы түрлерін талапқа сай өсіріп, халықтың көзін қосымша табыс түріне жеткізуің хандықта тұрақты мектебі қалыптасқан. Бұл саладағы қазақ өкілдерінің қызметі өзінің дамуында өзгермелі кезеңдерін ғасыр бойы бастан кешкен [6, 23 б.].

Хандық билеушілерінің XIX алғашқы жартысында көп жерді иелікке беруі, Орал казактарының Қос өзен бойындағы бірқатар жерлерге ие болуы жер қатынастарында жағдайды шиеленістіріп, қауымдық-рулық жер иеленуге үлкен соққы берді. Мал басы мен адам санының одан әрі өсуі, жердің тең дәрежеде бөлінбеуі, жайылым сапасының төмендеуі, ауылдарда әлеуметтік жіктелісті тереңдетіп, қоғамдық еңбек бөлінісінде басқа кәсіп түрлерін меңгерушілер мен хандыққа шектес жерлердегі кәсіпшіліктерге жұмыс іздеп кетушілер көбейді. Бұл құбылыс XIX ғасырдың екінші жартысында одан әрі әбден тереңдеді және жер жалдап кетушілер де көбейді. Ғасыр соңына қарай казактармен және орыс шаруаларымен шаруашылық саласындағы қатынастың тереңдей тусуіне байланысты жер өндеуді, егіншілік дамыта түседі. Бірақ, хандықтың тек қана солтүстік аумағында ғана Талов, Қамыс-Самар бөлімдерінде егіншілік дамыған және ол ішкі қажеттілікті өтеуден аспаған.

Жоғарыда атап көрсетілгендей, мал басы құрамын маңыздылығына және жағдайға сәйкес қажеттілігіне қарай жіктесек, енді соның әсерінен мал басы көлемі де өзгереді, оны жайылымдық көлемінің қысқаруымен түсіндіреміз. Түйе мен мүйізді ірі қара саны көбейеді, ал жылқы мен ұсақ малдың көлемі төмендеп, бұл кезде жартылай көшпелілік әбден орнығады. Осыған байланысты шаруашылық дамуының әлеуметтік-экономикалық зардаптары күшейе түсті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Рысбеков Т.З. Бөкейорда тарихы. Орал, 2001.- 196 бет
2. Зиманов С.З. Россия и Букеевское ханство. – Алма-Ата: Наука, 1982. -171 с.

3. kazneb.kz/bookView/view/?brId=1016605&lang=ru Пайдаланған
уақыты: 15.09.2020

4. Рысбеков Т.З. Таңдамалы шығармалар. / Өскен өлке тарихы. /5 томдық, — Орал: Полиграфсервис. — 2017.Т.1.-332 б.

5. Рысбеков Т.З. Таңдамалы шығармалар. / Нарын құмы - тарихтың шежіресі., 5 томдық. — Орал, Полиграфсервис, — 2017.

6. Бірімжаров Б.Қ. Бөкей Ордасы: монография - Орал: Полиграфсервис баспасы, 2017. -220 б.

МАЗМҰНЫ

Билялова Г.Т

Оқу-тәрбие процесінде Әл-Фарабидің тәлім-тәрбиелік идеяларын насихаттау.....3

Сұлтан А.Б.

Батыс Қазақстандағы мәдени-ағарту мекемелерінің қызметінің тарихы (1965 – 1980 жж.).....5

Амангелдиев М.Б.

Батыс Қазақстандағы оқу-ағарту саласындағы отаршылдық саясат.....10

Жайланов А.С

Ізгілікті мұрат еткен Әл-Фараби.....13

Курумбаева А.Ш.

Берлі ауылының тарихы мен Баймұхамед сұлтанды байланыстыратын не?.....17

Ильясов А.Ж.

Айбынды ұлық ұлыс-Алтын Орда-қазақ ұлты тарихының қайнар көзі һәм дәуірлер тоғысындағы Асан қайғы Сәбитұлы23

Жарасова А. К.

Жәнібек отты жылдарда.....29

Алабасов К.Х.

Батыс Қазақстан халқының этноәлеуметтік құрамы өзгеруінің тарихнамасы.....37

Жайлан Г.С.

Батырға деген құрмет, елге деген құрмет!42

Усманова А.К.

Әулет қазынасы.....46

Түлегенова А.А.

Ер есімі – ел есінде53

Алхамова Л.К.

Алаш философиясының негізгі идеялары.....56

Журасова Б.Ш.

Зиялы қауым өкілдерінің идеялары59

Байбулсинова А.С., Залмұқанова А.

Алма Оразбаева туралы деректер.....62

Окасова А.

Құқық саласының майталманы, генерал - А.Е.Жаманбаев.....70

Мухангалиева Г.К.

Жақсының аты өшпейді.....76

Сатдыкова Н.Н

Шәңгерейдің қазақ мәдениетінің дамуына қосқан үлесі79

Ерсаев М.Б.

Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің қалыптасу тарихы.....83

Байбулсинова А.С., Нұржанов А.Е.	
Көнеккеткен ауылы қорымындағы құлпытастар.....	85
Балықова А.М., Оразбаева Л.	
Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Орал қаласының демографиялық келбеті.....	90
Ибатова А.	
Орталық Азия аумағындағы Ресейдің саяси-экономикалық мүддесі.....	95
Мырзабекова А.М.	
Мұхаммед Хайдар Дулати еңбегінің түркі халықтары тарихындағы маңызы.....	99
Макулова Р.К.	
Основные аспекты языковой политики Независимого Казахстана.....	102
Кужалиева В.М.	
Достижения Казахстана за годы Независимости.....	108
Зулпқарова Т.Н. Ғабдолғазиз Мұсағалиевтің қызмет жолы және қазақ баспасөзіндегі рөлі	111
Ихсанова А.Б.	
Әл-Фараби мұрасының қазақ даласына қайта оралуы.....	115
Ысхақова Д.	
Бөкей Ордасының құрылуы және әлеуметтік-экономикалық дамуы.....	118

**«ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН: ТАРИХИ ТӘЖІРІБЕ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫ»**

атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы

11 желтоқсан 2020 жыл

Сборник республиканской научно-практической конференции
**«НЕЗАВИСИМЫЙ КАЗАХСТАН: ИСТОРИЧЕСКИЙ ОПЫТ
И РАЗВИТИЕ НАУКИ»**

11 декабря 2020 год

Ғылыми редактор:

Кужалиева Р.Р.

Компьютерде беттеген және дизайн:

Кужалиева В.М.

Техникалық редакторлар:

Сахметова С.К.

Көлемі 8,2 б.т. Таралымы 500 дана. Офсет қағазы. Тапсырыс № 117
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің редакциялық
баспа орталығы.

Орал қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 162